

Ә. НҰРМАҒАМБЕТОВ

Қазақ
сөздерінің,
грамматикасы



ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ
Тіл білімі институты

ӘБІЛБЕК НҰРМАҒАМБЕТОВ

ҚАЗАҚ
ГОВОРЛАРЫНЫҢ
ГРАММАТИКАСЫ



Қазақ ССР-інің «ҒЫЛЫМ» баспасы

АЛМАТЫ · 1986

Әбілбек Нұрмағамбетов. Қазақ говорларының грамматикасы. — Алматы: Ғылым, 1986 — 112 б.

Кітап қазақ тілі говорларында кездесетін грамматикалық ерекшеліктерді сипаттауға арналған.

Әсіресе, бұл күндерде зерттеу нәтижесінде анықталған, қазақ тілінің шығыс және батыс диалектілері, әлі жете зерттелмесе де, Қазақстанның орталық, солтүстік аудандарын мекендеген қазақтар тілінде ұшырасатын азын-аулақ тілдік ерекшеліктер төңірегінде әңгіме қозғалады. Сондай-ақ қазақ диалектілерінің іштей бөлінуі, дәлірек айтқанда, әр диалектіні құрайтын говорлар жеке-дара, ажыратыла көрсетіледі.

Еңбекте сонымен бірге әрбір диалект құрамына кіретін говорлардың басын біріктіретін ортақ грамматикалық ерекшеліктер де еске алынды.

Кітап жоғары оқу орындарының студенттеріне, аспиранттар мен ғылыми қызметкерлерге, тілімізде кездесетін ерекшеліктерге назар аударушы басқа да оқырмандарға арналған.

Жауапты редакторы:

**Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі
М. Б. БАЛАҚАЕВ**

А Л Ғ Ы С Ө З

Соңғы 20 жыл ішінде жүргізілген диалектологиялық зерттеу нәтижесінде «Қазақ тілі говорларының шығыс тобы» (1970 ж.), «Қазақ тілі говорларының батыс тобы» (1975 ж.) атты монографиялық еңбектер жазылып, екі докторлық диссертация қорғалды. Бұлардан басқа 80-жылдың аяғында Қазақстанның оңтүстік аймағын мекендейтін қазақтар тіліндегі ерекшеліктерді зерттеу жұмысы аяқталып, оның қорытындысы — «Қазақ тілінің оңтүстік говорлар тобы» (О. Нақысбеков, «Ғылым» баспасы, Алматы, 1982) деген кітапта көрінген.

Кітаптың II тарауында Қазақстанның орталық және солтүстік облыстарындағы қазақтар тілінде кездесетін жергілікті грамматикалық ерекшеліктерге де көңіл аударылды. Әрине, мұнда біз, ерекшеліктердің грамматикалық сипатын говорларға меншіктеу мүмкіндігін пайдалана алмадық. Өйткені бұл территория тұрғындарының тілінен деректер жинау ойдым-ойдым, ат үсті жүргізілді. Бұған қарамастан қолда бар азын-аулақ тілдік деректерге сүйене отырып, тиісті сипатын бердік. Соңғы бесжылдық көрсетілген өлке тұрғындары тілінен деректер жинауға арналған болатын. Оның нәтижесін ұсыну — алдағы міндеттердің бірі болмақ.

Қорыта айтқанда, бұл кітаптан қазақ тілінде қазір анықталып отырған төрт диалектінің әрқайсысының құрамына кіретін говорлардың грамматикалық сипатынан мәлімет алуға болады.

Бұл жерде оқырмандар есіне салатын бір нәрсе — Қазақстанның орталық және солтүстік облыстарындағы қазақтар тілінде кездесетін грамматикалық ерекшеліктерді қазақ тілінің басқа диалектілеріндегідей іштей говорларға бөле көрсету жағынан мүмкіндік болмады. Оның басты себебі—біріншіден, бұл өңір тіл ерекшелігі арнайы зерттеу объектісі болмауынан деп түсінген жөн; екіншіден, кезінде біршама тіл мамандары, оның ішінде диалектологтар да бар, бұл аймақты мекендеуші қазақтар тілінде әдеби тілден ауытқырлықтай, бөле көрсетерліктей, тіл ерекшеліктері бола қоюы да екіталай деген ойда болған. Шындап келгенде, осы кітап ішіндегі кейбір жолдар растайтын да сияқты. Бұған, орталық-солтүстік диалектісі туралы жазылған жолдарды оқыған кездерде көз жеткізу қиын емес. Қалай болған күнде де ақиқаттыққа жету үшін, өлке тұрғындарының тілін түбегейлі зерттей түсудің артық емес екендігін еске ұстаған да дұрыс.

I т а р а у

ҚАЗАҚ ТІЛІ ГОВОРЛАРЫНДАҒЫ ГРАММАТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРДІң ЖАЛПЫ СИПАТЫ

Қазақ тілі говорларынан осы кезге дейін жиналған деректерді сұрыптап, саралай келгенде лексикадан кейінгі көлемдісі — грамматикалық ерекшеліктер. Тіл біліміндегі дәстүр бойынша, қазақ тілі говорларының грамматикасын екі салаға — сөздердің құрылысы, олардың өзгеруін зерттейтін морфология және сөздердің сөйлемде тіркесу заңдылықтарын қарастыратын синтаксиске бөле қарасақ, бұлардың алғашқысы соңғысынан әлде қайда көп кездеседі. Сөйтіп говорлар грамматикасын да морфология және синтаксис көлемінде қарауға тура келеді.

Көлемі шағын кітапта қазақ тілінің қазіргі говорларында ұшырасатын көптеген грамматикалық құбылыстарды жан-жақты әрі терең түрде талдап көрсету мүмкін емес. Алға қойылған міндет — қазақ тілі говорларының грамматикалық ерекшеліктерінің басты түрлерін көрсету арқылы, олардың жалпы сипатын аңғарту болмақ.

Қазақ тілі говорларында кездесетін морфологиялық құбылыстарды үлкен екі топқа айыра қарау — олардың сипатын анықтай түсуге жеңілдік тудырады. Бұл екі топтың бірі — күрделі сөздер (біріккен сөздер, көп сөздер және т. б.), екіншісі — жалаң сөздер немесе сол сөздердің жеке басының қасиеті және өздеріне тән қосымшаларына қарай топтастырылудан туатын сөз таптары.

МОРФОЛОГИЯ

1. Күрделі сөздер

Қазақ говорларындағы күрделі сөздер ішінде өте көп ұшырасатыны қос сөздер. Алайда, қос сөздердей мол мөлшерді қамтымаса да, біріккен сөздердің алатын орнын елемеуге болмайды. Енді, қазақ говорларындағы біріккен сөздердің кейбірін баяндап көрейік:

Біріккен сөздер. Қазақ говорларындағы біріккен сөздердің басым көбі күнделікті қолданылып жүрген байырғы сөздердің тіркесуінен пайда болған. Кейде бірлі-жарым жүйесі басқа тілдерден енген сөздер арқылы жасалған біріккен сөздер де ұшырасып отырады.

Алтыаяқ — киіз үйдің кіші түрі. Оны шаңыраққа уықты шаншу арқылы тұрғызады. *Қыста да қазақ алтыаяқ үйде отыра беретін* (Жамб., Шу) ¹.

Асжаулық — дастарқан. *Асжаулық үстінде сыпайы болу керек.* (Шығ. Қаз., Больш.) ².

Атсоғар — қамшы. (Сем., Аб., Шұб.) ³.

Байтесе — екі қолмен ұстап тұрып ағаш шабатын шот. *Чылғи болмағаннан кейін байтесемен шапқан екен* (Жамб., Шу). Бұл ауданда осы «бай» сөзінің жәрдеммен қалыптасқан «бәйтемір» деген де құрал аты кездеседі. Осы сөздердегі «бай», «бәй» сынарлары тіліміздегі «байлық» сөзінің синонимі емес. Кейбір түркі тілдерінде «бай» сөзі «үлкен» деген мағынаны береді. Осы арқылы жасалған тілімізде «бәйбіше», «бәйшешек», «бәйтерек» т. б. сөздер барлығын ескертпекпіз.

Десорамал — қол орамал. *Десорамал жуылды* (Шымк., Арыс) ⁴. Бұл сөздің алғашқы сыңары тәжік тілінен ауысып алынған.

¹ *Нақысбеков О.* Шу говорының кейбір лексикалық ерекшеліктері. — Кітапта: Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері. Алматы, 1960, 3-шығуы, 125—160-б.

² *Болатов Ж.* Шығыс Қазақстан облысы, Большенарым селолық ауданында тұратын қазақтар тіліндегі жергілікті ерекшеліктер туралы. — Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері. Алматы, 1963, 5-шығуы, 177—230-б.

³ *Болатов Ж.* Семей облысының Абай, Шұбартау аудандарында тұратын қазақтар тіліндегі жергілікті ерекшеліктер туралы. — Сонда, 1960, 2-шығуы, 122—166-б.

⁴ *Досқараев Ж.* Арыс говорының лексикалық ерекшеліктері. — Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері. Алматы, 1960, 3-шығуы, 23—53-б.

Ешкіқұйрық — сәбіз. *Ешкіқұйрықты біз шашпаймыз* (екпейміз мағынасында). (Орын., Ад. Бөр.)⁵.

Жарықбас — ойлы, шұңқыр жер. *Қарайтлықке баратын жолдың жарықбасы көп* (Көкш., Шуч., Еңб.)⁶.

Жылқауыз — тістеуік. (Сем., Көкп.)⁷.

Келімдәрі — қызыл бұрыштың үгілмей, тұтас тұрған қалпы. *Келімдәріні дүңгендер көп егеді* (Жамб., Шу). «Келімдәрі» кейде «керімдәрі» тұлғасында да қолданылады. *Бұрын біз керімдәріні ұйғырлардан алатын едік* (Алм., Ұзын.)⁸. Аталған сөздегі «келімнің» мағынасын ашып айту қиын. Алайда, біріккен сөз екендігіне күмән жоқ.

Кемпірауыз — шеге суыратын құрал. *Кемпірауызбен тартқанда тегі қандай нәрсені болса да жулып аласың!* (Алм., Ұзын.).

Кереңқұлақ — саңырауқұлақ. *Кереңқұлақты Иван тұздап, тамақ ретінде жейді* (Алм., Ұзын.). Бұл жерде «құлақ» сөзі «саңырау» сөзінің синонимі «кереңмен» бірігіп тұр.

Қансарсу — ревматизм. *Ол кісі салқын тиіп, қансарсу болған* (Орын., Ад., Бөр.). Мұнда біз үш сөзден біріккен тұлғаны көреміз.

Қозықұйрық — саңырауқұлақ. *Қозықұйрық жалпақ боп, түріліп шығады* (Шымк., Арыс).

Қойқосақ — кемпіркосақ. *Күн қойқосақ болды* (Шымк. Арыс).

Ескерту. Бұдан былайғы жерде әлденеше рет қайталанатын біртектес (Жамб., Шу; Шығ. Қаз., Больш., Сем., Аб. Шұб., Шымк., Арыс және т. б. сияқты) сілтемелердің тек алғашқыларына ғана толық нұсқаймыз. Сәйкес қысқартулардың қалғандары да сол толық нұсқалған деректерден алынған.

⁵ *Нақысбеков О.* Орынбор облысының Адамов, Бөрте аудандарында тұратын қазақтардың тіліндегі кейбір жергілікті ерекшеліктер. — Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері. Алматы, 1962, 4-шығуы, 104—130-б.

⁶ *Сарыбаев Ш.* Көкшетау облысы Шучинск, Еңбекшілдер аудандарында тұратын қазақтардың тіліндегі кейбір лексикалық ерекшеліктер. — Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері. Алматы, 1960, 3-шығуы, 54—71-б.

⁷ *Болатов Ж.* Семей облысы Көкпекті, Ақсуат аудандарында тұратын қазақтардың тіліндегі кейбір диалектілік ерекшеліктер туралы. — Қазақ тілі тарихы..., 72—113-б.

⁸ *Болатов Ж.* Ұзынағаш экспедициясының материалдарынан. — Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері. Алматы, 1958, 1-шығуы, 163—181-б.

Қорағаш — бақан тәрізді ұзын ағаш, оны қару есебінде де тұтынады. *Кеше түскен жас келіншек түйені қорағашпен ұрып жүр.* (Түрікм., Ашх.)⁹. ...*белдеуде қыстырулы тұрған қорағашты алды да: — шық үйіңнен, Сапақ, — деді ақырып...* (Ғ. Сланов, Дөң ас., 241-б.). Екі түбірден пайда болған бұл сөздің алғашқы сыңары — «қор» кейбір түркі тілдерінде (мешер тілінде) «күрә» тұлғасында қолданылып «сырық» мағынасын береді. Сонда біріккен сөздің әдеби тіліміздегі баламасы «Сырық ағаш» болмақ.

Нашарпес//нашарпас — нашар (слабый, ничего не стоящий) (Жамбыл, Сарсу)¹⁰. С. Омарбеков осы сөздің құрамындағы *-пес//-пас*-ты жұрнақ деп ұғынып, әдеби тілде өте сирек кездесетіндігін айтады. Біздің ойымызша, сөздің екінші сыңарының төркіні иран тілі. Осы тілден ол түрікмен, қарақалпақ, өзбек тілдеріне еніп, «төмен», «нашар» мағыналарын береді. Қазақ говорларында осындай жолмен жасалған біріккен сөздердің баршылығын кейінгі жолдардан көруге болады. Мына біріккен сөзіміз «нашар-нашар» немесе «өте нашар» мағынасын нығарлап, анықтай түсіп тұр.

Паяпыл — адам өту үшін, арық үстіне көлденең салынған тақтай не жуан бөрене (Түрікм., Таш.). Түрікмен, қарақалпақ тілдерінде де жиі қолданылады. Негізі иранның *пай*—аяқ, *пил*—көпір деген мағынадағы сөздерінен құралған, әдеби тілдегі мағынасын анықтасақ «аяқкөпір» тіркесі шығады.

Шишақпақ — сіренке (Семей, Көкп.). Біріккен сөздің бұл түрі Шу говорында «чичақпақ» тұлғасында көрінеді. *Чичақпағыңды әпкел, балам* (Жамбыл, Шу).

Чыжмыж — ас үй, ауыз үй. *Айнагул асты чыжмыж да әгірлеп жатыр* (Қоша.)¹¹.

⁹ Нұрмағамбетов Ә. Түрікменстандағы қазақ говоруы: Кандидаттық диссертацияның қолжазбасы. Алматы, 1965, 1-т., 3—190-б. (Түрікменстаннан келтірілген лексикаға байланысты мысалдардың бәрі осы томнан алынды).

¹⁰ Омарбеков С. Из наблюдений над языком казахов Сарсуского района. — Жинақ: Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері. Алматы, 1963, 5-шығы, 231—240-б.

¹¹ Болатов Ж. Қошағаш қазақтарының тіліндегі жергілікті ерекшеліктер. — Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері. Алматы, 1962, 4-шығы, 53—103-б.

Говорлардағы біріккен сөздер тіпті еліктеуіш қос сөздерден де жасалатындығын көріп отырмыз.

Кіріккен сөздер. Тіліміздің говорларында кіріккен сөздер мөлшері де аз емес. Біріккен сөздерден бұлардың айырмасы — көбіне түркі тілдеріне ортақ немесе жүйесі басқа тілдерден енген сөздерден дыбыстың тұлғаларын өзгертпін, танымастай қалыпқа келіп, кіріге байланысқан. Ішінара қазақ тілінің байырғы сөздерінен қалыптасқан кіріккен сөздер де кездеспейді емес. Мысал ретінде бірнешеуін атап өтейік.

Ажылыңқара — етік. *А жы лы ң қ а р а жұмысқа жақсы ғой* (Монғ. қаз.)¹². Зерттеушінің көрсетуінше, бұл сөз монғолдың *ажлың* + *хар* сөздерінің кірігуінен пайда болған.

Ақкеріш — известь, әк. *Үйді ағартып алайық деп едік, соған ақ керіш керек болып тұр* (Сем., Көкп.). Қостанай облысының Жанкелдин ауданында ақкеріш болып айтылады. Сын есім — ақ және зат есім — *кірпіш* сөздерінің тіркесуінен туған тұлға болса керек деп топшайымыз.

Алақшын — қазан не плита орнатылған пештің аузына шоқ жаю үшін, кірпіштен қалап жасалған орын. Оның үстіндегі шоққа шәйнек, аққұман қойылады (Түрікм., Таш.). Бұл сөз аз-кем дыбыстық өзгеріспен қарақалпақ тілінде де бар. Сөздің алғашқы сыңары дыбыстық өзгеріске ұшыраған зат есім — *алау* болуы мүмкін де, екіншісі, септеулік — *үшін*. Сөйтіп, кіріккен сөз «алақшын» — «алау үшін» мағынасына ие. Немесе қазіргі тіліміздегі «от үшін», «шоқ үшін» мағыналарын береді.

Ат жүргіш — қамшы. *Ат жүргішке қол жалғап жіберші* (Қарағ., Шет.)¹³.

Атпыраш — ат күтуші, ат бағушы (Шымк., Жамб.). Екінші сыңары — «пыраштың» мағынасы бізге беймәлім.

Әтешкір — шымшуыр, шоқ қысып алатын қысқыш. *Бұрын ұста дүкені болған жерде әтешкір болмай*

¹² *Бұхатын Базылхан.* Монғолияда тұратын қазақтардың тіліндегі кейбір жергілікті ерекшеліктер. — Кітапта: Қазақ диалектологиясы. Алматы, 1965, 34—50-б.

¹³ *Нақысбеков О.* Қарағанды экспедициясының материалдарынан. — Қазақ тілі тарихы..., 22—33-б.

қалмаушы еді (Қарак. қаз.)¹⁴. «Әтішкір» болып Түрікменстандағы қазақтар тілінде де қолданылады. *Қолым күйді ғой, әперің ана әтішкірді* (Түрік. Таш.). Говорлардағы бұл кірме сөздің негізгі төркіні — иран тілі. Иран тілінде: *атәш* — от, *гире* — алу. Демек, қазақшасы — от алғыш.

Байтаба — жүннен тоқылған шұлғау. *Байтаба әрі жылы, әрі төзімді болады* (Шымк., Арыс.). Байтаба сөзі тек оңтүстік қазақтарының тілінде ғана емес, сондай-ақ Қазақстанның батыс облыстары тұрғындары мен РСФСР-дің Орынбор облысында тұратын қазақтар тілінде де қолданылады. Орынбор қазақтарында «Майтаба» болып айтылады. *Майтабаны түйе жүнінен жасаса жылы болады* (Орын., Ад. Бөр.). *Қар жауыр күнтүн оның қабағынан, Жалбырар байтабасы балағынан* (Гур.). Әртүрлі дыбыстық тұлғада өзбек, қарақалпақ тілдерінде де ұшырасқанмен сөздің төркіні — иран тілі. Мұнда: *пай* — аяқ, ал *таб* — құндақтау, орау. Сонда қазақ говорларындағы «байтабамыз» — «аяқты орау» дегенмен тепе-тең.

Бестақа — өкшесі аласа етік. Маңғышлақ облысы мен Түрікмен ССР-інде тұратын қазақтар тілінде жиі қолданылады.

Сырт қарағанның өзінде бұл сөздің кірігуден пайда болғандығы байқалып-ақ тұр. Алғашқы сыңары — *бес*, соңғысы — *тақа*. Осы күйінде де өзімізге түсінікті сөздер тәрізді. Алайда, дыбыстық өзгеріске ұшыраған басқа түркі тілдерінің сөзі екендігі және бұлардың өзіне иран тілінен енгендігі көрінеді. Иран тіліндегі «пас» түрікмен тілінде «пес», қарақалпақ тілінде «пәс» болып, «аласа» деген мағынаға ие. Ал «тақа» қарақалпақ тілінде — өкше. Сөйтіп, кіріккен сөз «бестақа» — «аласа өкше» болмақ.

Деңмент — күміс белбеу. *Беліне байлағаны деңмент белбеу екен* (Орын., Ад. Бөр.). Түрлі дыбыстық құбылыспен бұл сөз Қазақстанның батыс облыстарындағы тұрғындар тілінде жиі, ал оңтүстік қазақтарында сирек кездеседі. Түрікменстандағы қазақтар тілінде де — деңмент. *Деңментті көбінесе, әлді, ауқатты адамдарда*

¹⁴ Құрышжанов Ә. Қарақалпақ АССР-інде тұратын қазақтардың тіліндегі кейбір ерекшеліктер. — Кітапта: Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері. Алматы, 1963, 5-шығы, 151—176-б.

көретін ек (Түрікм., Ашх.). *Пұшпақ ишігін киіп, күміс деңментпен белін буды да, жылысып басып, тысқа шықты* (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер, 83-б.). Бұл сөздің де шыққан тегін иран тілінен табамыз. *догме* — түйме, *банд* — белбеу. Демек, *догме+банд > дог+банд > демент > деңмент*. Қазақшасы — түймелі белбеу.

Жуалдыз — түйенің жазысын тігетін тебен ине (Ақт., Ключ.)¹⁵. Оңтүстікте Талас ауданындағы қазақтар тілінде кездеседі. Ұйғыр, өзбек, азербайжан тілдерінде де бар. Ұйғыр, өзбек, азербайжан тілдерінде әртүрлі дыбыстық тұлғада кездесіп, үлкен, жуап ине мағынасын береді. Алайда бұл сөзді біз екі түбірдің кірігуінен пайда болған деп есептейміз. Өйткені «чуал» иран тілінде «жабу», ал «дзүү» — ине мағынасын аңғартады. Сөйтіп екі сөздің қосындысынан «жабу ине» деген мағына шығады.

Кісәпіршілік — қалтаға түсушілік (Жамб., Сарсу). Кейбір түркі тілдерінде (татар тілінде) *кисә* — қалта мағынасында қолданылады. *-шілік* — жұрнақ. Ал «пір» сөзінің мағынасын ажырата алмадық. Дегенмен екі сөздің кірігуінен пайда болған тұлға екендігін аңғару қиын емес.

Кереқап — киіз үйдің керегесінің басында ілулі тұратын әшекейлі, оюлы, ыдыс-аяқ салатын қап (Сем., Аб. Шұб., Қоша.). Ж. Болатовтың ойынша, *кереқап* — кереге қап тіркесінен қысқарған біріккен сөз.

Масатемір — темірден істелген көсеу (шымшуыр). *Масатемірдің ең бір жақсы жері табаға нан жапқанда ғой шіркін!* (Қарақ. Қаз.). Қазақстанның батыс облыстарында тұратын қазақтар тілінде — мәстемір. Иран тілінде: *маша* — қысқаш. Ал «темір» сөзіне түсініктің қажеті болмас. Сонда кіріккен екі түбір «қысқаш темір» мағынасын ұғындырады.

Саранау — сүтті мол беретін сиыр (Түрікм., Таш.). Маңғыстауда бұл сөз інгенге де айтыла береді. *Саранау інген* (Гурьев, Ман.)¹⁶. Этимологиялық талдау жасасақ, екі сөздің бірігуінен пайда болғандығы көріне-

¹⁵ *Нақысбеков О.* Ақтөбе экспедициясының материалдарынан. — Қазақ тілі тарихы..., 243—258-б.

¹⁶ *Омарбеков С.* Маңғыстау қазақтарының тіліндегі кейбір диалектілік ерекшеліктер. — Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері. Алматы, 1960, 3-шығы, 216—243-б.

ді. *Сығыр* — сауу, *инек* — сныр. Сонда: *сығыр+инек* > *сааринек* > *саранақ* > *саранау*. Қазақшасы: «Сауын сныр» болады.

Ықшам сөздер. Қазақ говорларында кездесетін тағы бір ерекшелік — әдеби тілдегі сөздердің кейбіреулерінің ықшамдала қолданылуы. Мұндай сөздерді, әрине, «қысқарған сөздер» қатарына жатқызуға болмайтындықтан, аталған терминмен қосарланудан аулақ болсын деген оймен «ықшам сөздер» дегенді қолайладық. Мұнда, көп жағдайда, сөз соңындағы бір буын түсіп қалу жиі де, екі-үш буынның түсіп қалуы өте сирек кездеседі.

Айыр — айырмашылық. *Қазақтың тілінде де айыр бар-ау* (Түрікм., Небид.). Қазақстанның батыс облыстары тұрғындарында — «айырмаш» тұлғасында айтылады.

Бас қылу — басшылық ету, басшылық қылу (Шығ. Қаз., Больш.).

Бір-жар — бірлі-жарым., *Бағып отырған бір-жар малымыз да бар* (Гур., Ман.).

Ителеп тұр — итермелеп тұр: *Мені жұрт осылай ет деп ителеп тұр* (Шығ. Қаз., Больш.).

Картош — картошка. *Біз биыл біраз жерге картош ектік* (Сем., Аяғ.)¹⁷.

Кер — керен. *Мынауың кер ме өзі* (Гур., Мах.). *Мырзалардың құлағы бірінің сөзін бірі естімей, кер болды* («К-зшылар үні», 1937, 27 май).

Қыз асық — қызыл асық (тобық) (Сем., Көкп.).

Мысқау — мысқылдау. *Ол келіншектерді мысқап бітірді* (Шығ. Қаз., Больш.).

Ұры қылу — ұрлық қылу. *Ол ұры қылмайды.* (Шығ. Қаз., Больш.).

Қазақ тілінің говорларында жоғарыда келтіргендерден басқа да ықшам сөздер тобы жеткілікті. Олар: Қазақстанның шығыс облыстарының кейбір аудандарында қолданылатын *әйтеу* — әйтеуір орнына, *бастан* — бастанғы, *кемшіл* — кемшілік, *кідір* — кідіріс (Сем., Аб., Шұб.). *шөме* — шөмеле (Сем., Көкп.). *Шам жоқ* — шамдану жоқ (Шығ. Қаз. Больш.) сөздері мен республика-

¹⁷ *Болатов Ж.* Аягөз ауданында тұратын қазақтардың тіліндегі жергілікті ерекшеліктер. — Кітапта: Қазақ диалектологиясы. Алматы, 1965, 51—77-б.

мыздың батыс облыстарында ұшырасатын *әл* — әлгі орнына, *саңыр* — саңырау, *тоз* — тозаң т. б. сияқты ықшам сөздер.

2. Қос сөздер

Қазақ тілінде қос сөздер сөз жасаудың кең тараған амалы және олардың жасалу жолдары түрліше болып келетіндігі белгілі. Сөзден сөз тудырудың бұл жолы қазақ тілі говорларын да молынан қамтыған. Говорлардағы қос сөздердің жасалу жолдарының көптігі алдымен олардың тұлға жағына көңіл аударуды қажет етеді. Мұндағы қос сөздердің көбі қазақтың әдеби тіліндегі сөздердің негізінде жасала тұрса да, берекін мағынасы басқаша болады. Ал кейбіреулері қазақ тілінің сөздік қорында ұшыраспайтын сөздерден қосарланып, қос сөз қасиетіне не болған. Үшінші біреулерінің бір сыңары әдеби тілдегі қос сөздердің сыңарларымен сәйкес келіп жатса, басқа сыңары бөтен, бөгде сөздерден болып шығады. Міне, осы жағдайлардың бәрі қазақ говорларындағы қос сөздердің мағынасынан бұрын тұлғасына қарай ажыратуды талап етеді де, ал мағынасын сөзбен баяндап, түсініктеме арқылы аңғарту дұрыс болмақ.

Қайталама қос сөздер. Қазақ говорларындағы бұл іспеттес қос сөздер тұлғасына қарай бірнешеге бөлінеді:

1. Қосымшасыз сөздің қайталануы арқылы жасалатын қос сөздер:

әсті-әсті — аз-аздап, ақырын-ақырын. *Әсті-әсті оның халі жақсарып келеді* (Жамб., Шу);

біттә-біттә — бір-бірден. *Дәнә бермесең, четінен біттә-біттәсінен ала бер* (Жамб., Шу);

дөй-дөй — білімді, оқыған. *Институтты бітіріп, дөй-дөй болып шығады екенсіздер ғой* (Семей, Үрж. Мақ.)¹⁸;

жуас-жуас — аз-аз. *Жуас-жуастан жинап көбейтім* (Түрікм. Ашх.);

кім-кім — әркім. *Мен осы мәселе туралы кім-кімге айттым.* (Қоша.);

¹⁸ Бектұрғанов Е. Үржар, Мақаншы диалектологиялық экспедициясының материалынан. — Кітапта: Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері. Алматы, 1962, 4-шығуы, 131—141-б.

қайда-қайда — ешқайда. *Мұндай жақсы нәрсе қайда-қайда да жоқ* (Қоша.);

ойтаң-ойтаң — ойпаң жер. *Ойтаң-ойтаң жермен жүрдік* (Түрікм. Таш.).

2. Қайталанатын сөздер түрлі қосымшамен келіп те қос сөздер жасайды:

ат-атағы — абыройы, атағы. *Мәден Тәжібаев облыстағы ат-атағы шыққан мұғалім емес пе!?* (Қоша.);

дембе-дем — тез, жылдам. *Чеуірчек жылқыны дембе-дем өлтіреді.* (Жамб., Шу);

дерендей-дерендей — үлкен, дардай-дардай. *Оның дерендей-дерендей ұлдары бар* (Қоша.);

жекеме-жеке — жекпе-жек. *Шақимен жекеме-жеке сөйлеседі* (Түрікм., Таш.). *Думбауыл деген бір жайсаң, жекеме-жеке Тарғынға, Соғысуға келеді* (В. В. Рад. Образцы... часть 3, 1870, с. 151.);

кез-кезде — кей кезде, кей-кейде. *Кез-кезде шәрге де бара алмай қаламыз* (Алм. Ұзын.). *Тетелес теңлес өскен Жанғабылың, кез-кезде аусап-аусап сағынады* (Жамб., Шу);

сулы-суаң — ас-су, тағам. *Сулы-суаңыңды қайдан ішіп жүрсің* (Сем., Аб., Шұб.);

тон-тонау — ат-тон, сыйлық. *Ол тон-тонауын өзі алды* (Сем.; Аб., Шұб.);

шын-шыны — шыны, рас. *Оның осы айтқаны шыншыны* (Қоша.);

ыстық-ыстық — ыс-ыс. *Үй төбелері ыстық-ыстық* (Түрікм., Красновод.).

3. Қайталанатын сынарлардың бір дыбысы өзгеріп жасалатын қос сөздер:

бапайын-сапайын — алба-жұлба. *Чашым бапайын-сапайын боп кетті* (Жамб., Шу);

қапаш-құпаш — жедел, асығыс. *Рахымбек қапаш-құпаш жүріп кетті* (Қоша.);

лақы-лұқы — ескі-құсқы. *Лақы-лұқы киімді де киіп жүре беру керек жастықта.* (Сем., Үрж. Мақ.);

мэт-шэт — быт-шыт. *Ол үйдің мэт-шэтин шығарыпты* (Шығ. Қаз., Больш.);

мыңғы-дыңғы — мең-зең (Жамб., Сарсу);

сұр-мұр — анау-мынау. *Маған сенің сұр-мұрыңның керегі жоқ* (Көкш.)¹⁹;

¹⁹ Кейбір тілдік деректер Тіл білімі институты Диалектология бөлімінің қорынан алынды.

чара-пара — анау-мынау. *Жаздай дайындап қант, чай, ч а р а-п а р а с ы н алып қойғанда ас болмай қалады* (Жамб., Шу).

4. Қайталанатын сыңарлардың біріне артық дыбыс қосылып, қос сөз жасалады:

азал-мазал — аз-маз. *Сізден а з а л-м а з а л жас жігіт* (Жамб., Шу);

айра-жайра — емін-еркін (Жамб., Сарсу);

ақи-тақи — үзілді-кесілді, біржола. *Осыны шыннан да а қ и - т а қ и қойғаның ба?* (Түрікм., Красновод.). *Мен бүгінде ол кәсіпті а қ и - т а қ и қойған кісімін* (Ә. Нұрпейісов, «Қан мен тер», 1961, 110-б.);

ауым-сауым — нақұрыс, делқұлы (Жамбыл, Сарсу);

ашық-машық — топса (есіктің топсасы). *Есіктің а ш ы қ - м а ш ы қ ы н ы ң шегесі босапты* (Шымк., Арыс);

әркіл-тәркіл — әрлі-берлі. *Көңіл ә р к і л - т ә р к і л болып отыр ғой* (Жамб., Шу);

әш-пәш — әне-міне... *Чертеңдеген жігітті болыс қойсаң, ә ш - п ә ш дегенше еліңді жеп пітеді* (фольк. Жамб., Шу);

едел-жедел — жедел, тез. *Екі гранатын е д е л - ж е - д е л лақтырып жіберді де, Жексен енді өзінің автоматын ұсынды* (К. Оразалин, «Жек.», 38-б.);

ел-сел — ағыл-тегіл. *Сырдың е л - с е л ағып жатқан суын пайдалана алмай отырған е л де бар* (Қ-орда, Жал.)²⁰;

еңіз-теңіз — ағыл-тегіл. *Жайлауда мал е ң і з - т е ң і з* (Қ-орда, Жал.).

5. Күшейту буыны қосақталып жасалатын қос сөздер:

әп-әнеугүні — жақында ғана. *Қойдым деп уәде бергенің ә п - ә н е у г і н і емес пе еді* (Түрікм., Красновод.);

жәп-жайын — жайбарақат, тыныш (Шығ. Қаз., Больш.);

кеп-кеше — күні кеше. *Қашағандар к е п - к е ш е г і адамдар* (Гур., Доссор).

Қосарлама қос сөздер. Тіліміздің говорларында қайталама қос сөздерге қарағанда мұның мөлшері өте көп. Және тұлғалары да алуан түрлі. Егер тұлға-

²⁰ Бектұров Ш. Сырдария экспедициясының материалдарынан кейбір мәлімет. — Кітапта: Қазақ диалектологиясы. Алматы, 1965, 78—90-б.

сына қарай топтасак ұшы-қиырына жету қиын. Сондықтан сыңарларының (сырт қарағанда) мағыналы, мағынасыздығына қарап ажыратумен шектелеміз.

1. Екі сыңары да бірдей мағыналы қосарлама қос сөздер:

алқын-жұлқын — асығыс, шұғыл. *Біз осы хабарды естісімен алқын-жұлқын келдік* (Шығ. Қаз., Больш.);

аман-түгел — аман-есен. *Аман-түгел айтып сөйлесуге де мүржеміз келмей қалды, ал енді жөн сұрасайық* (Орын.; Ад., Бөр.);

бірден-екі — бірте-бірте ...егіске аттанатын мезгіл *бірден-екі тақалып қалды* (Орал, Шың.);

қиын-қымбат — мықты, күшті (Қоша.);

торғын-торқа — киім-кешек, тон. *Ақсақал, торғын-торқаңызды киіп қайда шықтыңыз* (Қоша.);

үші-басы — шеті, тамтығы. *Сойылған малдың үші-басы ғана қолға тиеді* (Қоша.);

шабан-шалағай — ат-көліксіз. *Қайдан барсын шабан-шалағай адам ғой* (Монғ. қаз.);

ішек-бауыр — ішек-сіле. *Бұл әңгімені естігенде, Сайран ішек-бауыры қата күлді* (Сем., Аб., Шұб.).

2. Бір сыңары мағыналы, бір сыңары мағынасыз қосарлы қос сөздер:

бәлен-түлен — пәлен-түген. *Бәлен-түлен дейтін несі бар осы, басталды, аяқтау керек істі* (Алм., Ұзын.);

жақын-жанап — жақын-жуық. *Өзінің айналасына жақын-жанабын... жинап отыр* (Орал, Орда);

жаман-жұтық — жаман-жәутік. *Қыстан барлық малды жаман-жұтығына дейін аман шығарамыз* (Қоша.);

жеңіл-жекпіл — жеңіл-желпі (Шығ. Қаз., Больш.);

жал-жұғыны — жал-құйрығы. *Мынау аттың жал-жұғыны неге өспей қалған* (Қоша.);

кәрі-кәркес — кәрі-құртаң. *Бұлар туралы кәрі-кәркесті, шал-шауқандар біледі ғой* (Сем., Көкп.);

кемпір-кешек — кемпір-сампыр (Шығ. Қаз., Больш.);

көрпе-көкір — көрпе-жастық (Сем., Аяғ.);

некен-нұқан — некен-саяқ, анда-санда. *Бақыткүл ауылға некен-нұқанда бір келеді* (Сем., Аб., Шұб.);

пәлен-башқұрт — пәлен-пәштуан. *Ол пәлен-башқұрт деп, біздің айтқанымызға көнбеді* (Қоша.);

сәлем-сапқыт — сәлем. *Мен ақсақалға барып, сәлем-сапқыт беріп қайтпақпын* (Шығ., Қаз., Больш.);
талқан-табын — тас-талқан, быт-шыт. *Талқан-табын шығарып, төрт койканы төрт жағына қойып едім, бөлме кеңіп кетті* (Сем., Көкп.);

ұқым-тұқым — үрім-бұтақ. *Кенесары бағынбаған елді ұқы м-тұқымымен құртпақ болған зәлім еді ғой* (Алм., Ұзып.);

шай-шапқыт — шай-пай. *Мен түскі дамыл кезінде Үмбетпен бірге шай-шапқыт ішуге үйге келдім* (Сем.; Аб., Шұб.);

шала-пұшып — шала-шарпы. *Мен түгел айтпай, шала-пұшып айттым* (Сем., Көкп.);

ағы-жөні — ебі, ыңғайы. *Әй, өзіңнің ағы-жөнің жоқ-ау, ә?* (Сем., Үрж., Мақ.).

3. Екі сыңары да мағынасыз сөзден жасалған қосарлы қос сөздер:

апалас-төпелес — асығыс, тез, жедел. *Апалас-төпелес кетіп қалды* (Монғ. қаз.);

аял-пұял — лезде, тез. *Поезд шіркін де аял-пұялға келмей қозғала берді* («Семей правдасы», 1956, V, № 115).

әлекей-шүлекей — керексіз, сән үшін ғана тағылатын басы артық нәрсе. *Үсті-басына әлекей-шүлекей таға беру мәдениеттілікке жатпайды* (Сем.; Аб., Шұб.);

бәкін-шүкін — майда-шүйде. *Базарға бәкін-шүкін алуға бардым* (Сем.; Үрж., Мақ.);

ерен-паран — таңсәрі, елең-алаң. *Ерен-паранда бәйге атқа беде берілді* (Алм., Шел.);

қалақ-құлақ — аз, мардымсыз. *Тамақты қалақ-құлақ ішетұғын адам* (Монғ. қаз.);

қалжы-бұлжысыз — тыңғылықты. *Өзіне жүктелген жұмысты қалжы-бұлжысыз орындайды* (Сем., Көкп.);

мама-дана — қулық-сұмдық. *Сен маған мама-даналық қылма.* (Жамб.);

мәйкі-шұйқы — ойқы-шойқы. *Мынау жердің ағашы мәйкі-шұйқы болып өскен екен* (Сем., Көкп.);

мұрт-мұқылас — аз-маз, болар-болмас. *Мұрт-мұқылас бірдеңе білмесе, аса жарытып айта алмаса керек* (Сем., Үрж., Мақ.);

ұрық-шәрпі — үрім-бұтағы. *Есдәулет ұрық-шәрпімен тәуір адамдар* (Шығ., Қаз., Больш.);

ырақ-жарық — ашық-тесік. *Құдықтардың аузы, әлі ырақ-жарық* (Орал, Талөк.);

іле-пара — ілініп-салынып. *Тіккен жерің құр іле-пара болып тұр ғой* (Жамб., Сарсу);

ілу-паран — анда-санда. *Ондайлар ілу-паранда кейбір жігіттер ғана кездеседі* (Сем.; Үрж., Мақ.).

Қос сөздердің жоғарыда көрсетілгендерінен басқа, сирек болса да, жергілікті тіл ерекшеліктеріндегі сөздер арқылы жасалғандары да жоқ емес:

күйіп-пысу—күйіп-пісу, ызалану (Шығ. Қаз. Больш.). Бұл қос сөздің екінші сыңары жергілікті қазақтар тілінде қолданылатын «пысу» (пісу орнына) етістігі арқылы жасалған;

ұрдалып-жырдалып — ұрланып-жырланып, ешкімге білдірмей (Шығ. Қаз., Больш.). Өскемен, Семей облыстарында тұратын қазақтар тілінде қосымшада келетін, кейде түбір сөзде де ұшырасатын «л» дыбысы орнына «д» қолдану жиі құбылыс (*мынадар* — маналар орнына, *әудие* — әулие орнына т. б.). *Ұрдалып-жырдалып*— осы дағдымен жасалған қос сөз. Мұндағы тағы бір көзге ілінетін құбылыс — соңғы буында «н» орнына «л» дыбысы айтылып тұр.

Қос сөздердің қазақ говорларындағы жалпы сипаты осылар іспеттес болып келеді.

3. Сөз таптары

Әдеби тіліміздегідей қазақтың ауызекі тіліндегі жергілікті ерекшеліктерді де сөз таптарына қарай ажырату мүмкіндігі мол. Өйткені деректер жиналған қазақ говорларының қайсысында болмасын әрбір есімдерге жатқызарлық жеке сөздермен және оларға тән дерлік қосымшалар көптеп кездеседі. Әрине мұндай ерекшеліктер сөз таптарының бірінде мол, екіншісінде тапшы болып кездесуі мүмкін. Бұл заңды да. Себебі әдеби тіліміздегі сөз таптарына кіретін сөздердің мөлшері де біркелкі емес.

Зат есім

Қазақ тілі говорларында зат есім жасалуының екі түрлі тәсілі (морфологиялық және синтаксистік) бар. Көрсетілген тәсілдің соңғысы говорлардағы біріккен сөз-

дер, қос сөздер туралы әңгіме болғанда баяндалды. Қазіргі талдап көрсетілмек мәселе — зат есімге жататын жеке сөздер мен зат есім жасаудың екіншісі — морфологиялық тәсіл.

Өз қарамағына бүкіл дүниедегі заттар мен құбылыс атауларын қамтитын зат есім, әдетте, екіге бөлінеді — жалпы және жалқы есім.

Бүгінге дейін жиналған қазақ говорларының материалдарында жалпы есім мен бірге жалқы есім де біршама кездеседі.

Жалпы есімде кездесетін ерекшелік ұшан-теңіз және оның өзі, көп жағдайда, лексикалық ерекшеліктер туралы әңгіме қозғағанда толық көрсетілмек. Сондықтан да, зат есімнің жалпысын баяндағанда олардың бірнешеуін атаумен ғана шектелген жөн. Және мұнда әдеби тілде бір ғана атқа не болатын зат не құбылыс говорларымызда бірнеше түрлі айтылады. Мысалы, «киіз үй» сөзі оңтүстік қазақтарында «боз үй»: *Бұрын жазда б о з ү й д е отыратын* (Шымк., Арыс). Түрікменстанда тұратын қазақтарда—ағаш үй: *Осы а ғ а ш ү й д і былтыр Гурьев жақтан алдырдық* (Түрікм., Красновод); енді бір жерде — терме үй: *Сіздер жақта терме үй бар ма осы* (Орын.; Ад., Бөр.). Қазақстанның шығысына таман жерде «қазақ үй» деп те айтады: *Жолдағы екі қазақ үйін көрген боларсыңдар* (Талд., Лепсі).

Бір «киіз үй» сөзінің қазақ тілі говорларында ағаш үй, боз үй, терме үй, қазақ үй т. б. сияқты баламаларын көруге болады.

«Нағашы» сөзінің қазақ говорларында екі түрін кездестіруге болады. Бірі — таға: *Оның тағасы ертең жүреді* (Шымк., Сар.). Екіншісі — дайы: *Бала болса да, дайы екеніңді біліп, жармасып жатыр да* (Түрікм. Таш.).

Кейде барлық қазақтарға ортақ сөз болар дегендерден де ерекшелік көрініп қалады. Мысалы туыстыққа қатысты — іні сөзі, кей жердегі қазақтар тілінде — қарындас: *Олар ініні қарындас дейді* (Қоша).

«Шымшуыр» сөзі жергілікті тіл ерекшеліктерінде мынадай тұлғаларда кездеседі. Әтішкір, мәстемір, жәмке, шаттауық, көсеу. Мысалдар: *Ә ті ш кі р жерошақтың алдында жатыр* (Қ-орда, Арал). *Мына жатқан жә м к е н і үйге апарып қой* (Ақт., Ырғ.). *Ш а т т а у -*

*ықпен оттың алдын сырып жіберің (Маң.). Мәсте-
мір шоқ ұстауға ыңғайлы (Орал, Чап.). Ұста жақсы
көсеу жасап берді (Алм., Жамб.).*

Осы сияқты әдеби тілімізде бір заттың не ұғымның атын білдіретін сөздер қазақ тілі говорларының әрқайсысында әртүрлі атқа не болып, олардағы жалқы есім санын өте молайта түседі. Күнбағыстың айғабағар, күнгебағар, айғабақ, пісте, шекілдеуік, шемекі т. б. түрленіп аталынуы; «тебен» сөзінің сида, жуалдыз, созан; шелектің бақыр, қылбақыр, көтел болып тұлғалануын; «туыс» сөзінің аданас, тума түрінде айтылуын т. б. атап қана өтеміз. Говорларға тән жалпы есімдер әрбір зерттеушілердің еңбектерінде, сондай-ақ 1969 жылғы «Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігінде» біршама көрсетілген.

Говорларда кездесетін жалқы есімнің екі түрі бар: 1) адамның аты-жөні; 2) жер-су аттары.

Адамның аты-жөні: Қазақ тілі говорларында кездесетін кісі аттары, фонетикалық, морфологиялық, кейде лексикалық құбылыстармен байланысты. Оның себептерін жергілікті халықтың тарихы мен сөйлеу тіліндегі айырмашылықтан деп ұғынған дұрыс.

Алдымен фонетикалық ерекшеліктерімен байланысты кісі аттарына көңіл бөлсек, Қазақстанның оңтүстігіндегі тұрғындарда Палым, Полат, Пақтагүл, Чегебай, Ақчал іспеттес есімдерді байқаймыз. Мұндағы кісі аттары жергілікті халықтар тілінде қолданылатын *б ~ п, ш ~ ч* дыбыс сәйкестіктерінен туған. Қазақстанның батысындағы кісі аттарына назар аударсақ, Хасан, Абу, Шаку, Мақсоғ, Мағзом, Мансор, Жоныс, Солтан болып түрленеді. Мұның себебін сол аймақтағы қазақтар тіліндегі *ә ~ а, ү ~ о* дыбыс сәйкестіктерінен деп ұғынған жөн. Қазіргі қазақ тілі тұрғысынан алсақ, бұл кісі аттары — Хасен, Әбу, Шәку, Мақсұт, Мағызұм, Мансұр, Жұныс, Сұлтан түрінде тұлғаланбақ. Қазақстанның шығысында *г ~ к, с ~ з* дыбыс сәйкестерінен пайда болған Сүкірбай (Сүгірбай орнына), Қайса (Ғайса), Қалымжан (Ғалымжан), Нүрпейіз (Нүрпейіс), Әбілпейіз (Әбілпейіс), Жанпейіз (Жанпейіс) сияқты есімдер жиі.

Бір ғана «Жүсіп» есімінің Нүсіп, Түсіп, Дүсіп іспеттес дыбыстық варианттары бар. Орталық және Солтүстік Қазақстан қазақтарының тілінде — Жүсіп, Оңтүстіктің кейбір аудандары тұрғындарында — Нүсіп, Қа-

зақстанның шығысында — Түсіп, ал Батыс аймақтың кейбір аудандарында — Дүсіп. Мысалы, *Дүсіп қалие в бір бие сатып алып отыр* (Орал, Қарат.).

Лексикалық ерекшеліктен пайда болған кісі аттары жергілікті халықтың тілінде қолданылатын зат, ұғым атауларымен байланысты өрбіп отырса, кейде басқа түркі халықтармен тығыз қарым-қатынас арқылы да туады: Гурьев, Орал облыстарында Ұштап, Үбі сияқты кісі аттары бар. Мысалы: *«Ұштап, етіңе іңкәл салдың ба?»* (Орал., Жан.). Исатай көтерілісіне қатысқан батырлардың бірі — Үбі. Бұдан басқа Үбинияз деген есім де кездесіп отырады. Жергілікті халық тілінде: *ұштап — атлас, жібек матаның бір түрі. Ұштаптың кидің көйлек бес кезінен...* (Қашаған ақын). Үбі — мал-мүлік, дүние. *Үбілі байлардан да көрген қайыр шамалы* (Түрікм., Таш.).

Түрікмен ССР-інде тұратын қазақтар арасында Жәу-мітбай, Шәудірбай, Егдірбек тәрізді кісі аттары ұшырасады. Кісі аттары соңындағы «бай», «бек» сөздерін алып тастасак, түрікмен тайпаларының атаулары ғана қалады. Демек бұл атаулар тарихи жағдайлардың нәтижесі.

Алматы облысы Кеген ауданы тұрғындарында Момбек, Момытай аттары бар. Түбірдегі «Мом» сөзін өзбек, ұйғыр тілдеріндегі *мум, мом* формаларымен байланыстыруға болады.

«Ғали», «ғазы», «хажы» сөздерінің басқа сөздермен қосарланып келуі арқылы да қазақ говорларында кісі аттарына байланысты ерекшеліктер пайда болған. Ашығали, Әуесқали, Дарғали, Изғали сияқты есімдер Қазақстанның батысында көп кездесе, Тұрғазы, Нүкіғазы, Құмарғажы, Елғажы, Мұқамбетқажы іспеттес адам аттары Қазақстанның шығысындағы тұрғын қазақтарға тән. Әйелдерге қойылатын аттарда да жергілікті тіл ерекшелігін елестетерлік нәрселер жоқ емес.

Жер-су аттары. Қазақ ССР-інің батыс облыстарында Жайық, Дендер, Қобда, Ырғыз, Қошалақ т. б. жер-су атауларын кездестірсек, оңтүстік облыстарда батыс, орталық, солтүстік облыстарда ұшыраса бермейтін Түрген, Қапшағай, Нарынқол, Келес, Қаскелен, Кеген, Мерке тәрізді жер-су атаулары кеңінен жайылған. Ал Шығыс облыстарда Үріл, Бұқтырма, Үржар, Тарбағатай атауларын естиміз. Жоғарыда аталған және назардан сырт қалған көптеген жер-су атауларының қалай, нен-

дей мағыналармен байланысты шыққандығы жөнінде, қазақ диалектологтары мен ономастиканы зерттеушілердің болжам, пікірлері баршылық. Оларға арнайы тоқтау очерктің міндеті емес.

Жер-су атауына байланысты ерекшеліктердің ішінде *-ты* жұрнағы арқылы жасалып, Қазақстанның батысы мен шығысында кең жайылған Жымпиты, Аңқаты, Бұлдырты, Қалдығайты, Шідерті, Бұғыты, Дараты, Әңгірті, Бұланты, Өлеңті т. б. атап өтпеске болмайды. Осы атаулардың соңындағы *-ты* жұрнағы туралы ғалымдар пікірі әртүрлі. Біреулері — «тау» сөзінің қысқарған тұлғасы десе, екіншілері — монғол тілінің *-ты* қосымшасы арқылы пайда болған дегенді ұсынады. Демек, заттың молдығын білдіретін тіліміздегі *-лы, -лі* (түрлі дыбыстың варианттармен) жұрнағының баламасы (алмалы, ағашты, көкпеті, қарағанды, бұғылы т. б.) деп жорамал жасайды.

Зат есімнің көпше түрі. Қазақ тілінде көптік жалғау — *-лар// -лер, -дар// -дер, -тар// -тер* тәрізді алты түрлі фонетикалық вариантта болып келетіні белгілі. Ал тіліміздің кейбір говорларында осы дыбыстық варианттардың бәрі бірдей қолданыла бермейтіндері де бар. Қарақалпақ АССР-інде тұратын қазақтардың тілінде сөз аяғы дауысты, дауыссыз, қатаң не ұяң дыбыстарға бітуін елемей, көптік жалғауының алты вариантының ішінде тек *-лар// -лер* түрі ғана жалғанады: адамлар (адамдар орнына), дослар (достар), қызлар (қыздар), атлар (аттар): *Пәшеклер гүл жайғанда, бізлер собық ойнаймыз* (Қарақ. қаз.). Көптік жалғауының көрсетілген дыбыстық варианты, әсіресе, Қарақалпақ республикасының оңтүстігінде тұратын қазақтар тілінде жиі айтылады.

Енді бір қазақ говорларында *-лар// -лер* дыбыстық варианттары орнына көптіктің *-дар// -дер* түрлері өте жиі қолданылады. Мұндағы айырмашылық жоғарыда көрсеткендей, барлық жерде де *-лар// -лер* емес, *-дар// -дер* жалғауларымен бірге тілдегі тиісті заңдылыққа байланысты *-тар// -тер* жалғаулары қалыптағыдай қолданыла береді. Сөйтіп, бұл говорларда көптіктің 6 түрлі вариантының төрт түрі жүзеге асады: бұдар (бұлар орнына), биедер (биелер), ағадар (ағалар), інідер (інілер), аталдар (аталар), үйдер (үйлер) т. б. *Одар мен күтпеген кезде келіп қалды* (Қоша). Көрсетілген құбылыстың жиі

ұшырайтын аймағы — Шығыс Қазақстан облысының Большенарым т. б. ауданы мен Таулы-Алтай өлкесіндегі Қошағаш қазақтарының тілі, сондай-ақ Семей облысының бірқатар аудандары.

Зат есімдердің жұрнақ арқылы жасалуы. Говорларда кездесетін зат есім тудыратын жұрнақтар, көп жағдайда, өздерінің тұлғасы жағынан әдеби тілдегі жұрнақтардан аса көп ерекшеленбейді. Алайда, говорларда ол жұрнақтар әдеби тілде жалғанбайтын сөздерге қосылады немесе әдеби тілдегі бір жұрнақ орнына басқа біреуі жалғанып, алғашқы жұрнақтың беретін мағынасына ие болады. Ішінара бұл қосымшалар, әдеби тіл тұрғысынан алғанда, мағынасы түсініксіз сөздерге жалғанып та зат есім тудырады. Кейде белгілі бір говорға ғана тән қосымша тұлғалар кездеспейді емес. Бұл жерде есімдерден және етістіктерден зат есім тудыратын жұрнақ деп ажыратпаса да, сөз түбірінен қай сөз табына жататындығы түсінікті. Сондықтан бөліп-жармай-ақ тура сол жұрнақтардың жәрдемімен жасалған сөздердің бір тобы ғана ұсынылып отыр.

-лық, -лік (дыбыстық вариантымен).

Қырлық — қыр мағынасында. *Біздің жақта қырлық көп* (Орал, Чап).

Жарандық — саты. *Жарандықты арба* (Сем., Аб., Шұб.).

Омыраулық — өмілдірік. *Омыраулықты көп салмайды бізде* (Орын.; Ад., Бөр.).

Жандық — ұсақ мал (қой-ешкі). *Оның төрт жандығы бар* (Алм., Шел.).

-Шылық, -шілік (*Мұғалімшілік* — мұғалімдік). *Бұқал тіршіліктен мұғалімшілікті жақсы көрдім* (Түрікм., Таш.).

Егершілік — ынтымақтық. *Сіз егершілікке кіріп кеттіңіз ғой* (Жамб., Шу).

Бозбасшылық — бозбалалық. *Бозбасшылық жастан кеттіңдер ғой* (Шығ., Қаз., Больш.).

-па, -пе (дыбыстық варианттарымен).

Жайма — дастарқан. *Жайманың жаны тағам ғой* (Қарақ.).

Тартпа — шалғы орақ. *Тартпасыз шөпке барудың да керегі жоқ.* (Шығ. Қаз., Больш.).

Солма — түйеде болатын ауру түрі. *Солма — жан ауру* (Алм., Ұзын.).

Шапшыма — құлама су — «водопад» (Шығ. Қаз., Больш.).

-қы, -кі (және оның дыбыстық варианттары).

Тұрғы — мекен-жай, қоныс. *Менің тұрғым бұл жер емес* (Гур., Маң.).

Жамылғы — көрпе. *Жамылғының аяғын қымтап ал, шырақ, жаурап қаласың!* (Қарак.).

Пышқы — ара. *Пышқыны ағаш кесу үшін пайдаланамыз* (Сем.; Аб., Шұб.).

-маш, -меш.

Түймеш — шұжық (Сем.; Аб., Шұб.).

Көмбеш — таба нан. *Бір көмбеш әкел* (Жамб., Шу.).

-қар, -гер.

Дәскер — тұтқыш. *Дәскер қайда қазан түсіретін* (Қарак.).

Қамшыгер — қамшы шебері. *Имаштың жолдасы қамшыгер кісі ғой* (Шығ. Қаз., Больш.).

Шіліңгер — ағаш ұстасы. *Құдайберген керемет шіліңгер* (Шығ. Қаз., Марка.).

-ыш, -іш.

Шылауыш — кимешек және оның сыртынан тартатын орамал (Сем.; Аб., Шұб.).

Байлауыш — басқа тартатын жеңіл орамал. *Оған дүкендегі байлауыш ұнады.* (Сем.; Аб., Шұб.).

-ық, -ік.

Тапсырық — тапсырма. *Үйге берген тапсырықты орындамалы* (Түрікм., Таш.).

Жауық — аттың жабуы. *Мынау жерде аттың жауығы тұрушы еді, көрдің бе?* (Қоша.).

Алық-берік — алыс-беріс. *Алық-берігінен қорқып отырған шығар.* (Жамб., Шу.).

-ғыш, -гіш.

Чалғыш — алжапқыш, белдемше. *Алдыңа чалғыш салдың ба!* (Алм. Ұзын.).

Шапқыш — балта. *Шапқышты қайратып алу керек* (Сем.; Аб., Шұб.).

-кеш.

Түйекеш — түйеші. *Кәзір түйекеш болып жүрмін* (Түрікм., Красновод.).

Әйкеш — әйел. *Сенің әйкешің ғой, сірә, көрістірген* (Алм., Ұзын.).

-ман// -мән, -мәл.

Қалтаман — ұры. *Ертеректе бұл өңір қалтаман-дар мекені болса керек* (Түрікм., Таш.).

Кезімәл — кездеме, мата. *Бір азғана кезімәл алып едім.* (Сем., Көкп.).

Текемән — ірі, ақ тары. *Текемән — тарының асылы* (Сем.; Аб., Шұб.).

Бұл көрсетілгендерден басқа да қазақ говорларында зат есім жасауға қатынасатын жұрнақтар көп-ақ. Кейбіреулерін атап қана өтеміз: *-қақ, -кек: пұшқақ* — пұшпақ орнына, *піскек* — піспек, *батқақ* — батпақ; *-қай, -кей; шарқай* — шарық орнына, *жадағай* — жеңіл шапан, *ұраңқай* — қонақ үй; *-мақ, -мек; отырмақ* — сауық кеш, *бәрішмек* — беріш, *ешмек* — ешкі асығы; *-ым, -ім; құрылым* — құрылыс орнына, *отырым* — мекен, *ажырым* — айырмашылық т. б.

Республикамыздың оңтүстігі мен оған көршілес республикаларда тұратын қазақтар тілінде жүйесі басқа — араб, иран тілдерінен енген түбір сөзден кейін келетін *-хана* сияқты сөздер (*құсхана* — мал соятын жер, *наубайхана* — нан пісіретін жер (пекарня), *қозыхана* — қозы ұстайтын үй т. б.) мен қатар түбір алдында келетін «бей» префиксі де қазақ говорларының кейбіреуінде жиі ұшырайды: *бейқұтшылық* — тыныштық, *бейышқы* — талапсыз. Мысалы: *Біразы бейқұтшылыққа кірмесе керек. Бейышқының белгісі... мәжілісті көрмеген* (Жамб., Шу).

Сын есім

Тіліміздің говорларында кездесетін сын есімге жататын сөздерді іштей бөле келгенде, қазақтың әдеби тіліндегідей, мағына жағынан сапалық, қатыстық, ал тұлға жағынан қарағанда негізгі және туынды қалпында көрінеді. Мағынасы жағынан сапалық, тұлғасына қарай негізгі сын есімдер деп аталатындарды бір топта, ал қатыстық пен туынды сын есімдерді екінші топта қарастыру ыңғайлы.

Қазақ тілі говорларында қолданылатын, әдеби тілден ерекше делінетін сапалық сын есімдер аз емес. Олардың сипатын, мысал үшін келтірген, мына бір бөлек деректер аңғарта алады.

Ірік — ірі. *Мектепте былтырғыдай ірік* балалар жоқ (Сем.; Аб., Шұб.).

Кішік — кіші. *Ол ұлығыңызға да, кішігіңізге де үкім жүргізген* (Алм., Ұзын.).

Бұл екі сөздегі -к қосымшасы ертедегі тілдің қалдығы екендігіне күмән жоқ. Бірақ ол осы кезге дейін қазақ тілінің кейбір говорларында сақталған да, ал қазіргі әдеби тілімізде ықшамдалып «ірі», «кіші» болып қалыптасқан.

Мелде — сарғыш, сарғылтым. *Мелде* жылқы (Гур., Маң.). Түрікменстандағы қазақтар тілінде — ақсұр мағынасын береді.

Күмілжі — қарақошқыл. *Өте қызылдан кір көтеруге күмілжі қолайлы* (Түрікм., Ашх.).

Дойман — үлкен, ірі. *Кәдірхан күрескенде дойман кісілерді де жығатын* (Шығ. Қаз., Больш.).

Дәу — үлкен, ірі. *Өзі де бір дәу кісі болған екен дейді ғой көрушілер* (Алм., Ұзын.).

Нән — үлкен. *Анау нән түйетауықты қарашы.* (Түрікм., Гяу.)... *мына жартастардың бірінен бірі нән әрі тым жиі екен* (Ғ. Сланов, Дом. күйі ақ., 182-б.).

Әйдік — үлкен. *Әйдік қарбызыңнан берсейші* (Торғ., Жанк.).

Заттың ірілігін байқататын сөздер қазақ говорларында өте көп. Солардың үш-төртеуін ғана келтірдік.

Көрім — жаман, нашар. *Кешегі біз қонған үйдің әйелінің мінезі жайсыз, көрім екен* (Қ.-орда, Жал.).

Көрім — әдемі, жақсы. Сөздің осы мағынасына байланысты Қазақстанның шығысында Көрімбек, Көрімжан, Көрімбике сияқты кісі аттары да бар (Сем.; Аб., Шұб.).

Ерсі — жақсы, тамаша. *Барлық парми (жүгері мағынасында) да ерсі шыққан, суарып алсақ болар еді* (Сем.; Үрж., Мақ.).

Тақыл — жақсы, әдемі. *Небит-тауға қарағанда Красноводск ауасы тақыл ғой* (Түрікм., Красновод.). *Арнаңыздар, жазыңдар сөздің шырын тақылыны* («Жұмысшы», 1940, 8. XI).

Башақ — нашар. *Мынауың бір башақ нәрсе ғой* (Сем.; Аб., Шұб.).

Чеккі — жаман. *Сен осының кебісі қисық десең де, чеккі болады* (Жамб., Шу).

Қиын — мықты, күшті. *Ол үйдің сырасы аса қиын екен* (Сем.; Аб., Шұб.).

Жайбар — мықты. *Осы күнде елде ж а й б а р жігіттер өте көп* (Шығ. Қаз., Марқа.) ²¹.

Әпет — күшті. *Сол жігітті өте әпет көрдім* (Түрікм., Таш.). Келтірілген мысалдардан көрінгендей, қазақ говорларында тек қана үлкен, жақсы, нашар, мықты сөздерінің бірнеше корреляттарының барлығы байқалады. *Ар қ а й ы н* — еркін, жайбарақат орнына; *аңсат* — оңай, жеңіл; *маң* — сілсіз; *жоян* — зор; *күддері* — берік сияқты сындық мағыналарды беретін сөздерге қазақ говорлары өте бай.

Қазақ тілі говорларында есім сөздерден сын есім тудыратын жұрнақтар мыналар:

-л ы// -л і, -д ы// -д і, -т ы// -т і.

Жарақты — жарамды. *Малшылардың көбінде ж а р а қ т ы үй жоқ* (Ақт., Ойыл).

Пәтлі — екпінді, арынды. *Пұшық қауын тәтті болар, пысық қыз п ә т л і болар* (Қарак.).

Алапатты — беделді. *Бір кезде ол а л а п а т т ы кісі еді* (Қарағ.).

Әрлі — ажарлы, көрікті. *Ол кісі ә р л і екен* (Алм., Ұзын.).

Ұтырлы — ұтымды. *Ұ т ы р л ы жұмыс* (Гур., Маң.).

Сұрапатты — реңді, көрікті. *Ол с ұ р а п а т т ы кісі болуы керек* (Қоша.).

Қошағаш қазақтарының өзіне тән тілдік ерекшеліктеріне сәйкес әдеби тілде *-лы, -лі* жұрнағы орнына, сөз аяғындағы дыбыстың ұяң, сонор қалпына қарамастан *-ды, -ді* қосымшалары жалғанады: *сабырды* — сабырлы орнына, *жасауды* — жасаулы, *жайды* — жайлы т. б.

-л ы к// -л і к, -д ы к// -д і к, -т ы қ// -т і к.

Ибалық — ибалы, әдепті. *Мына келін и б а л ы қ екен, алдымыздан өтпеді* (Гур., Маң.).

Тамашалық — тамаша. *Т а м а ш а л ы қ заттар көп* (Орал, Талөк.).

Саттық — сатылатын. *Мына бие с а т т ы қ бие-ау, семіртпін әкелген екен* (Орал, Орда.).

-ғ ы// -ғ і- -қ ы// -ғ і.

Аманғы — ежелгі. *Елдің а м а н ғ ы тәрі ғой* (Қ.-орда, Жал.).

²¹ Аралбаев Ж., Бектұров Ш. Марқакөл және Катонқарағай экспедициясының материалдарынан. — Кітапта: Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері. Алматы, 1963, 5-шығуы, 272—279-б.

Тұрғы — тұрғын. *Тұрғы үй көп салынып жатыр* (Түрікм., Таш.).

Лаққы — күлдіргіш. *Мұндай лаққыны көрмедім.* (Ақт., Ырғ.).

-сыз//сiз.

Рапайсыз — қолайсыз, ретсіз. *Ұстауға рапайсыз нәрсе ғой мынауың* (Қ-орда, Терен.).

Ниқаятсыз — өлшеусіз. *Баланың бағы бар екен, ниқаятсыз дүниеге молықты* (Ақт., Шалқ.).

Тақайырсыз — тоқтаусыз. *Тақайырсыз жүріп отырсақ, кешке жетеміз* (Қарақ.).

-дай//дей, -тай//тей.

Зілмендей — ауыр, зілдей. *Біздің самаурын зілмендей* (Гур., Ес.).

Кекірдей — үлкен, еңгезердей. *Кекірдей болып жас балалармен ойнап жүргенің ұят қой, әкем.* (Алм., Ұзын.).

Дүмдей — үлкен, жардай. *Мынау бір дүмдей өгіз екен* (Сем., Көкп.).

-шыл//шіл.

Кемшіл — кем, тапшы (Алм., Ұзын.).

Жұмшыл — ұйымшыл. *Біздің халық қай халықтан болса да жұмшылақ қой* (Шығ. Қаз., Больш.).

Атқышыл — атқыш, мерген. *Мына Хиуа жағында әпет атқышылар болыпты* (Түрікм., Красновод.).

-шаң//шең.

Ауыршаң — аурушыл, жиі ауыратын адам. *Олауыршаң болып, қойдан түсіп қалды.* (Алм., Ұзын).

Ұялшаң — ұялшақ. *Балам, ұялшаң болсаң, үлесіңнен құр қаласың* (Түрікм., Таш.).

«бей» префиксі арқылы жасалған қатыстық сын есімдер де говорларда жиі ұшырасады. Әсіресе, Олар Түрікмен, Қарақалпақ республикаларындағы қазақтар тілінде жиі айтылады: *Ондай бейәдеп баланы көрсем-ау* (Түрікм., Ашх.). *Бейапар болсаң, болады ақыл ысырап.* (Алм., Ұзын.). Алғашқы сөйлемдегі бейәдеп — әдепсіз, ал соңғы — бейапар — тынышсыз, мазасыз мағынасын береді. Бұл жолмен жасалған: *беймұра* (мұрасыз), *бейбелгілілік* (белгісіз), *бейдарықтық* (орынсыздық), *бейқасиет* (қасиетсіз) және т. б. сөздер бар.

-қай//кей, -қор, -кы//кі, -аған//еген жұрнақтары арқылы жасалған *сылтықай* (жеңілтек орнына),

әуекей (әулекі), *әзілқор* (әзілқой), *жеккі* (жегін), *озаған* (озғыш), *кетеген* (қашаған) іспеттес сөздер де говорларда өте жиі.

-шы//ші жұрнақтары Шығыс Қазақстанның Большенарым ауданы мен Қошағашта тұратын қазақтар тілінде жиі қолданылып, әдеби тіліміздегі *-лық*, *-лік* жұрнағының мағынасын береді. Мысалы: *семейші* — семейлік орнына, *жамбылышы* — жамбылдық, *аягөзші* — аягөздік т. б.

Сын есім шырайлары

Ішінара қазақ говорларында сын есім шырайларын жасайтын жұрнақтарда да ерекшеліктер байқалады. Оны мына мысалдардан көреміз.

С а л ы с т ы р м а л ы шырайдың *-ырақ* жұрнағы кейбір сөздерге жалғанғанда түбір сөзге тікелей қосылмай, қосымша «д» дыбысынан кейін ғана жалғанады: *Жуандырақ* — жуанырақ орнына, *жылдамдырақ* — жылдамырақ, *көрімдірек* — көрімірек. *Мынау ауыл көрімдірек екен* (Шығ. Қаз., Больш.).

-рек жұрнағы әдеби тілде кездеспейтін, бірақ мағынасы жағынан оның баламасы боларлық говордағы сөзбен бірігіп, салыстырмалы шырай қалпын сақтайды: *пәстірек* — төменірек. *Анау ағаш үйден пәстірек екен* (Қарағ.).

-с ы м а л қосымшасы сапалық сын есімдерге жалғанып, кей говорда салыстырмалы шырай жасайды: *тереңсымал* — тереңірек. *Шүй басқа өзендермен салыстырғанда тереңсымал* (Қоша.).

Б ә с е ң шырай жасайтын жұрнақтардан да говорларда ерекшелік бар. Тілімізде бәсең шырай жасайтын жұрнақ *-лау//леу*, *-дау//деу*, *-тау//теу* орнына *-ақай*, *-шыл*, *-сымал*, *-ғыш*, *-ғырт* сияқты жұрнақтар қолданылады.

Бозақай — боздау. *Бозақай матадан 5 метр мата алдым* (Гур. Тең.).

Сарышыл — сарылау. *Сенің волгаңның түсі онікінен сарышыл* (Қарақ.).

Қызғыш — қызылдау. *Тобылғының қызғышы қамшыға жармайды* (Қ.-орда, Терең.).

Барансымал — барандау, **көкшілсымал** — көкшілдеу (Монғ., қаз.).

Шалғырт — буырылдау. *Ана жылдары шалғырт түсті сүтті сиыры болатын* (Түрікм., Гяу.).

-**іс** жұрнағы кейде *-шыл* қосымшасының орнына жүреді: *Көгіс* — көкшіл орнына (Гур. Маң.).

-**ымтыл -імтіл** жұрнақтары Түрікменстандағы қазақтар тілінде сапалық сын есімге қосылып әдеби тілдегі бәсең шырай жасайтын *-ғылтым, -гілтім* жұрнақтары орнына қолданылады: *көгімтіл, сарымтыл, қарамтыл. Көзің алдына не болған көгімтіл болып тұр ғой* (Түрікм., Ашх.).

«Ойран» сөзі кейбір сапалық сан есім алдынан келіп, солғындық мағынасын береді: **Ойран қызыл** — солғын қызыл (розовый) (Шығ. Қаз., Больш.).

Құшейтпелі шырайға жататын «көкпеңбек» сын есімі Қазақстанның шығысындағы тұрғындар тілінде «көкпенкөк» болып айтылады. *Тау көкпенкөк екен* (Сем., Көкп.).

Асырмалы шырай жергілікті тіл ерекшеліктерінде кездесетін өзіндік — *шыли, тегі, жүдә, кем* т. б. осы сияқты үстеу сөздер арқылы жасалады: *Мәйкөт ақын шыли алыста өтпеген. Келгенің тегі жақсы болды* (Шымк., Түлкі)²². *Кем жақсы* — өте жақсы (Шығ. Қаз., Больш.).

Сан есім

Сөз таптарының басқа түрлеріне (әсіресе атаушы есімдер ішінде) қарағанда қазақ говорларында сан есімде кездесетін ерекшеліктер өте сирек. Ұшырасатын ерекшеліктер көбіне бірлі-жарым сөздердің жеке басына тән болып келумен сипатталады.

Есептік сан есімдерде мынадай ерекшеліктер ұшырасады. Басқа түркі тілдері өкілдерінің ортасында, солармен аралас отырған қазақтар тілінде әдеби тіліміздегі есептік сандардың кейбіреулерінің дыбыстық тұлғасы өзгеріске түсіп, *біттә//ніттә* («бір» деудің орнына), *секкіз* (сегіз), *еллі* (елу), *алтмыш* (алпыс) болып айтылады: *інім, кәзір алтмыш жетіге келдім, ендігі қалған жасты неғылайын* (Қарақ.).

²² *Досқараев Ж.* Бір экспедиция отрядының диалектологиялық жұмысы туралы. — Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері. Алматы, 1958, 1-шығуы, 186—196-б.

Курделі есептік сан есім арасына «да», «де»—ыңғайлас мәнді жалғаулықтар килігетін жағдайлар бар. *Төрт жүз де қырық бес бас қой қырықты* (Ақт., БІРҒ.).

Әдеби тілімізде белгілі бір заттың санын көрсеткенде есептік саннан соң мал туралы әңгіме болса «бас» сөзі, басқа жансыз заттардың кейбіреулеріне «лана» сөзі тіркесіп келсе, кейбір қазақ говорларында олардың орнына «түйір», «сан» сөздері жиі қолданылады: *Құндыз, екі сан қасық әкелің* (Түрікм., Таш.). *Жолдас Мамедованың түсінігімен б с а н ы әйел-қыздар колхозға мүше болды* («Жұмысшы», 1946, 19, VII.).

Реттік сан есімдерге де тән говорларда ерекшеліктер азын-аулақ бар. Қарақалнақ АССР-ындағы қазақтар тілінде реттік сандардың кейбіреулерінің тұлғасы өзгеріп айтылады: *екіләнші* (екінші деудің орнына,) *жетіләнші* (жетінші), *онләнші* (оныншы). *Балам биыл ж е т л ә н ш і* класты құтарды (Қарақ.).

Енді бір қазақ говорларында реттік сан есімге тән жұрнақтар түсіріліп, есептік сан есім түрінде қолданылады: *бірден* (біріншіден орнына), *екіден* (екіншіден), *сегіз* (сегізінші) т. б. *Биыл ол сегіз класта оқиды. Ел-ғажы мың тоғыз жүз жиырма жылда туған* (Шығ. Қаз., Больш.).

Кейде біріншіден, екіншіден сияқты санамалап айтатын реттік сандарға «ой» сөзі тіркеседі де шығыс септігі соған жалғанады: *бірінші ойдан, екінші ойдан* т. б. (Шығ. Қаз., Больш.).

Жинақтық сан есімдердің говорларда кейде есептік сан есім түрінде қолданылатындары да бар: *екі* (екеу орнына), *үш* (үшеу) т. б. *Үшті мен алдым, екіні саған қалдырдым* (Қоша.).

Басқа бір говорда жинақтық сан есімнің тәуелденуіне тән ерекшелік кездеседі. Біреуі, екеуі, үшеуі сияқты жинақтық сан есімдер *бірісі, екісі, үшісі* тұлғасында көрінеді. *Көп таңдай бермей бірісіне қанағат тұтпалы* (Түрікм., Көнеүр.).

Топтық сан есімдерде кездесетін бір ғана ерекшелікті көрсетуге болады. Әдеби тілдегі есептік сандарға *-лап, -леп* жұрнақтары мен оның дыбыстық варианттары қосылып, топтау мағына берсе, кей говорда олардың орнына шығыс септік жалғауы қолданылады: *Мыңнан жылқы айдаса да, байдардың пейілі жаман болды* (Түрікм., Таш.).

Болжалдық сан есімдерден мынадай ерекшеліктерді атап өткен жөн. Синтаксистік тәсіл арқылы жасалатын бір-екі, үш-төрт іспеттес болжалдық сан есімдер қазақ говорларының кейбіреуінде *-лы, -лі* жұрнақтарының жәрдемімен жасалады: бірлі-екілі, екілі-үшті т. б. *Екілі-үшті бағор, басқыш қойылсын* (Орал, Жан.).

Бірлі-жарым тәрізді болжалдық сан есімнің әр сыңарындағы *-лі, -ым* жұрнақтары түсіріліп, «бір-жар» дыбыстық құрамында айтылады. *Қалыптасқан әдет бір-жар рет айтумен кете қоймайды* (Ақт., Ойыл).

Кейде болжалдық сан есімге тән шығыс септігі түсіріліп айтылады: *Осы совхозда мың* (мыңнан дегеннің орнына) *аса жылқы бар* (Сем., Аяг.).

Тілімізде кейбір болжалды сандар «сыртында», «үстінде» т. б. осы сияқты сөздердің тіркесе қолданылуы арқылы берілсе, кейбір говорларда «қаншада», «нешеде» сұрау есімдіктерінің қосарлануы арқылы жасалады. Елудің сыртында, Қырықтың үстінде деудің орнына *елу нешеде, қырық қаншада* болып айтылады. *Зәм-зәмнің әкесі қырық қаншада. Иіс елу нешеде* (Шығ. Қаз., Больш.).

Тарта, таяу, жуық сөздері арқылы жасалатын болжалдық сан есімдер қазақ тілінің бір говорында «алдында», екінші говорында «қолай» сөздерінің тіркесуімен айтылады. *Колхоз қойы 25 мыңның алдында* (25 мыңға тарта деудің орнына) (Сем., Аяг.). *Шағадамда 70 мыңға қолай* (таяу) *халық тұрады* (Түрікм., Красновод.). *Бұл екі поселкеде екі жүзге қолай жұмысшы және балықшылар тұрады* («Жұмысшы», 1955, 22. VI.).

Бөлшектік сан есімдерден говорлардағы мына құбылыстарды атаған жөн.

«Жарым», «жарты» сөздері «жары» не «жарасы» тұлғасында естіледі. *Осы қойдың жары* (жартысы) *қошқар* (Ақт., Ойыл). *Тең жарасы жиналмай түсіп қалды* (Орал, Жым.).

Қосалқы заттың бірін білдіретін «сыңар» сөзі кей говорда «жарна» сөзімен беріледі. *Жарна тағы да табылар* (Жамб., Шу).

Әдеби тілде «жарым» сөзі негізгі есепті санның соңынан тікелей тіркесіп келсе, кейбір говорларда бұлардың жұбын заттық ұғымдағы сөздер сыналап кіріп, ажыратады: жарым сағат, екі жарым ай орнына — бір *сағат жарым*, екі *-ай жарым* болып айтылады (Шығ. Қаз.,

Больш.). Дәл осы құбылысты екінші бір говордан да байқаймыз: *екі кило жарым* (екі жарым кило орн.), *бес гектер жарым* (бес жарым гектар) және т. б. *Абылов жолдас... күнге бес гектар жарым... орнына алты гектар жарым шөп шапты* (Орал, Шың.).

«Тоғыз жарым», «он екі жарым» сияқты уақыт өлшемін білдіретін бөлшек сандар «тоғыздың жартысы», «он екінің жартысы» болып айтылатын говорлар да бар. *Тоғыздың жартысында химиядан өткізетін сабағым бар* (Түрікм., Көнеүр.).

Есімдік

Тіліміздегі есімдіктер саны басқа сөз таптарына қарағанда өте ықшам болуына қарай, олардың қазақ говорларындағы ерекшелік мөлшері де тапшы. Ерекшеліктердің көбі түбір тұлғасы жағынан қазақтың әдеби тілі нормасынан ауытқымаса да, түбір сөздерге қосымша қабылдаудағы өзгешеліктерімен көзге түседі.

Жіктеу есімдіктеріндегі бір ерекшелік— I жақтың көпше және II жақтың сыпайы әрі көпше түрі ілік септігінің жалғауын қабылдағанда әдеби тілдегідей біздің, сіздің болмай, *бізің, сізің* қалпында айтылуы. *Бізің бала, сізің бала, шекті бала, епті бала* (Қарақ.). *...Партия мен үкімет бізің алдымызға зор міндеттер қойып отыр* («Соц. ең.», 1936, 23. II).

Әдеби тілде жіктеу есімдіктері тәуелдік жалғауының тек абстракциялық меншікті білдіретін түрі *-дікі* қосымшаларын қабылдаса, кейбір говорларда «д» дыбысы түсіріліп *-ікі* тұлғасымен қанағаттанады. *Совхоз бай болса, бізікі ғой* (Ақт. Қараб.). *Басқа мақала басылғандықтан сізікі басылмайды* («Үл. кең. ау.», 1931, 17.VI.).

Бұл тұлғалар әдеби тілдегіге керісінше, көптік жалғауын өздерінен соң қабылдайды — *бізікілер* (біздердікі орнына), *сізікілер* (сіздердікі). *Білік, ғылым бәрі сізікілер. Бізікілер тіпті басқа қызмет қой* (Гур., Ес.).

«Сенімен», «менімен» тұлғасында (көмектес септік-тегі) келетін жіктеу есімдіктері, «сеніңмен», «меніңмен» түрінде ұшырасады. *Меніңмен болдың жолдас бір сапарға-ай* (Орал. Қазт.). *Сеніңмен барып, минаратты көрмелі еді* (Түрікм., Көнеүр.).

«Маған», «саған» тұлғаларында болуға тиісті жіктік есімдіктері, барыс септігінің қысқарған түрімен қолданылады да, «маға», «саға» болып айтылады. *Ол қалтасындағы чақасын маға берді* (Шымк., Түлкі.). *Саға не жоқ!* (Бұл да сонда).

Сілтеу есімдіктерінен қазақ тілінің кейбір говорларында ғана ұшырайтын «тона//тонауды», ерекше көрсетуге болады. «Тона//тонау» есімдігі Қазақстанның батыс облыстары мен Түрікмен ССР-інде тұратын қазақтар тілінде жиі айтылады. *Көрінген тонадай дан Гурьевтім...* (өлең). *Тонада... сынағаның үшін ...сотқа береміз деп дабыл көтерген* («Жұмысшы», 1939, 22.VI.).

«Ол», «сол», «бұл» іспеттес сілтеу есімдіктері көмектес септігінің жалғауымен келгенде «оныңмен», «соныңмен», «бұныңмен» болып, ерекшелік тудырады. *Оныңмен неш дәулеті кем болған жоқ, жылына әр түлгі артушы еді* (Орын.; Ад., Бөр.).

Сұрау есімдіктерінен говорлардағы ерекшелік ретінде мыналарды атауға болады. Мұнда көбіне бір сұрау есімдігінің орнына екіншісін қолдану жиі ұшырайды:

«Қандай» есімдігі «қалай» есімдігімен алмасады. *Айтқан сөзі де ұнамды, қалай жақсы адам* (Сем., Аб., Шұб.).

«Қай» есімдігі «кім», «не»-мен кезектеседі. *Кім оқушы жоқ?* (Түрікм., Тедж.). *Не йерден келдің?* (Түрікм., Красновод.).

«Қандай» орнына «не», «қалай» орнына «неғып» сөздері қолданылады. *Бұл не адам?* (Орал. Қазт.). *Мұндай өзі тәртіпсіз адам бұқараны неғып басқарар?* (Орал, Жан.).

Кей говорда «нешеу» сұрау есімдігінің тәуелденген түрінің (нешеуі) орнына «нешесі» сөзі кезек алады. *Нешесін алып кетіпті дедің түйенің?* (Түрікм., Красновод.).

Өздік есімдіктерден жұрнақ арқылы жасалған үстеуде ерекшелік кездеседі. «Өздігінен» орнына «өзіндігінен» болып айтылады (Шығ. Қаз., Больш.).

Жалпылау есімдіктері:

Әмбесі — барлығы. *Теңгенің әмбесін маған бер* (Алм., Ұзын.).

Біткені — бәрі. *Біздің біткеніміз ол үйге сып кеттік* (Қоша.).

Еміл — бүкіл. *Еміл, Шүйде осы екеуін-ақ алама оқуға?* (Бұл да сонда).

Қай — барлық. *Ауданға халық қай жерден де келіп жатыр* (Шығ., Қаз., Больш.).

Мұқым — бүкіл, барлық. *Мұқым бір тайпа елді шақырып той істеді* (Монғ. қаз.).

«Бәрі» жалпылау есімдігі кей жерде «бәрісі» болып айтылады. *Қайда кетті бәрісі?* (Орын., Ад., Бөр.).

Белгісіздік есімдіктері қазақ говорларында мына сөздермен байланысты.

Әлдеқанша — әлденеше орнына (Сем., Аяг.).

Бірқанша — бірнеше. *Ол қаладан бірқанша кітап әкелді.* (Сем., Аяг.).

Бірбіреуі — әрқайсы. *Оқуға көңіл бөлмегендіктен бірбіреуі 2 пәннен «жаман» деген баға алып отыр* (Орал., Жан.).

Бір жара — кейбір. *Бір жара адамдар келді* (Қарак.).

Кім/кімісі — кейбіреу. *Кім онда, кім мында қалды* (Түрікм. Таш.). *Кімісі шай ішіп, кімісі бетімен отырды* (Қ.-орда, Жал.).

Кім-кім — әркім. *Мен осы мәселе туралы кім-кімге айттым.* (Қоша.).

Қайбір — кейбір. *Қайбір колхоздарда топанның ішіне дән жіберген* (Орал, Тен.) және т. б.

Болымсыз есімдіктер:

Біргім — ешкім. *Бүгін үйлеріңде біргім де болмады-ау деймін* (Қоша.).

Бірқайда — ешқайда. *Ол әзір бірқайда да істемейді* (Қоша.).

«Еш» сөзінің кара басының өзі-ақ кейбір говорларда «ешбір», «ешқандай» сияқты болымсыз есімдіктер орнына жүреді. *Еш мағынаға келмейтін сөз* (Түрікм., Красновод.). *Өз орталығымыздан да еш жәрдем болмай отыр.* (Шымк., Түлкі.).

Етістік

Өзінің алуан түрлі болып келуі, жиі қолданылуы жағынан қазақ тілі-говорларында етістікке тән морфологиялық көрсеткіштер өзгеше орын алады. Етістікке тән морфологиялық көрсеткіштер арқылы қазақ тілі-говорларының бір біріне ұқсастық жағымен қатар, олардың әр

қайсысына тән ерекшеліктері де ажырап, айқындала түседі. Говорлардағы етістікке тән ерекшеліктердің жалпы сипатын танытарлық тұлғалар түрі мына төмендегідей қалыпта көрінеді.

Негізгі және туынды түбір етістіктерге әдеби тіліміздің қалпынан тыс жұрнақтар қосылу дағдысы говорлардың кейбіреуінде жиі болып отырады. Оны мына сөздер анықтай түседі:

Бұйытақтау — бұйығу. *Біздің балалар бұйытақтап, қатты ұйықтап қалыпты* (Сем.; Аб., Шұб.).

Жобақтау — жобалау. *Бәрімізде осылай болады ғой деп жобақтаған едік* (Сем.; Аб., Шұб.).

Сатқындау — сату. *Баламызға барамыз деп малымызды сатқындап жатырмыз* (Сем.; Аб., Шұб.). т. б.

Есімдер мен етістіктерден етістік жасауда көп қызмет атқаратын *-ла, -ле* жұрнақтары Қазақстанның шығысындағы кей аудан тұрғындарында *-да, -де* дыбыстық тұлғасында көрінеді. Сөйтіп *-ла// -ле, -да// -де* жұрнақтары сөзге тек *-да// -де* тұлғасында ғана жалғанады; *байда* — байла орнына, *қорда* — қорла, *зорда* — зорла, *ойда* — ойла, *бойда* — бойла, *терде* — терле және т. б.

Бір көмекші етістік орнына екіншісінің қолданылуы да осы өңірде жиі кездесетін құбылыс. Мысалы: *Ол қайтып қойды* (кетті деудің орнына). *Машина келіп қойды* (қалды). *Сен мектепке бара қал* (қой). *Сағат сегізден тоғызға барады* (тоғызға кетті орнына) (Шығ. Қаз., Больш.; Қоша.).

Сын есімнен етістік жасайтын *-ла, -ле* (және варианттары) жұрнақтары орнына *-ай, -ей* қосымшалары қосылады. *Қалыңаю* — қалындау, *тынышаю* — тынышталу, *жеңілею* — жеңілдеу орнына және т. б. *Мына ағаш әбден жуанайған-ақ екен* (Қоша.). *Күбір салған соң, егістік жер қалыңады ғой* (Гур., Ес.).

-ла// -ле және оның дыбыстық варианттарымен көрінетін жұрнақтар зерттелген говорлардың бірқатарында есім сөздерге қосылады да дара баяндауыш міндетін атқарады: *Шайлау* — шай ішу орнына, *әлектеу* — әлекке салу, *кесектеу* — кесек ату, *қарсылау* — қарсы алу, *жұмыстау* — жұмыс істеу, *шөптеу* — шөп беру, *салттау* — салт жүру және т. б. *Бас-аяғы 40—50 шақырым жер ғой, салттап барсаң да болады* (Орал, Орда). *Шахи екеуміз құдаласуға* (құда түсу орнына) *бардық* (Түрікм., Таш.). *Күн ыстықта да суықтайды* адам

(Шымк., Шард.). *Моншалап келеміз* (Шығ. Қаз., Больш.).

Етістерде мынадай ерекшеліктер бар.

Негізгі етіс *-с (-ыс, -іс)* жұрнағын қабылдап, сырт қарағанда ортақ етіс тұлғасында көрінеді. *Сол баланың мінезі маған ұнаспайды* (Сем.; Аб., Шұб.). *Алдымен аты-жөнін сұрасайшы* (Түрікм., Көнеұр.). *Ол да бізге ерісіп жүрді* (Қарак.). *Біз аяңдай береміз, тез артымыздан жетіссін* (Гур., Маң.).

Бұл етіс өздік етістің *-л (-ыл//іл)* және ырықсыз етістің *-н (-ын//ін)* жұрнақтарын қабылдайды да өз мағынасында қала береді. *Көтеріп алып, жігітті жығылта* (жыға орнына) *салдым* (Алм., Ұзын.). *Колхозшылардың тұрмысты болу себебі малдың көптілігінен* (көптігінен орнына) (Сем., Аяғ.). *Мен келгенде шәй әлі қайналған жоқ* (қайнаған жоқ) *екен* (Гур., Ес.). *Осы кезде тиілмеген* (тیمеген) *қол, қашан тиіледі* (Түрікм., Көнеұр.).

Өзгелік етіс — жұрнақтары бірінің орнына бірі жұмсала берді. *Неше клас біткердім* (бітірдім орнына) *дедің?* (Түрікм., Тах.). *27 августа жиналыс өткересің* (өткізесің орнына) (Қарак.). *Баланы емізіп* (емізіп орнына) *жата берер едім* (Ақт., Ойыл).

Қимыл есімдері жұрнағының бірі *-у* орнына говорлардың кейбіреуінде есімшенің *-ар//ер, -тын, -ған* жұрнақтары жиі кездеседі. *Ол жерге тіп-тіке барарға* (баруға орнына) *жол жоқ*. (Гур., Махат). *Айтылған нәрселерді ұғар* (ұғу) *жоқ* (Қоша.). *Кейбір сиырды сауатын* (сауу) *қиын* (Шығ. Қаз., Больш.). *Имаштар кір жуғанға* (жууға) *кетті* (Шығ. Қаз., Больш.).

Есімшеге байланысты ерекшеліктердің негізгі түрлері:

-ған жұрнақты есімше орнына қимыл есім жұрнағы *-у* жалғанады. *Бір жылы 47 лампасын бірден алуым бар* (Түрікм., Көнеұр.).

-ар, -ер жұрнағы кейде есімшенің *-тын* жұрнағы арқылы беріледі: *Ол біз шығатынның* (шығырдың орнына) *алдында келді*. (Сем., Аяғ.).

Бұған керісінше құбылыс та говорлар шеңберінде болып тұрады: *Айтарғы* (айтатын) *сөзін айтты* (Жамб., Шу).

-түкін жұрнағы әдеби тілімізде жиі қолданылатын есімшенің *-тын//тін* жұрнақтарын алмастырады және

бұл қазақтың басқа говорларында мүлде жоқ. Үндестік заңына бағынбайды. *Өзі ешнәрсе алмай түкіндей ғой. Ол өзі бір қарамай түкін кісідей болып жүр* (Сем., Аяг.).

Көсемшенің қолданылуында да қазақ говорларына тән ерекшеліктер бар.

-n/-ын//-ін үнемді көсемше жұрнағының соңғы дыбысы көмекші етістікпен тіркесіп келгенде түсіріліп айту Қазақстанның шығыс аудандарында жиі ұшырайды. *Ол қызметіне асығы кетіп еді* (Сем., Аяг.). *Олар таңертең кеті қалды* (Қоша.).

Кейде үнемді (*-n*) көсемше жұрнағының орнына үнемсіз (*-а, -е, -й*) қосымшасы жалғанады, ал енді бірде керісінше құбылыста жиі кездеседі. *Мен карта ойнап* (ойнай орнына) *білмеймін.* (Қоша.). *Ел Сырға көшіп* (көше) *бастады* (Түрікм., Красновод.). Осыған керісінше құбылысқа мысал: *ол өлеңді айта* (айтып орнына) *қоя берді* (Бұл да).

-ғайы, -гейі (-қайы//-кейі) жұрнақтары кейбір говорларда көсемшенің *-ғалы//-гелі* жұрнақтарының міндетін атқарады. *Сен темір де мен көмір Ерiткейi* (еріткелі орнына) *келгенмін, Ерегесетiн ер болса, Елiткейi* (еліткелі) *келгенмін* (Қоша.). Ерекшеліктің бұл түрі Монғолиядағы қазақтар тіліне де тән.

Көсемшенің *-ғалы, -гелі* жұрнақтары кейде «бері» шылауымен тіркесіп келетін шығыс септік жалғауымен келетін есімше орнында көрінеді. *Келгелі бері* (келгеннен бері орнына) *жақсарып қалдым* (Жамб., Шу).

Кейде әдеби тілдегі көсемшенің — *-ғалы, -гелі* жұрнақтары енді бір жергілікті ерекшеліктерде сол әдеби тілде мақсатты келер шақ жұрнағы *-мақшы, -мекші* мағынасы орнына да жұмсалады. *Асан қалаға бүгін барғалы* (бармақ немесе бармақшы орнына) (Алм., Ұзын.).

Қазақ говорларында етістікке тән жақ, рай, шақ категорияларымен байланысты ерекшеліктер де бар.

Жақ категориясы. Әдеби тіліміздегі бірінші жақтың жіктік жалғауының жекеше түрі *-мын//-мін* (варианттарымен) болса, қазақ тілінің кейбір говорларында *-ман, -пан* қалпында айтылады. *Мен ертең Нүкіске бараман* (Қарақ.). 1-жақ көпше түрі *-мыз, -міз* орнына *-мыс, -міс* жалғаулары қолданылады. *Бес-алты*

күнде кетеміс (Орын.; Ад., Бөр.). Біз ертең осы уақытта үйде боламыс (Қоша.).

-сыңыз-сіңіз сияқты етістікке жалғанатын екінші жақ жіктік жалғауының сыпайы түрі де қазақ говорларының кейбіреулеріне кеңінен жайылған. Ол әдеби тілдегі -сыз, -сіз жалғауы міндетін атқарады. *Сіз Телман колхозға қашан барасыз?* (Түрікм., Таш.). *Сіздер неге қараған шаппайсыңдар?* (Орын.; Ад., Бөр.). *Сіз Ахметпен бірге жүресіңіз* (Гур., Ес.). Бұл грамматикалық тұлға Қазақстанның шығыс аудандарында да қолданылады. *Сіз кісінің айтуымен жүрмейсіңіз ғой* (Сем.; Аб., Шұб.).

Рай категориясында байқалатын ерекшелік түрлеріне мыналарды жатқызуға болады.

-алы//-елі: Бірінші жақтың көпше түрі әдеби тілімізде -айық//-ейік, -иық//-иік жалғаулары жәрдемімен жасалса, қазақ говорларының ішінде олардың орнына -алы//-елі тұлғалары жүреді. *Оған жақсылап айталы* (Қарак.). *Көп сөйлеп, сөз қадірін кетірмелі* (Жамб., Шу). — *Жарайды, баралы* (Шымк., Түлкі.). *Шахимен магнитофон хақында сөйлеселі* (Түрікм., Таш.).

Бұйырық райдың бұдан басқа екінші жаққа тиісті -ң (-ың, -ің), -ғын//-гін (дыбыстың варианттарымен), -ғыл//-гіл (варианттарымен), -ғың//-гің, -сашы, -са сияқты жалғаулары да бар:

-ың//-ің: *Бар, Батырды чақырың!* (Түрікм. Ашх.). *Соны берің де, содан құтылың!* (Қарак.). *Орындарыңнан тұрың, балалар!* (Гур., Маң.).

-ғын//-гін: *Балаларды сұрастырып, бір-біріне таныстырғын* (Жамб., Шу). *Жұмыс басына барып қайтқың* (Шымк., Түлкі.).

-ғыл//-гіл: *Сен осыны оған айтқыл* (Қарак.).

-ғың//-гің: *Тез барғың, әкем, такси келіп қалар* (Алма., Ұзын.).

-сашы, -са: *Ей, есікті жапсашы*. Осы іспеттес сөйлем кейде «есікті жапса» тұлғасында бұйырық мағынада айтылады (Шымк., Түлкі.).

Қалау райында да ерекшеліктер бар. Әдеби тілде етістік түбіріне -қы//-кі, -ғы//-гі жұрнақтары, оларға тәуелдік жалғаулары қосылып, содан кейін «кел» етістігі тіркесіп қалау райының бір түрі жасалса, кейбір говорларда алғашқы компонентінде өзгеріс болмай, соңғы «кел» етістігі орнына болымды түріне «бар», болым-

сыз түріне «жоқ» сөздерінің тіркесуінің нәтижесінде қалау райы пайда болады. *Баламды биыл оқуға жібергім бар* (Жамб., Шу). *Оның ішкімді жамандағысы жоқ* (Шымк., Түлкі.). *Алмагүлдің біздің үйге келгісі бар* (Алм., Ұзын.). *Менің биыл оқуға барғым бар* (Сем., Аяг.).

Қалау райының бұл түрі Монғолиядағы қазақтар тілінде сәл өзгеше. Мұнда да етістік түбіріне *-ғы//-гі* жұрнағы қосылады, бірақ тәуелдік жалғау үш жақта да «ой» зат есіміне жалғанып, содан соң «бар», «жоқ» сөздерімен тіркеседі. *Оқығы ойым бар. Оқығы ойың бар.* Немесе көнше түрі: *оқығы ойымыз да бар т. б.* (Монғ. қаз.).

Әдеби тілде жиі ұшырайтын «барса игі еді» тұлғалы қалау райы кейбір говорларда «барсагетті», «келсегетті» сияқты қалыпта айтылады. Кейде «барсагетті», «келсегетті», болып та кездесе береді (Шымк., Түлкі.).

Шақ категориясы. Тіліміздегі шақ категорияларының қай түрінен болмасын говорларға тән өзіндік ерекшеліктер табылады.

Өткен шақта кездесетін ерекшеліктердің бірі— әдеби тілде есімшенің *-ған//-ген* немесе көсемшенің *-ын//-ін* жұрнақтарының жәрдемімен жасалатын бұрынғы өткен шақ говорларда *-улы//-улі* қосымшасын қабылдайды. Ол көбіне үшінші жақта жиі айтылады. *Ай жүріп, Маңғыстауға зордан жетулі* (жеткен орнына) (Түрікм., Красновод.). *Махамбет батыр саржа тартуға өте шебер болулы* (Орал, Жан.). *Менің кім екенімді осы ел білулі* (Қарақ.). *Бәрі де телміріп төніп қалулы* (Ақт., Ойыл).

Сирек болса да, *-улы//-улі* бірінші жақ жіктік жалғауын да қабылдайды. *Бүгін мықтап шаршап қалулымын* (қалыппын орнына) (Орал, Қазт.). *Ол кезде мен де қалада болулымын* (болғанмын) (Гур., Ес.). Соңғы екі сөйлемнің алғашқысынды *-улы* жұрнағы әдеби тілде көсемшенің *-ын* жұрнағы арқылы жасалатын бұрынғы өткен шақ орнына жұмсалып тұр. Демек, говорда ол (*-улы//-улі*) әдеби тілдегі *-ын//-ін* арқылы жасалатын бұрынғы өткен шақ мағынасын да бере алатыны байқалады.

Говорларда кейде *-ын//-ін* көсемшесінен кейін «тыр» тұлғасы тіркесіп те бұрынғы өткен шақ мағынасын береді. Бұл көбіне үшінші жақта қолданылады. *Ертеде*

Қарынбай деген сараң болыптыр (болыпты орнына) (Еділ бой. қаз.).

Әдеби тілімізде бұрынғы өткен шақтың синтаксистік тәсілмен берілетін түрі — шартты рай формасына «керек» сөзінің тіркесіп айтылуы болса, ол кей говорда шартты рай орнына есімшенің *-ған* формасында келеді. *Сол қызды ол алған* (алса орнына) керек (Қ.орда, Арал.).

Тілімізде *-п* (*-ып, -іп*) жұрнақты көсемше мен «е» етістігінің жіктелуімен күрделене түсіп те бұрынғы өткен шақ жасалалы. Міне осындай бұрынғы өткен шақтың болымсыз түрінің айтылуында да кейбір говорға тән ерекшелік бар. *Мен осылай деп айттым емес пе* (Сем.: Аб., Шұб.). *Кеттің емес пе* (Шығ. Қаз., Больш.). *Сен бардың емес пе* (Қоша.). Осы сөйлемдердің баяндауыштары әдеби тіл нормасында: *айтпап па едім, кетпеп пе ең, бармап па едің* болмақшы. Говорда кездесетін бұрынғы өткен шақтың бұл формасы осы кезде баспа жүзінде қолданылып та жүр.

Осы шақта байқалатын ерекшеліктер ішінде айрықша көзге түсетін құбылыс нақ осы шақтың бұрынғы өткен шақ жолымен жасалуы. Көсемшенің *-п* (*-ып// -іп*) жұрнақтары жіктеліп нақ осы шақ мағынасын береді. *Таба алмай жүріппім* (жүрмін орнына). *Екі көзі жәутеңдеп отырыпты* (отыр) (Қарақ).

-ар, -ер жұрнақты есімше *-а, -е* тұлғалы көсемшеден соң жалғанып және «е» етістігінің тіркесуі арқылы говорларда ауыспалы осы шақ туады. *Кемшіліктерді көптеп кездестіруге болар еді* (болады орнына) (Ақт., Ойыл). *Жастарға өнеге көрсетер еді* (көрсетеді) (Орал., Жан.).

Күрделі етістіктің дербес мәнді сыңары *-а, -е* жұрнақты көсемшеге аяқталып, «кел» көмекші етістігі жедел өткен шақ жұрнағын қабылдап та говорларда ауыспалы осы шақ мәнін береді. *Той да аяқтала келді* (аяқталып келеді орнына). *Үш қысқа азық болғандай пішен жинала келді* (жиналып қалды) (Орал, Жым.).

Қелер шақ құрамында да айта қаларлық ерекшеліктер жоқ емес.

-(а) жақ қосымшалы етістік қазақ говорларының кейбіреуінде әдеби тілімізде мақсатты келер шақ жасауда қатысатын *-мақ// -мек* (варианттарымен) жұрнақтары

орнына жүреді. *Біз кешкісін ауданға бара жақпыз* (Ақт., Ыр.). *Мен ертең жүре жақпын* (Қарақ.). Кейбір жерде бұл тұлғаның *-ашақ, -ешек* сияқты дыбысталуы да бар. *Бара-бара дін қалашақ* (Орын.; Ад., Бөр.).

-малы// -мелі жұрнағы да, әдеби тілде дәл жоғарыдағыдай қалыпта жасалатын, мақсатты келер шақ жасаудың говорлар үшін тиімді түрі. *Ол сол ауданнан товар алмалы* (Түрікм., Таш.). Бұл қосымшаның кейде міндеттілік мағына беретін, *-у* жұрнағы мен «керек» сөзінің тіркесі арқылы келген, күрделі баяндауыш орнына жүретін кездері де бар. *Бала келсе де, қой соймалы* (сою керек орнына) (Түрікм., Тедж.). Дәл осындай мағынаны Қарақалпақтағы қазақтар тілінде *-ғайлы// -гейлі* жұрнағы береді. *Енді картаны алмағайлы* (алмау керек орнына), *әйтпесе ұтыласың* (Қарақ.).

Енді бір говорларда бұл мағына *-у* жұрнағы орнына көсемшенің *-а, -е* қосымшасының ауысып келуі нәтижесінде пайда болады. *Сенің осында жүресің керек*. *Сенің бұны білесің* (білуің орнына) керек (Қоша.).

Говорларда болжалды келер шақ мына жолдармен жасалады: *-у* тұлғалы қимыл есімдер (әдеби тілдегідей «мүмкін» емес) «бар» сөзімен тіркеседі. *Арбаның аунап кетуі бар* (Қоша). *Сараның қайтып оралуы бар* (Шығ. Қаз., Больш.).

Говорларда кездесетін болжамды келер шақтың енді бір түрі — көсемшенің *-а, -е* жұрнақтары жіктеліп (әдеби тілдегідей есімшенің емес), оған «шығар» сөзі тіркеседі. *Мен ертеңгісін Ырғызға жүрем шығар* (жүретін шығармын орнына) (Ақт., Қараб.). *2 сом 80 тиыннан сатам шығар* (Ақт., Ойыл.).

Кейбір говорлардағы ауыспалы келер шақтың әдеби тілдегіден айырмасы *-ды* қосымшасы орнына *-дүр* жұрнағының қосылуымен ғана ерекшеленеді. *Бұл жақсы ат боладүр*. *Ол ертең менімен қалаға барадүр* (Жамб., Шу).

Ауыспалы келер шақта болатын ерекшеліктің тағы бір түрі мынада — сұрау мәніндегі күйінде де оның *-ды// -ді* қосымшасы түсіп қалмайды. *Кемерің жағынан мал келеді* (келе орнына) *ме?* (Ақт. Ойыл.). *Мүшелік жарнасын төлеп тұрады* (тұра орнына) *ма?*

Етістікке тән ерекшеліктердің мол екендігін жоға-

рыда ескерттік. Оның бәрін атап өту мүмкін емес. Қазақ говорларына тән етістікке байланысты ерекшеліктердің негізгі сипаты осылар іспеттес.

Үстеу

Қазақ говорларындағы үстеулерді мағыналық жағынан топтағанда, олардың жалпы сипаты өте ерекшелене түседі. Бір жағдайда, сыртқы дыбыстық тұлғасы жағынан әдеби тілде басқа сөз табына жататын сөз говорлардың бірінде үстеуге қосылса, енді бірде, дыбыстық тұлғасы бірдей сөз әр говорда әртүрлі мағынадағы үстеулер қатарында көрінеді.

Мезгіл үстеулері. Әдеби тілімізде «алғашқы», «әуелгі» іспеттес мезгілдік мағына беретін үстеулер орнына говорларда мына төмендегі келтірілген сөздер қолданылады:

Ау уақыт: *ау уақытта жаңбыр болмады.* (Жамб., Шу).

Өзбастан: *адайы болсын, табыны болсын өзбас-тан осы түрікмендермен аралас қой* (Түрікм., Көнеүр.).

Тәугі: *Тәугі туғаннан кейін тұмса деп айтпайды* (Орын.; Ад., Бөр.).

Тегінен: *Ол тегінен сонда істейді* (Қоша.).

Түбінен: *бұл жағдайды түбінен ойлау керек* (Түрікм., Красновод.). *Қызыл бұрыш түбінен болмай келді* («Қараб. жұм.» 1937, 14.IV.).

Ілкі: *ілкіде бұл кісіні танымай қалып едім* (Орал, Қазт.). *Соғыстың ілкі күнінде Жер қайысқан жендеттің Тілерсегі қырқылды* (Н. Байғанин).

Тіліміздегі «үнемі», «ылғи» үстеулерінің мағынасы говорларда мына сөздермен алмастырылады:

Аманда//дайым: *аманда қымыз ішіп тұрдық. Мінгенім дайым менің көк дөнен-ді, Жегені көк дөнненің көк өлең-ді* (Орын.; Ад., Бөр.).

Бойлай: *ол бар өмірінде бойлай өлең айтып келеді* (Гур., Маң.).

Кияр: *колхозда жұмысты қияр істеушілер көп* (Гур., Маң.).

Қырқай. *Әнуар сабақты қырқай жақсы оқиды* (Алм., Кег.).

Мыдам: *мыдам сені көрген сайын кеш шығар деп ойлап қалам* (Түрікм., Ашх.).

Үнемге: бұл кісі үнемге терлейді де жүреді (Шығ. Қаз., Больш.).

Ілкі: Жас жарлығып ілкі көп қолдың алдында тұрады (Қарағ.).

«Ілуде», «анда-санда» мезгіл үстеулер орнына говорларда мынадай сөздер қолданылады.

Әрәдік: Әрәдік үйге де барып келеміз (Сем.; Аб., Шүб.).

Рабайда: керекті әңгімені рабайда біреу айтып бере алады. (Ақт., Брғ.).

Тоғайда: Жақсы әкеге баласының тоғайда бірі тартады ғой (Түрікм., Таш.).

Чанда-чанда: чанда-чанда болмаса, үйге ешкім кемейді (Жамб., Шу).

Шығайда: төңіректе сиыр ұстаушылар шығайда ғана кездеседі (Түрікм., Гяу.).

Шыған тоғай: Мың жылқыны бұрын шыған тоғайда біреу ғана ұстаған (Орын.; Ад., Бөр.).

Тіліміздегі «таңсәрі», «бозалатаң» мағыналарын говорларда мынадай үстеулер бере алады. Оны төмендегі сөздерден көреміз.

Ерен-паран: бригадир ерте ерен-паранда тұрады (Алм., Шел.).

Саралатаң: пақта жинау кезінде колхозшылар саралатаңнан тұрады (Түрікм., Тах.).

Таңамал: олар шөпке таңамалда кеткен (Жамб., Жамб.).

Алдын кеште — кештете, кешке орнына. Күннің ысылығы басылғансын, алдын кеште жүрерсіңіз (Түрікм., Неб.). Осыдан олар алдын кештете Шалқарға жетеді (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер, 102-б.).

Бітте — қазір. Бітте барамыз да, қайтып келеміз (Қарақ.).

Қайсы кезде — кейде. Қайсы кезде олар ерте келіп қалады (Шығ. Қаз., Больш.).

Сірә — түбі, кейін. Шөлмектің арғы бетін сірә жуа-сың (Түрікм., Көнеур.).

Жарын — келер жыл, келесі жыл. Ол жарын келеді (Орал, Жым.).

Говорларда кездесетін мезгіл үстеулері бұл аталғандармен шектелмейді: азанда — таңертең орнына, кеште — кешке, алагеуім — алакөлеңке т. б. көрсете кеткен жөн.

Мекен үстеулері де говорларда аса көп бол-
маса да, ішінара ұшырасып отыратындығына мына сөз-
дер айғақ.

Із— кейін, кері орнына. *Ізіңе қарамаң* (Түрікм.,
Тедж.).

Бойында — ішінде. *Екі күн бойында құтар деп
атыр* (Түрікм., Тах.).

Мекен үстеулері *-рақ//-рек* жұрнақтары арқылы да
жасалатын кездері бар.

Пәстірек — төменірек. *Қонақтан пәстірек отыр*
(Қарағ.).

Кейде осы *-рақ//-рек* жұрнақтары алдына «д» дыбы-
сы қосылып та кей говорларда мекен үстеуінің өзгешелі-
гін тудырады: *былайдырақ* (былайырақ орнына), *төмен-
дірек* (төменірек) (Шығ. Қаз., Больш.) және т. б.

Мөлшер үстеулері. Үстеулердің бұл түрі көбі-
не морфологиялық және синтаксистік тәсілдер арқылы
жасалады:

Азда-аз — кемде-кем. *Осы кезде орысша білмейтін-
дер азда-аз шығар* (Түрікм., Таш.).

Азын-шоғын — азды-көпті, біраз. *Тұра тұр, мына
жерде менің азын-шоғын шаруам бар* (Орал, Чап.).

Бірпәс — біраз, азырақ, сәл. *Әкем, бірпәс тұра
тұр, мен үйге кіріп шығайын* (Алм., Ұзын.).

Ерепасыз — өте көп, недәуір. *Күн кеше ерепасыз
жауды* (Шығ. Қаз., Больш.).

Жеройдық — недәуір. *Адам жеройдық жиналып-
ты* (Түрікм., Көнеүр.).

Әдеби тілдегі «неғұрлым», «соғұрлым» сияқты үстеу
сөздердегі «л» дыбысы түсіп қалып та, кей говорларда
ерекшелік туғызып «неғұрым», «соғұрым» болып айты-
лады (Сем., Аяғ.).

Қазіргі қазақ тілінде *-шама* жұрнағы қосылып та,
мөлшер үстеулері жасалады. Тіліміздің говорларында
оның орнына *-дайма* жұрнағы қосылатын жағдайлар да
бар. *Қылышбай ренжірліктей сондай ма не істеппін?*
(Түрікм., Көнеүр.). *Планды күштерін дұрыс пайдалан-
ғанда мұндай ма олқылыққа ұшырамауға... мүмкін-
дік бар еді* (Орал, «Қ-зшылар үні», 1937, 8.VII.). Тіпті
әдеби тілде жұрнақсыз қолданылатын сөздер говорлар-
да *-ма//-ме* жұрнақтарын қабылдап та, мөлшер — үстеу-
ін туғызады: *Ол үшін бір неше ме* (неше орнына) *фак-
тілер келтіруге болады* (Орал., Жым.).

Бейне үстеулеріне мысал ретінде төмендегілерді көрсетуге болады:

Албаты — беталды, бекер, бос. *Албаты жүре бергенше, шаруамен айналыссаңшы* (Қоша.).

Бүйкүт — кенеттен. *Оңбаған, бүйкүт соқты, әйтпесе ме?* (Түрікм., Бекд.). *Бұрын біздің жақ шағын бір ауданнан шағын әскер күшін топтап ап, бүйкүт соғатын* (Ә. Нұрпейісов, Құт. Күн., 78-б.). Кей жерде бұл тұлға «бекүт» болып та кездеседі (Гур., Маң.).

Мәстатына — бекер, басқа. *Шоферлар мәстатына кетіп жүр* (Түрікм., Красновод.).

Науан — бос, бекер. *Онауан жүріске үйір* (Орал, Чап.).

Сәукілдеп — бекерден-бекер, бостан-босқа. *Мына жігіттер неге сәукілдеп жүр* (Сем., Аб., Шұб.).

Шалт — тез, шапшаң. *Аяғыңды шалт бас, қалып қойдың* (Түрікм., Таш.). *Бірақ шалт көтеріп, шапшаңдап басқан мың-мың аяқ... жол салып баратты* (Ә. Нұрпейісов, Құт. Күн., 38-б.).

Басқа сөз таптарынан не негізгі үстеулерден *-нан//нен* (дыбыстық варианттарымен) қосымшалары арқылы да говорларға тән бейне үстеулері пайда болады: *шыннан* (шын орнына), *тезден* (тез), *зордан* (зорға) т. б. *Шыннан да мен шыдай алмадым* (Түрікм., Гяу.). *Осының қорытындысын тезден қайтарсаңыз тым жақсы болар еді* («Қараб. жұм., 1937, 23.III).

Бейне үстеулеріне тән *-ша//ше* жұрнақтары орнына бірқатар говорларда *-лап//леп* қосымшасы жұмсалады: *монғолдап* (монғолша орнына), *орыстап* (орысша), *қазақтап* (қазақша). *Мен олармен қазақтап сөйлестім* (Қоша.).

Кейде осы *-ша//ше* синтаксистік тіркеске қатынасып үстеу мағынасын береді. *Мен де білген қатарымша* (білгенімше орнына), *айтып берейін* (Қоша.).

Кейда «ауызша», «жазбаша» сияқты үстеулер «ауыздай», «жазудай» тұлғасында ұшырасып та, говорларда ерекшелік туғызып отыратындығын көрсете кетпеске болмайды.

Күшейту үстеулері. Говорларда өте көп ұшырайтыны осы үстеулер. Олардың бір тобы мына төмендегідей:

Әскере — өте, аса. *Әскере қызыл тез оңады* (Сем.; Аб., Шұб.). Әдеби тілде: «Әсіре қызыл» болмақ.

Дәс — мүлде. *Мен шарап ішуді дәс қойдым* (Сем., Көкп.).

Дөшін — ерекше, айрықша. *Бұл дөшін нәрсе екен* (Сем.; Аб., Шұб.).

Еже — ен. *Түйе еже шетке шығып жайылып жүр* (Түрікм., Бекд.).

Ерепан — тым, өте. *Сіз ерепан көп жүре бермеңіз, шаршап қаларсыз* (Шығ. Қаз., Күрш.).

Жүдә — өте, тым. *Бұл қалпақ ыстықта жүдә жақсы* (Шымк., Сар.). *Меніңше, қала жүдә жақсы деп бір нәрсе айтқысы келгенде, ұяңдық жасап тоқтап қалды* (М. Әуезов).

Қиян — өте, аса. *Оның аты қиян жүйрік* (Орал, Қазт.).

Қиын — аса, ерекше. *Ол қиын жүйрік ат* (Шығ. Қаз., Күрш.).

Лүт — өте, тіпті. *Өзі семіз болса да лүт арзан* («Жұмысшы», 1939, 22, VII.).

Өтеме — өте, аса, тым. *Бүгінгі өтеме шаршағаным естен кетпес* (Түрікм., Таш.). *Бұл 5 тетрат жоғарғы класс үшін өтеме аз* («Жұмысшы», 1941, 16.X).

Тақа — мүлде. *Отын тақа пітті* (Сем.; Аб., Шұб.).

Тас — мүлде. *Мені күнде ет жеуге тас үйретті* (Түрікм., Гяу.).

Ізнәр — мүлде, тіпті де. *Ол ізнәр үйтпейді* (Сем., Аяғ.).

Ірә — өте, тіпті. *Ірә қызық болған екен* (Түрікм., Ашх.). *Кешегі көрген киномыз ірә қызық екен* (Гур., Маң.).

Мақсат үстеуінен кейбір говорда кездесетін «жори//жория» сөзін айта кетуге болады. Ол әдеби тіліміздегі — жорта, әдейі сөздерінің орнына қолданылады. *Ол саған жория айтып отыр* (Орал, Чап.).

Шылау

Қазақ тілінде септеулік, жалғаулық және демеулік болып, үш топқа бөлінетін шылау категориясының қайсысынан болса да, говорларда кездесіп отырады.

Септеуліктер. Әдеби тілде синоним болып келетін екі не үш септеулік шылау орнына қазақ говорларында олардың бірнеше баламаларын ұшыратуға болады. Мысалы тіліміздегі «сияқты», «секілді», «тәрізді»

сөздерінің говорларда мына төмендегі түрлері қолданылады:

Реуешті: *Мынау түйме реуешті нәрсе екен* (Қоша.).

Сиықты: *Мен сиықты сүремі қарттар толып жатыр* (Шығ. Қаз., Марқа.).

Сияқатты: *Біз сияқатты адамдарға не жорық* (Түрікм., Көнеур.).

Тақылетті: *Сарбас қурай да көк бас қурай тақылетті* (Көкш.). *Қрай да облыс тақылетті екен* (Жамб., Шу.).

Тіліміздегі «дейін», «шейін» септеулік шылаулары орнына говорларда мынадай тұлғалар өте жиі қолданылатындығы көрінеді.

Декті: *Ол әрбір жүз саулықтан алынған қозының санын 150 декті жеткізді* (Шығ. Қаз., Больш.).

Ешейін: *Соған ешейін көрменгі* (Шығ. Қаз., Больш.).

Деуір: *Соған деуір* (Шымк., Түлкі.).

Шекті: *Бұл елдің баласына шекті аса әдепті екен* (Сем.; Аб., Шүб.).

Шекім: *Тоғызға шекім келмес пе екен* (Монғ. қаз.). Мұның Қошағаш қазақтары тілінде «шегім» дыбыстық варианты да кездеседі: *Біз істің мәнін соған шегім түсінбеппіз* (Қоша.).

Шекейін: *Біз Ақталға шекейін жаяу бардық* (Бұл да).

Шекті дейін: *Шүй суына шекті дейін қазақ орналасқан* (Шығ. Қаз., Больш.). Бұл жерде шылаудың диалектілік және әдеби варианттарының қабаттаса қолданылғаны байқалады.

«Қарай» шылауы орнына говорларда мына сияқты сөздер жұмсалады:

Жарай: *Сабаңа жарай піспегің, сақалыңа жарай іскегің* (Мақал. Шығ. Қаз., Больш.).

Көре: *Формасына көре ұнатып қалыпты* (Түрікм., Тах.).

Қарап: *Текебай мына мектепке қарап кеткен* (Түрікм., Таш.).

Қарата//қаратайын: *Мен үйге келгеннен кейін қарата шаршамайтын болдым* (Қоша.). *Содан бері қаратайын мен қалаға барған емеспін* (Шығ. Қаз., Больш.).

Бұлардан басқа септеулік шылаулардың мынадай түрлері де бар:

Артынан — «соң» шылауы орнына жиі қолданылады. *Ол аурудың артынан жұмыс істей алмай қалды* (Шығ. Қаз., Больш.).

Керегінде — жөнінде, туралы. *Менің сіздерде жұмысым бар, мен сол керегінде келдім* (Қоша.).

Қолай — таман, жуық. *Ташаузда 70 мыңға қолай халық тұрады* (Түрікм., Таш.).

Соң жерде — сон. *Айтқан соң жерде, орындау керек емес пе?* (Алм., Ұзын.).

Тұрғысында — туралы, жөнінде. *Кеше жиылыста мен тұрғысында сөз болыпты* (Сем.; Аб., Шұб.).

Үстінен — арқылы. *Кітаптарды кооператив үстінен алдырамыз* (Түрікм., Таш.).

Кейбір говорларда «арқылы» шылауының дыбыстық өзгешелікпен келетін «арқалы» түрі де кездеседі.

Жалғаулықтар. Қазақ тілі говорларында жалғаулық шылаулардың мынадай түрлерін кездестіруге болады.

Әгәрім — егер. *Әгәрім сен енді жарты сағат кешіккенде, бізді таба алмайтын едің* (Шығ. Қаз., Больш.).

Әйем — тағы. *Әйем айтарың бар ма?* (Түрікм., Тедж.).

Әлі — бірде. *Ол әлі былай, әлі олай сөйлейді* (Сем.; Аб., Шұб.).

Әм — да, де орнына, кейде «және» жалғаулығына да балама болады. *Манағы жерге сендермен мен әм барамын* (Түрікм., Таш.). *Қираған, сынғандары әм жарылғандары көп-ақ* (Түрікм., Ашх.).

Әмбі — әрі. *Мен әмбі оқыдым, әмбі жаздым* (Қоша.).

Әмбе — не. *Мен астықтың әмбе қарауылы, әмбе тасушысы болып жұмыс істеймін* (Сем.; Аб., Шұб.).

Әмбесінде — және. *Ауылда адам жоқ, балам шөпке бара алмайды әмбесінде қой жаятын адам жоқ* (Монғ. қаз.).

Әсе — әйтпесе. *Әсе шай ішіңіз* (Сем., Аяғ.).

Дейтұрғанмен — дегенмен. *Дейтұрғанмен, мен ол жерге барып келейін* (Орал, Жән.).

Е — не. *Ол е заттың, е малдың бағасын білмейді* (Қоша.).

Жа//жәмесе — не, немесе, я. *Құдық қазғанда топы-*

рақ ішіне құламас үшін жа ағаштан, жа тастан өреді. Борышқа ұшыраған жә м е с е апатқа ұшыраған адамдар жылу сұрап келеді (Орын.; Ад., Бөр.).

Және — тағы. *Және кім айтып бере қояды* (Түрікм., Тедж.). *Келесі күні «Аманкелді» киносы және болды* («Жұмысшы», 1939, 18. III).

Жәненші — бұл да «тағы» мағынасында кей говорларда қолданылады (Шымк., Түлкі.).

Қалжа — не, немесе. *Ол мектепке қалжа бүгін, қалжа ертең баруы тиіс* (Сем., Аяг.).

Ман — мен. *Қызым ман балам мектепке оқиды* (Қарак.).

Онан басқа — әйтпесе, болмаса. *Баланы киіндіріп қой, онан басқа тоңып қалады* (Қоша.).

Сондықпенен — сондықтан. *Мынау жердің шөбі шүйгін.., сондықпенен малды көбінекей осында ұстаймыз* (Шығ. Қаз., Больш.).

Сосон//осон — сонан соң, онан соң. *Сосон бере салдым. Осон мен баратын болдым* (Монғ.).

«Не себепті» сұрау мәнді шылаулы тіркес кейбір говорларда «сәбеп не үшін? болып айтылады:

— *Асан сабаққа келмей қалды ма?*

— *Я.*

— *Сәбеп не үшін?* (Қоша.).

Я-да — немесе, не орнына. *Қуеке, мұныңның қастандық я-да достық екенін білмедім* (Түрікм., Көнеүр.). *Бірақ бұл тәртіп — сіздерге мектеп директоры жағынан я-да бұлардың ата-аналары жағынан әлі оқсаулы шара көрілмей келеді* («Жұмысшы», 10. 12. 41).

Демеуліктер. Шылаулардың алғашқы екі тобына қарағанда говорларда демеуліктер онша көп емес.

Мәзи — ғана. *Тек мәзи ойнаудан басқа ісің жоқ* (Түрікм., Таш.). *Пионерлік еш қандай белгі жоқ, тек мәзи бала сияқты* («Қ. Ж.», 1. 1. 37).

Таман — ғана. *Мен жаңа таман келдім* (Қоша.).

Тұрғай//тұрғой — тұрмақ, түгіл. *Мен оның өзін көрмек тұрғой атын да естіген емеспін* (Шығ. Қаз., Больш.). *Байтал тұрғой бас қайғы деген емес пе қазақ* (Сем.; Аб. Шұб.).

Тұғұр — түгіл, тұрмақ. *Сен тұғұр маған да бермейді* (Монғ. қаз.).

Сәнә — *-шы, -ші* демеулігі орнына. *Батыр, мейманға маза бер сәнә* (Түрікм., Ашх.). — *Иә, солай болыпты де сәнә* («Жұмысшы», 22.7. 39).

Одағай

Говорларда кездесетін одағай сөздері негізінен екі топқа бөлінеді. Оның бірі — адамның көңіл-күйі, сезімінен туып, өз бойындағы күйініш, сүйінішке арналса, екіншісі — малды, басқа үй хайуандарын шақыру, иіру, суару және т. б. іс-қимылға машықтандыру мақсатында пайда болған одағайлар.

Говорлардағы бірінші топқа жататын одағайлар ішінен мынадай түрлерін атауға болады:

Ауа — я орнына (мақұлдау, қостау мағынасын білдіретін сөз). Бұл Түрікмен ССР-і, Қарақалпақ АССР-і және республикамыздың Маңғышлақ облысы тұрғындары тілінде ғана айтылады. — *Бүгін Шағадамға барасыңыз ба?* — *Ауа, со йақта ісім бар еді* (Түрікм., Красновод.). — *Ертең пішеншілерге барасың ғой?* — *Ауа*.

Айда, айда — я — құптау сөзі. — *Сен қалаға бүгін барып келесің бе?* — *Айда, айда* (Сем.; Аб., Шұб.).

Әке-ау — тандану одағайы. *Әке-ау, мен саған не дедім!* (Қоша.). Қазақстанның оңтүстік аудандары тұрғындарының тілінде «әке» сөзі «қарағым», «шырағым» мағынасында қолданылады.

Әкіре — ренжу одағайы. *Әкіре, мұнысы несі?* (Қоша.).

Ба-а — мәссаған орнына. — *Ба-а, менің мынауым оданы болды-ау* (Түрікм., Көнеүр.).

Ища — адам денесі, бойы суықтан түршіккенде, тітіркенгенде айтылатын одағай сөз. *Ища, мен жиренген болар едім* (Ә. Сәрсенбаев, «Толқында туғандар», 99).

Қой — жоқ, жоқ-ә орнына. — *Е, Беке, ел аман ба?* — *Қой, аманышылық* (Түрікм., Таш.). Қазақстанның батыс облыстары тұрғындары тілінде де жиі ұшырайды.

Уах-уах — рақаттану нышанын білдіретін одағай. *Уах-уах, мына жердің салқынын-ай!* (Гур., Маң.).

Екінші топқа мына сияқты одағай сөздерді жатқызуға болады:

Кәуіс-кәуіс — көс-көс орнына жүреді. Түйе малына қолданылатын одағай (Түрікм., Бекд.).

Кукел-кукел — бүркітті қайтару үшін айтылатын шақыру одағайы (Гур., Ман.).

Қырру-қырру — құрай-құрай одағайы орнына (Түрікм., Таш.).

Пия-пия — есекті шақыруға қолданылады. *Пия-пия*

десең үйренген есек алдыңа жүгіріп келеді (Қ.-орда, Арал.).

Пілеп-пілеп — қазды осылай шақырады (Қ.-орда, Арал.).

Төте-төте — шеп-шеп орнына. Тауықты шақыруға арналған одағай (Түрікм., Ашх.). *Төте-төте деп... еді, барлық тауық жетіп келді* (Қ.-орда, Арал.).

Шәуіп-шәуіп — шәуім-шәуім орнына (сныр малына айтылатын одағай) (Түрікм., Гяу.).

4. Модаль сөздер

Лексикалық мағынасымен бірге кейде модальдық мағынаға ие боларлық, говорларда кездесетін, «шыннан», «растан», «реуішті», «тақылетті», «сныңты» іспеттес сөздер «үстеу» туралы әңгіме кезінде айтылды. Алайда, әдеби тілде модальдық мағынаға ие болатын «мүмкін», «анық», «рас» сөздерінің қазақ говорларында баламасы барлығын айта кеткен жөн.

Дайыр — анық, рас, шын. *Д а й ы р ы н д а, осы сөзінің жаны бар* (Түрікм., Гяу.).

Шек — мүмкін. *Мынаның ылаң шығаруы ш ек, байқа!* (Түрікм., Красновод.). *Соған қарағанда, таныс досы болуы ш ек* («Қ. Ж.», 1937, 15.III.).

Шындайында — шынында. *Ш ы н д а й ы н д а, қалай деп айтады* (Орын.; Ад., Бөр.).

Бар — мүмкін орнына жүреді. *Кәдірбек Зұрғамбаевтың бүгін қайтып кетуі б а р* (Шығ. Қаз., Больш.).

Соңғы мысалда әдеби тілде модаль сөздер қатарына жатпайтын кейбір сөздер де говорларда модаль сөз мағынасын иеленетіндігі көрініп тұр.

* *

*

Еліктеуіш сөздерге байланысты ерекшеліктер қазақ говорларында өте сирек, жоққа тән. Олардың барының өзі көбіне қос сөздер қатарынан орын алатын болғандықтан, бөліп көрсетуді артық санадық.

СИНТАКСИС

Қазақ тілі говорлары немесе диалектілеріндегі синтаксис туралы сөз қозғағанда, оның (синтаксистің) басты екі объектісінің бірі — сөз тіркесіне баса көңіл аудары-

луы қажет. Өйткені говорлар мен диалектілерде ұшырасатын синтаксистік ерекшеліктердің молы — сөз тіркестері. Синтаксистің екінші объектісі — сөйлем болса, қазақ тілі жергілікті ерекшеліктерінде онымен байланысты еске алып, елерліктей өзгешелік байқалмайды.

Әдетте, тіліміздегі сөз тіркестерінің байланысуының бір түрі жалғаулар арқылы жүзеге асырылады. Ал тіліміздің говорларындағы сөз тіркестерін тудыруда көп қызмет атқаратын жалғау түрі — септік жалғаулар. Сондықтан бұлар арқылы жасалған сөз тіркестеріндегі ерекшеліктерді, дәстүр бойынша, іштей екіге бөліп қарау жөн. Бірі — меңгеріле байланысқан сөз тіркестері; екіншісі — матаса байланысқан сөз тіркестері. Бұл жерде, байланыстың екі түрін іштей (есімді және етістікті сөз тіркестері деп) бөліп жату артық. Әрине, тіліміздің осы кезге дейін зерттелген говорлары мен диалектілерінде сөз тіркесті байланыстарының қабысу, қиысу түрлері де бар. Алайда, септік жалғаулары арқылы байланысқан сөз тіркестері алуан түрде ұшырасып отыратындығы мәлім.

1. Меңгеріле байланысқан сөз тіркестері

Қазіргі қазақ говорлары мен диалектілерінде етістіктермен тіркеске түскен есім сөздердің септік жалғауларында — әдеби тіл тұрғысынан қарағанда — бір шама ауытқулар барын аңғару қиын емес. Дәлірек айтқанда, говорларымызда әдеби тілдегі жатыс жалғаулы сөз тіркестері орнына шығыс жалғаулы сөз тіркестері, шығыс жалғаулы сөз орнына барыс, барыс жалғау орнына шығыс, табыс жалғау орнына барыс, барыс жалғау орнына жатыс және осыларға керісінше құбылыстар жиі қолданылады. Тіпті кейде сирек болса да, атау септік жалғауының өзі септіктің басқа түрімен ауысып отыратындығын байқаймыз.

Әдеби тілдегі септік жалғауларын өз ретімен орналастырып, олардың орнын қазақ тіл говорларында қандай септік жалғаулары алатындығын мысалдар арқылы көрсетсек, төмендегі жағдайды аңғарамыз.

А та у септік жалғауы орнына кейбір говорда екі септік жалғауы қолданылады — барыс және шығыс.

Барыс: *Мен жұмыс істегелі отыз жылға болды. Совхозға 3211 сом 30 тиынға зиян келтірген* («Ойыл»,

1971, 21.IV, № 48) ²³. Осы сөйлемдердегі «жылға», «ти-ынға» сөздері әдеби тілде «жыл», «тын» болмақ.

Шығыс: *Үйде не бәрі екі-ақ сағаттан (сағат орнына) болдым* ²⁴.

Қазақ тілінің басқа говорларына дәл бұл құбылыс жайылмаған.

Барыс орнына қазақ говорларында мына септіктер қолданылады:

Табыс: *Бұл туралы оны хабарладың ба?*

Жатыс: *Сайлау науқанына басшылықты күшейтіп, істе кірісуіміз керек* («Ж. Жол», 1937, 2.XI.) ²⁵.

Шығыс: *Мен арбаның тұсынан таман бардым* (Қоша.). Мысалдардағы — «оны», «істе», «тұсынан» сөздері әдеби тілде барыс септік жалғауын қабылдап «оған», «іске», «тұсына» көрінуге тиіс.

Табыс орнына говорларда жұмсалатын септік жалғаулары:

Барыс: *Маған домбыраға үйреткен сол кісі* (Қоша). *Маған сөгіп жатыр ма?* (Түрікм., Ашх.).

Шығыс: *Тырнағыңмен жерден бұр* (Кур., 436). *Әнеуі кітаптан оқып бітірдің бе?* (Қ.-орда, Арал.). Әдеби тілде «мені», «жерді», «кітапты» тұлғасында көрінетін сөздер қазақ тілі говорларында әр түрлі септік жалғауында кездесіп отыр.

Жатыс септігінің орнына мыналар ауысып келеді:

Барыс: *Ол көп жерге* (жерде орнына) *жүрген кісі* (Қоша). *Биыл майға* (майда орнына) *қар жауды* (Сем.; Аб., Шұб.). *Ол қораға* (қорада орнына) *жалғыз қалуға қорықса керек* (Сем., Аяг.). *Мәзікен сен Зрянға* (Зрянда) *тұрасың ба?* (Шығ. Қаз., Больш.). *Чеснокты күзге* (күзде) *тігу керек* (Жам., Шу). *Біздер онда, мына Жаңай екеуміз, Шағадамға* (Шағадамда) *тұратын едік* (Түрікм., Красновод.).

Шығыс: *Арадан* (арада орнына) *бір жеті өтпей келіп қалыпты* (Түрікм., Таш.). *Біреуі МТС-тан* (МТС-та), *біреуі колхоздан* (колхозда) *істейді* (Орал).

Шығыс септігі орнына:

²³ Нұрмағамбетов Ә. Қазақ тілі говорларының батыс тобы. Алматы, 1978, 168-б.

²⁴ Сонда.

²⁵ Сонда.

Барыс: *Саған* (сенен орнына) *сұрап мен мектепке іскер алмаймын* (Түрікм., Таш.).

Жатыс: *Бұл жаңада* (жаңадан орнына) *ойған қи* (Сем.; Аб., Шұб.).

Көмектес: *Мен аттың мықтылығыменен* (мықтылығынан орнына) *құтылдым* (Шығ. Қаз., Больш.).

Көмектес септігі мына септіктермен алмасады:

Барыс: *Бүкәкке* (Бүкәкпен орнына) *сөйлестіңіз бе?* (Қоша.). *Мен білетін кісіге* (кісімен орнына) *сөйлестім* (Сем., Аяг.). *Мен осыдан барысына* (барысымен орнына), *жылқыға барамын* (Қ.-орда, Арал.).

Жатыс: «...7 оқушы «өте жақсы» және «жақсы» деген бағада (бағамен орнына) бітірді» («К-3 жолы», 1937, 18. VI.).

Қазақ тілі диалектілері мен говорларында септік жалғауларының өзара бірінің орнына екіншісінің қолданылу жолдары, шағын мысалдармен көрсеткенде, осы іспеттес болып ұшырасады. Мұнда өте анық байқалатын нәрсе — ілік септігінің басқа ешбір септікпен қатынасқа түспеуі.

Тек қана қазақ тілі говорларында ғана емес, бұл тәрізді тілдік құбылыстар басқа түркі тілдеріне де тән. Оның себебін ғалымдардың қалай түсінетініне сәл кейін тоқталамыз.

Жергілікті тіл ерекшеліктеріндегі менгеріле байланысқан сөз тіркестерінде байқалатын өзгешеліктер тек септік жалғауларының бірінің орнына екіншісі қолданылумен ғана шектеліп қоймайды. Енді солардың шағын тобына мысалдар ұсынайық.

Әдеби тілде «айы», «күні», «жылы» сияқты тәуелдік жалғаулы сөздер барыс септігінде -на, -не жалғауында көрінсе, қазақ тілінің батыс диалектісінде (құрамында бес говор бар) тәуелденбеген түбірге қосылуға тиісті барыс септігінің -ға, -ге қосымшасымен айтылады. Мысалы: *Есекей күніге 2-3 соғым сойған* (экс). *Жылыға бір ретте сыланбай қалатын үйлер де аз емес* («К-3 жолы», 1941, 15. I.). *Қырқым үйінде күніге 2 мың қой қырқылады* («Ойыл», 1970, 4. IX.).

Осыған керісінше құбылыстар қазақ тілінің шығыс диалектісінен елес береді. «Таң сәрі» сияқты тұрақты тіркестің соңғы сыңары септелген шақта тәуелденбеген сөз қалпында жалғау қабылдаса, Аягөз говорында тәуелденген сөз іспеттес -не жалғауы арқылы тіркеске тү-

седі. Мысалы: *Таң сәріне* (сәріге орнына) *дейін ол талай рет оялды* (Сем., Көкп.). Кейде бұл говорда «шынында» сөзі «шынға» тұлғасында айтылады: *Мынауы шынға да масқара екен* (Сем., Көкп.).

Батыс диалектісінің Орталық говорында сөздерді байланыстыруда қызмет атқаратын «де» көмекші етістігінің көсемше формасы (деп) орнына шығыс септігінің жалғауы жұмсалады: *Үлкен кісіге сәлем беріп тұруды керектен* (керек деп орнына) *санамайды* (экс.). *Мұнымды үлкен қатадан* (қате деп) *санамаймын* («К-з жолы», 1937, 20. III.).

Қазақстанның оңтүстігіндегі говорлардың бірқатарында жатыс септікте қолданылуға тиісті сөзге (*уақытында* сияқты) -лы қосымшасы жалғанып айтылады. Мысалы: *Ол жұмысқа күнде уақытылы* (уақытында орнына) *келеді* (Шымк., Түлкі.). *Комсомол жұмыстары уақытылы* (уақытында) *өткізілмейді* («Социалистік еңбек», 1946, 3. VI.)²⁶.

Шығыс диалектісінің Аягөз говорында «қайда» сұрау есімдігі орнына «қайға» қолданылады: *Сен бүгін еш қайға бармайсың* (Сем.: Аб., Шұб.).

Батыс және шығыс диалектісінің кейбір говорларында тәуелдік жалғау орнына жатыс септік жалғауы қолданылу байқалады. Ол әсіресе «жыл» сөзімен көп байланысты. Мысалы: *Жамбыл Жабаев 1946 жылда туылған* (Түрікм., Тедж.). *Үбиев Ұлықпан 15 октябрь 1943 жылда бір еркек тайды өз бетімен сойды...* («Жұмысшы», 1945, 26. I.). *Былтырғы жылда* (жылы орнына) *ол жемісті еңбек етті* (Сем., Аяг.).

Қазақ тілі шығыс диалектісінің бірқыдыру говорларында септік жалғауынсыз тіркесетін сөздерге олардың бірі қосарланып айтылады. Мысалы: *Біз осы жағдайды соғанға* (соған орнына) *шейін білмеппіз* (Сем.: Аб., Шұб.). *Ердің құны, нардың бұлы дегендей бітімге* (бітім орнына) *жасап жатады* (Қоша.). *Естуімде* (естуім орнына) *бар* (Шығ. Қаз., Больш.).

Кейде мұндағы говорларда керісінше құбылыс ұшырасады. Тіпті тұрақтанып, көнеленген үстеу сөздердегі септік жалғаулары да түсіріліп қолданылады: *Біз мұнда ау басын* (басынан орнына) *келдік* (Шығ. Қаз.

²⁶ Нақысбеков О. Қазақ тілінің ауыспалы говору. Алматы, 1972, 169-б.

Больш.). *Машина болса, Жданов колхозына жету лез* (лезде орнына) *ғой. Сондық* (сондықтан) *па ол маған, әйтеуір, үн қатпады* (Сем.; Аб., Шұб.).

Қазақ тілі говорларының кейбіреулеріне ортақ ерекшелік көмектес септік жалғауымен байланысты. Әсіресе, оңтүстік говорларында, сондай-ақ шығыс диалектісінің кейбір говоры мен Қарақалпақстандағы қазақ говорында (батыс диалектісіне кіретін) көмектес септік жалғауы дыбыстық өзгерістерге ұшырап, әдеби тілдегі қалпынан ауытқып айтылады. Демек, әдеби тілдегі *-мен* (*-бен, -пен*) немесе *-менен* (*-бенен, -пенен*) орнына *-ман* (*-бан, -пан*), *-мынан* (*-манан*), *-пынан* (*-панан*) т. б. дыбыстық тұлғалары жиі ұшырайды. Мысалы: *Чортөбеде олардың аспаннан таласқан үйлері бар. Түйе үлкен болғанмынан чөпті аз жейді. Бірімқұл, Тоқпанбеттер батырлықпанан өткен екен*²⁷. *Мен ұлымынан, қызымынан серуенге шығып қайтып-пын* (Қарак. қаз.). *Біз арбамынан келдік, олар атпынан бармақ* (Алм., Ұзын.). *Ол бұрын балдақпан жүретін* (Шымк., Түлкі.). *Сен хатты өз қолыңбенен жаз. Сен өз аяғыңбен келдің бе?* (Қоша.). *Мен Жұпарман асықпай отырып сөйлестім. Майра магазиннен сатып алған заттарын қағазбан орады* (Сем., Көкп.).

Шығыс диалектісінде дыбыстық ауытқу тек көмектес септікте ғана емес, басқа да септік жалғауларында ұшырасатындығы байқалады. Мысалы: *Бұл кісінен* (кісіден орнына) *басқалар осы сөзді айта алмайды* (Сем., Шұб.). *Белуарыңдан* (белуарыңнан) *келеді. Мыңдан* (мыңнан) *артық кісі. Үшінде* (үшіне орнына) *таман келемін* (Шығ. Қаз., Больш.).

Тіліміздің диалектілері мен говорларындағы меңгеріле байланысатын сөз тіркестерінің жалпы сипатының үлгілері осы тұрғыда қалыптасқан.

Септік жалғауларының өзара алмасып отыруын — қазақ тілі говорларына басқа түркі халықтарының тілдік әсері деп қарасак, мәселеге біржақты бой ұру болар еді. Ішінара ол да жоқ емес. Мысалы, О. Нақысбеков оңтүстік қазақтары тілінде кездесетін осы тәрізді құбылыстардың кейбіреуін көрші отырған өзбек тілінің әсері екендігін көрсетеді²⁸. Мұндай пікірді де теріс деуге бол-

²⁷ Сонда, 165, 166-б.

²⁸ Сонда, 167-б.

майды. Дегенмен бұл сияқты тілдік құбылыстардың басым көпшілігін түркі тілдеріне ертеден тән және ортақ деп түсіну шындыққа жанасады. Өйткені орхон-енисей жазба ескерткіштерінен бастап, қазіргі кездегі түркі тілдерінде де септік жалғауларының бірінің орнына екіншісі жиі қолданылатындығы сақталған²⁹. Мұның себебін анықтау үшін түркі тілін зерттеуші ғалымдардың пікіріне аялдаған жөн.

Кейбір ғалымдар түркі тілдерінде алғашқы кездерде септік жалғауының өте тапшы болғандығын айтады³⁰. Бұл пікірдің шындыққа жақындығын орхон-енисей жазуында шығыс септігінің жоққа тән екендігі дәлелдейді және шығыс септігі кейін пайда болған деген пікірлерде осыны қостайды³¹. Мұндай пікірді қуаттайтын факті қазақ тілінен де табылады (көмектес септіктің кейін пайда болуы сияқты).

Түркі тілдерінде септіктердің өзара алмасып қолданылуы себебін әр ғалым әртүрлі жорамалдайды. Олардың бірі — іс-әрекет бағытталған объекті мен сол қимылды жүзеге асырушының арасындағы қатынастан десе³², екіншісі — есім сөздермен тіркесіп келген етістік тұлғасының беретін мағынасымен байланыстырады³³, ал үшінші пікір — септік жалғаулар функциясының әлі жіктеліп болмағандығынан және кейбір етістіктердің салттық, сабақтастық мағыналарының бір-бірінен ажырасып болмағандығының белгісі деп ұғынады³⁴. Ең соңында, біздің ойымызша, дұрыс және барлық септік жалғауының бір-бірімен ауысып келуінің себебін айқындай түсетін пікір есебінде мына бір жолдарды көрсеткен

²⁹ *Дмитриев Н. К.* Грамматика башкирского языка. М.; Л., 1948, с. 63; *Исхаков Ф. Г.* Имя существительное. — В кн.: Исследование по сравнительной грамматике тюркских языков. М., 1956, ч. 2, с. 141; *Севортян Э. В.* К истории падежной системы в тюркских языках. — Ученые записки военного института иностранных языков, 1948, № 6, с. 97, 98.

³⁰ *Севортян Э. В.* Аталған мақала, 90—101-б.

³¹ *Дмитриев Н. К.* Аталған еңбек, 61-б.; *Щербак А. М.* Грамматический очерк языка тюркских текстов X—XIII вв. из восточного Туркестана. М., Л., 1961, с. 82; *Насилов В. М.* Язык орхоненисейских памятников. М., 1960, с. 29.

³² *Мелиоранский П. М.* Краткая грамматика казах-киргизского языка. Спб., 1897, ч. 2, с. 16, 17.

³³ *Исхаков Ф. Г.* Аталған мақала, 141-б.

³⁴ *Досқараев Ж., Мүсабаев Ф.* Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері. Алматы, 1951, 47-б.

лазым: «Қолда бар байқаулар түркі тілдері тарихында, әр септік жалғау мағына жағынан іштей бөлінбей (ілік — табыс, жатыс — шығыс болып), сан жағынан шағын кездің өзінде, сөйлесе аларлық дәуір болғандығын анықтауға мүмкіндік береді. Соның қалдығы осы күнге дейін көптеген түркі тілдері мен олардың диалектілерінде, сондай-ақ ертедегі жазба ескерткіштерде де септік жалғаулары қолдануда өзіндік «шатастырулар» барлығын көрсетіп жүр»³⁵.

Осы себептерден де біз қазақ тілі диалектілері мен говорларындағы меңгеріле байланысқан етістікті сөз тіркестеріндегі ерекшеліктердің біршамасын ертедегі ру, тайпа тілдерінің сақталған ізі дей аламыз.

2. Матаса байланысқан сөз тіркестері

Қазіргі қазақ тілінің дәстүрінде ілік жалғаулы сөзбен тіркеске түскен екінші сыңардағы тәуелдік жалғауының түсіріліп айтылуы өте сирек құбылыс. Тек «біз», «сіз» деген екі есімдік ілік жалғауында тұрғанда олармен тәуелдене тіркесетін сөздердің тәуелдік жалғауынсыз айтылатыны бар.

Ал қазақ тілінің кейбір диалектілерінің говорларында бұл дәстүрден ауытқитын құбылыстарды көреміз.

Шығыс диалектісінің Өскемен, Аягөз, Қошағаш говорларында матаса байланысқан сөз тіркестерінің құрамындағы бірінші сыңарындағы ілік септік жалғауының түсірілуі былай тұрсын (ондай құбылыс кейде әдеби тілімізге де жат емес), екінші сыңары да тәуелдік жалғауынсыз айтылып, сырт қарағанда, қабыса байланысқан сөз тіркестеріне үндес келетіні бар. Мысалы: *Сентябрь ай да мен қалаға үш рет барып келдім* (Қоша.). Шығ. Қаз., Больш.). *Менің есту бойымша, ол бүгін келіп жетуі керек* (Сем., Аяг.). Бірінші сөйлемдегі алғашқы екі сөз әдеби тіл қалпында — «сентябрь айында», ал екінші сөйлемде — «менің естуім» болып байланысуы қажет.

Дәл осындай тілдік құбылыс батыс диалектісінің де кейбір говорларына тән. Түрікменстандағы қазақ тілі говоры мен Орталық говорда мынадай жағдайлар ұшы-

³⁵ Севортян Э. В. Категория падежа. — В кн.: Исследование по сравнительной грамматике тюркских языков. М., 1958, ч. 2, с. 46.

расады: *Ленин райоңда* (районында орнына) *да қазақ мектебі бар ғой деймін. Мына жердегі Тельман колхозға* (колхозына орнына) *барып едім* (Түрікм., Таш.).

Матаса байланысқан сөздердің жалғауларының түсіріліп айтылуы Қазақстанның батысында туып-өскен кейбір ақындардың тілінде де кездесіп қалатындығын мына өлең жолдарынан көруімізге болады: *Сәуленің алтын ордаға, Жаулылықпен ти!* — деді (Н. Байғанин)³⁶.

Қазақстанның батысында кездесетін мұндай тіл ерекшеліктерін кезінде П. М. Мелиоранский де байқаған болатын. Оның мысалдарында көп жағдайда тәуелдік жалғауы түсірілетіндігі көрінеді: *Сіздің елдің қыз* (қызы орнына) *едім. Өгіздің шарбаққа*³⁷ (шарбағына орнына).

Н. К. Дмитриев ызафеттің мұндай түрі орхон жазуларынан белгілі екендігін, соған қарағанда ызафеттің көне түрі болуы мүмкін деген пікірді айта келіп, қазіргі гагауз және құмық тілінде жиі қолданылатынын көрсетеді³⁸. В. М. Насилов та орхон-енисей жазуында ызафеттік құрылыстың әлсіз дамығандығын аңғартады³⁹.

Ілік және тәуелдік жалғаулардың қатар түсірілуі түрікпен тілінің кей диалектісіне де тән екендігін көреміз⁴⁰.

Қазақ тілінің жергілікті тіл ерекшеліктерінде матаса байланысқан сөз тіркестеріне жатқызарлықтай мынадай да құбылыстар бар. Көбіне оңтүстік говорларында тәуелдік жалғауының кейбір сөздерде қабаттаса қолданылуы кездеседі. Мысалы: *жұрттың көбісі* (көбі орнына) *жүгері қайыруға кетті. Оның үй мүлкiсі* (мүлкі орнына)⁴¹. Ж. Досқараевтың көрсетуінше, Шымкент облысының Түлкібас, Сайрам және т. б. аудандарында бұл құбылыс «уақытысы», «көбісі», «бәрісі» сияқты сөз-

³⁶ Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Алма-Ата, 1959, с. 317.

³⁷ Мелиоранский П. М. Аталған кітап, 7-б.

³⁸ Дмитриев Н. К. Строй тюркских языков. М., 1962, с. 259.

³⁹ Насилов В. М. Аталған кітап, 73-б.

⁴⁰ Шамуратов К. Некоторые морфологические особенности именных основ западных говоров емудского диалекта туркменского языка. — Известия АН Туркменской ССР. Сер. филол., 1959, № 6, с. 92.

⁴¹ Нақысбеков О. Аталған кітап, 169-б.

дерді қамтып және жергілікті халықтың тілінде түгел қолданылады ⁴².

Дәл осындай жағдай қазақ тілі шығыс диалектісінің Өскемен говорында да ұшырасады. Мысалы: *Анау бетінде қалысы бар кісі кім? Зоотехник бұл малды емдейін деп еді, спиртісі жоқ екен* (Шығ. Қаз., Больш.). Келтірілген сөйлемдердегі «қалысы», «спиртісі» тұлғалы сөздер әдеби тіл қалпында «қалы», «спирті» болып айтылу қажет.

Тәуелдік жалғауының қосарлануын қазіргі түрікмен тілінде ⁴³, сондай-ақ ертедегі жазба ескерткіштердің кейбіреулерінде ⁴⁴ кездестіреміз.

3. Қабыса байланысқан сөз тіркестері

Қазіргі кезде қазақ тіліндегі қабыса байланысқан сөз тіркестерін үлкен екі топқа бөліп қарастырады. Оның бірі — қабыса байланысқан есімді сөз тіркестері, екіншісі — қабыса байланысқан етістікті сөз тіркестері. Бұлардың әрқайсысы одан әрі іштей бөліне түседі. Қазақ тілі диалектілері мен говорларында қабыса байланысқан сөз тіркестерінің мөлшері есепсіз. Сондықтан үлкен екі топқа ғана бөліп қарау қолайлы.

Қабыса байланысқан есімді сөз тіркестері. Бұған тек есімдер және есімше мен зат есімнен құралған сөз тіркестерін жатқызуға болады. Мұндай тіркестердің құрамында жеке алғанда әдеби тілде кездесетін де, кездеспейтін де сөздерге тап боламыз. Тіпті тіркесіп келген сөздердің бәрі де әдеби тілде ұшырасса да, беретін мағынасы басқаша болып келетінін баса көрсетеміз.

Говорлардағы бұл іспеттес жолмен құралған сөз тіркестерінің бәрін атап шығып, әр қайсысына мысал келтіріп жату мүмкін емес. Сондықтан ондаған деректерді ұсынудан шектелеміз.

Ағаш үй — киіз үй мағынасы орнына қолданылады. Мысалы: *Жаз ағаш үйде отырамыз* (Қ.-орда, ЖҚал.).

Айыл жуа//ақ сарымсақ — чеснок. *Осы жерде де*

⁴² Досқараев Ж. Бір экспедиция отрядының диалектологиялық жұмысы туралы. — Кітапта: Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері. Алматы, 1958, 1-шығуы, 195-б.

⁴³ Хазирки заман түркмен дили. Ашгабат, 1960, 299-б.

⁴⁴ Кононов А. Н. Родссловная түркмен. М., Л., 1958, с. 135.

айыл жуаны көп егеді. Магазинде ақ сарымсақтың килосы 70—80 тиын (Жамб.; Шу).

Ақ көбелек — ақ көңіл, аңқылдақ (Шығ. Қаз., Больш.).

Ау уақыт — әуелгі кезде, бастапқы кезде. *Ау уақытта жаңбыр болмады (Жамб., Шу).*

Әлі кез — әлі күнге, әлі. *Әлі кезге дейін пітпеген не ғылған ремонт (Түрікм., Гяу.).*

Әмір жоқ — дамыл жоқ. *Бұл атқа күн батқанша әмір жоқ (Қош.).*

Әугіп адам — есерсоқ, жындылау адам. *Ол өзі әугіп адам екен ғой (Сем.; Аб., Шүб.).*

Бал қасық — шай қасық. *Моншақ, ана бал қасықты әперші (Орал, Чап.)⁴⁵.*

Балқаш үй — қыс үй, кірпіштен салынған үй (Қоша.).

Барқынды жер — отты жер; шөбі шүйгін, суы мол, малға жайлы жер. *Бақанас маңайы барқынды жер ғой (Сем.; Аб., Шүб.).*

Бас кекесі — бас араздық. *Олардың арасында ешбір бас кекесі жоқ (Сем.; Аб., Шүб.).*

Баспақ тас — тастан жасалған тұз, астық ұнтақтайтын құрал. *Бізге керегі бар еді, баспақ тас қайда болады екен (Қоша.).*

Бордақ чәй — талқанға шай құйып қойылу арқылы жасалған тамақ түрі. *Қара чәйдан гөрі бордақ чай тәуір ғой (Монғ. қаз.).*

Бұтары жоқ — баласы жоқ. *Ол кісілердің бұтары жоқ (Орал, Чап.).*

Бір құлақ — егін суаратын арықтың бір тармағы. *Биыл бір құлақ ашылмаса да, жауын болған соң, егін жақсы шықты (Алм., Ұзын.).*

Бір майдан — біраз уақыт, бір шама мезгіл. *Бір майдан біздің ауылға да келіп кетсең не қылады (Қарақ. қаз.).*

Бір пәсте — жылдам; біраз. *Чөпті тасу бір пәсте болатын нәрсе ғой. Бір пәс тұрып еді, бір атты келді (Жамб., Шу).*

Егін шола — егін сирек. *Былтыр егін шола болған еді (Сем.; Аб., Шүб.).*

⁴⁵ *Сарыбаев Ш.* Батыс Қазақстан экспедициясының материалдарынан. — Кітапта: Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері. Алматы, 1962, 4-шығы, 21—52-б.

Екі жаңғыз—бірлі-жарым. *Біздің елде екі жаңғыз кісінің ғана ол кезде сауаты бар болар* (Қоша.).

Елпек ат—жүрдек ат. *Мәден мінген елпек ат екен* (Шығ. Қаз. Больш.).

Има шекпен—түйе жүнінен жасалған шекпен. *Жеңілдікке дұрысы има шекпен* (Түрікм., Бекд.).

Жайын жұмыс—жай жұмыс, қара жұмыс. *Мен жайын жұмыстың адамымын ғой* (Қоша.).

Жасатыны жақсы—тұрмысы, халі жақсы. *Ол ақсақалдың жасатыны жақсы*. (Бұл да).

Жолым үй—күрке. *Іздеген жолым үйін тез тапты да* (Х. Ергалиев, «Құрманғазы», 22-б.). Жамбыл облысында—кішірек келген киіз үй, төрт қанаттан аспайды. *Көшіп-қонғанға жолым үй ыңғайлы болады* (Жамб., Шу). Соңғы мағынада Түрікменстандағы қазақтар тілінде де кездесетінін ескерте кеткенді жөн көрдік.

Жосақты жігіт—жақсы жігіт, тәрбиелі, тәртіпті жігіт (Шығ., Қаз., Больш.).

Жүлгесі бар—мағынасы, мәні бар. *Осы сөздердің жүлгесі бар* (Сем., Аб., Шұб.).

Зәруерт ауру—қатты ауру. *Бұрынғы кезде көп адам зәруерт ауруға* душар болушы еді (Сем.; Аб., Шұб.).

Зом темір—лом (сүймен). *Зом темірмен мұз ояды* (Алм., Ұзын.).

Кем жақсы—едәуір жақсы. *Ол рулар тарихын кем жақсы* біледі (Қоша.).

Көк тер—қара тер. *Сондайма көк тер болып қиналма, күшің жетпесе* (Түрікм., Таш.). *Өзі әкелген кәмпитті тістеп, өзі әкелген шайға көк тер боп қанып алды* (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер, 202-б.).

Күдер су—мол су. *Үстірттен күдер су дегенді кездестіре алмайсың* (Гур., Маң.).

Күйеңкі мал—көтерем, арық мал. Орал, Чап.).

Күмірә күлкі—өтірік, жалған күлкі. *Күмірә күлкісі мен ақ алдап кететін залым адам* (Түрікм., Гяу.). «Күмірә» сөзі «күлмей күмірә бол!» сияқты қарғыс құрамында да кездеседі.

Қайыс нан—етке салатын нан. *Қайыс нан да болса жеңіз, ет аз болды* (К.-Орда, Жал.).

Қазылы кәрі—өтірік айтпайтын кәрия. *Қазылы кәрі, жігерлі жігіттер де жиналды* (Жамб., Шу).

Қалғыншы күн — соңғы күн. *Енді қалғыншы күндерде мына жұмыспен шұғылдан* (Қоша.).

Қалеті сөз — өтірік сөз. *Мына кісінің сөзінде қалеті болмаушы еді* (Жамб., Шу).

Қанжалас аға — бірге туған аға (Шығ. Қаз., Больш.).

Қаптал жейда — еркектер киетін ұзын көйлек (Жамб., Шу). Шу бойындағы сикым руында оны «чая жейде» деп те атайды.

Қарғымалы шалбар — балағы жырық, балағын шүберекпен кестелеген тері шалбар. *Қарғымалы шалбарды бұрын күйеу балалар киетін* (Жамб., Шу).

Қаса көрім — өте жақсы, тіпті әдемі. *Алматы қаса көрім қала ғой* (Шығ. Қаз., Больш.).

Қасам сөз — жаман сөз. *Қасам сөзді айтудың керегі жоқ* (Жамб., Шу).

Қиын жаман — өте жаман. *Қырсыққанда қымыран ириді дегендей, мына іс қиын жаман болды-ау* (Қоша.).

Қоян құлақ шам — шынысыз шам. *Лампаның басы болмаған соң, қоян құлақ шаммен отыра беруші едік* (Сем.; Аб., Шұб.).

Құрты бар сөз — қулығы, астары бар сөз. *Дүкенбайдың мына айтқаны құрты бар сөз екен* (Сем.; Аб., Шұб.).

Қызыл байыр — кең байтақ. *Түрікменнің қызыл байыр шағылын қоныс еттік* (Түрікм., Тедж.).

Қыл аяғы — ең ақыры. *Қыл аяғы күрекке саптан бастап неше түрлі нәрселерді жасаймын* (Қоша.).

Қымыз мұрын — биені алғаш байлағанда бірінші рет қымыз ішерде көршілерін т. б. қымызға шақыру. *Ауылдастарымыз қымыз мұрынға шақырмадың деп өкпелеп жүр* (Жамб., Шу).

Леп май — керосин (жер май). *Құтыдағы леп майды құйып ал да, босат* (Түрікм., Красновод.; Гур., Маң.). *Қарсы промыслында леп май атаулы болмай отыр* («Қараб. жұм.»; 1937, 7. VII.).

Май қалақ — шай қасық. *Май қалағыңды ал шай ішуге* (Шығ. Қаз., Больш.).

Меғжемді жер — межелі жер, белгілі жер. *Ол меғжемді жеріне жете алмай қалды* (Сем.; Аб., Шұб.).

Моты кісі — ешнәрсе білмейтін кісі. *Асан деген бір моты кісі бар* (Қоша.).

Мұздай қара көк — «тегіс аманбыз» дегенді білдіреді.

— *Аман сау барып жеттіңдер ме?* — деп сұрады.

— *Мұздай қара көк!* — деп ол қалтасын ақтара бастады (Ж. Тіл. Жоңғ. даласында 206). — *Қой, мұздай қара көк аманбыз* (Түрікм., Ашх.).

Нәр ауыз — құр ауыз, бос, бекер (Шығ. Қаз., Больш.).

Неше сықылды — неше түрлі. *Қошағашта неше сықылды ат бар* (Қоша.).

Одан кеткісін — одан кейінгісін, одан соңғысын. *Одан кеткісін білмеймін, басы-қасында болғаным жоқ* (Сем., Көкп.).

Ойдай еңбек — көп еңбек. *Ойдай еңбек зірә болды* («Соц. ауыл», 1941, № 36.)⁴⁶.

Омыраудағы бала — емшектегі бала. *Ол кезде Са-раңбай омыраудағы бала еді* (Қоша.).

Өте қара — жақсы мағынасында (Сем.; Аб., Шұб.).

Піскен керміш — күйдірген кірпіш. *Ашхабадта тамды бойлай піскен керміштен өреді* (Түрікм., Ашх.).

Сетер мал — қадірлі, аяулы мал. *Сетер малы ғой, қайдан сатсын* (Монғ. қаз.).

Сиысқан ел — қалың, нін тірескен ел. *Баяғыда осы өңір сиысқан ел еді* (Сем.; Аб., Шұб.).

Талқы шәй — нансыз, қантсыз құрғақ шай. *Алағоз-зовтікі талқы шәй да бере қоймас* (Түрікм., Крас-новод.). Бұл сөз Қазақстанның батысында да айтылатынын ескерте кетпекпіз.

Темір жаба — айыр. *Тайлақтың шабына темір жаба тығып алыпты* (Түрікм., Гяу.).

Торт кісі — морт кісі, мінезі шәлкес кісі. *Біздің ағатай да торт кісі екен* (Қоша.).

Тостақан бақа — тасбақа (Орал, Чап.).

Төп қою — өте қою (Сем.; Аб., Шұб.).

Тұз құрт — қарынға салып кептірген сүзбе (Шығ. Қаз., Больш.).

Тіркіс кісі — өз айтқанынан басқаға көнбейтін, қайсар кісі (Шығ. Қаз., Больш.).

Тіс ағаш — ағаштан жасалған соқа. *Тіс ағаш осы кезде жер жыртуға пайдаланылмайды* (Алм., Ұзын.).

Үй тентек — тәртіпсіз, мазасыз бала (Сем.; Аб., Шұб.).

⁴⁶ Қалиев Ф. Аудандық газеттердегі диалектілік ерекшеліктер туралы. — Кітапта: Қазақ диалектологиясы. Алматы, 1965, 113—127-б.

Шиқыл жол — көп жүріліп, тапталып қалған жол (даңғыл жол.). (Орал, Чап.).

Шіліңгер ыстық — өте ыстық. *Күн шіліңгер ыстық болуға айналды* (Сем.; Аб., Шұб.).

Ыстық үй — қыста отыратын жылы үй (кпіз үйден басқа). *Кірпіштен, ағаштан салынған ыстық үйлер* (Шығ. Қаз., Больш.; Монғ. қаз.).

Қабыса байланысқан етістікті сөз тіркестері. Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктерінде сөз тіркестерінің бұл әдіспен жасалғандары да орасан көп. Олардың жасалу түрлері мына мысалдардан аңғарылмақ.

Айылдап келу — қыдырып келу (Қоша.).

Ақша құю — ақша төлеу. *Машина үшін сетыңызға ақша құямыз* (Сем.; Аб., Шұб.).

Ақылынан шашылу — ақылынан айырылу, адасу. *Пиян болып, ақылынан шашылады да жүреді* (Түрікм., Красновод.). *Мас болып қызметке келеді екенде, не істерін білмей, ақылынан шашылып, бір отырып, бір жүреді* («Жұмысшы», 1939, 3. VII.).

Аман өру — ұйқыдан тұрғанда айтылады. — *Аман өрдің бе?* (аман тұрдың ба орнына) (Орал, Чап.).

Астарына келмеу — ширегіне, шеніне келмеу. *Семей жақсы қала, бірақ Алматының астарына да келмейді ғой* (Сем., Көкп.).

Атты қатыру — атты баптау, жарату. *Ол бәйгіге қосқалы ат қатырып жатыр* (Қоша.).

Аужал емес — тірлік емес. *Мыналарың аужал емес екен* (Сем.; Аб., Шұб.).

Аяққапты шығару — аяқ киімді шешу. *Шығарың аяққабыңды!* (Түрікм., Ашх.).

Әнтенде қалу — ортада, арада қалу. Не онда, не мұнда емес. *Ол орысша да, қазақша да жете білмей, әнтенде қалды* (Сем., Көкп.).

Әнімен құлау — лезде, тез, жылдам құлау. *Азамат соғысы кезінде ол ақтардың сегіз офицерін аттан әнімен құлатты* (Шығ. Қаз., Больш.).

Әуе жауу — күн жауу. *Тез жүріп кетейік, әуе жауып кетуі мүмкін* (Қоша.).

Бет сипау — бата оқу. *Сол қыз күйеу баланың әкесіне бет сипай келіпті* (Түрікм., Гяу.).

Бояуы сөнбеу — ескірмеу, көнермеу. *Мына пальтоны бояуы да сөнбей тоздырғасың* (Сем.; Аб., Шұб.).

Бөгенайлап қарау — байымдап қарау. *Сен бұл мәселеге бөгенайлап қара* (Шығ. Қаз., Больш.).

Дем ұру — жын соғу, жындану. *Дем ұрған ба өзіңді, тегі күле бересің* (Алм., Ұзын.).

Ежіре қылу — келісу, уәдлесу. *Қалың малы 47 болсын деп, ежіре қылыпты* (Жамб. Шу).

Ексе емес — кенде емес, зәру емес. *Біздің колхоз малмен жерге ексе емес* (Шығ. Қаз., Больш.).

Екі тарып болу — екі жікке, топқа бөліну. *Бұрын Шүй қазақтары екі тарып болып, өзара заңдасушы еді* (Қоша.).

Елік ауыз болу — қисыны кету, ұйқаспай кету. *Сөзі елік ауыз болып кетіпті* (Жамб., Шу).

Еңбекке чашу — еңбекке бөлу. *Еңбекке астық, ақча чашқалы жатыр* (Жамб., Шу).

Жала қою — жала жабу. *Ол Асқарға жала қойыпты* (Қоша.).

Жан қуу — жан таласу. *Ол жан қуған кісі екен* (Шығ. Қаз., Больш.).

Жаны қыдыру — жаны шығу, жаны ышқыну. *Мен сол ісін айтқанда, Айтбайдың жаны қыдырып кеткендей болды* (Түрікм., Таш.). ...*Бағанағы ішкен асымның қайда кеткенін білмеймін, — деп Судыр Ахмет тастай қараңғы үйде жаны қыдырып жүгіріп жүр.* (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер, 210-б.).

Жаң құлақтану — естімегенсу, ести тұрып, елемеу (Шығ. Қаз., Больш.).

Жасын салу — жасын көрсету. *Менің өзімнің үй ішімдегі балаларымның жасын салып, стәрәпке бер деп бардым* (Жамб., Шу).

Жоқ тапсыру — жоқ сұрау, жоқ іздестіру (Сем.; Аб., Шұб.).

Жұмыс жасау — жұмыс істеу, қызмет ету. *Мен мұғалім болып жұмыс жасаймын* (Сем., Көкп.). ...*Жас ұрпақтарды тәрбиелеуде көрнекті жұмыс жасап келеді* (Орал, Чап.).

Жұмысты апат қылу — жұмысты бітіру, аяқтау. *Біз ол жұмысты апат қылдық* (Шығ. Қаз., Больш.).

Жүрегі шығу — жүрегі ұшу. *Таудан шыға келген аттыларды көріп, жүрегі шығып, кейін қаша жөнеліпті* (Алм., Ұзын.).

Жымпитып жіберу — ұрлап қою. *Әлгі адам жымпитып жіберді-ау, егеуімді* (Монғ. қаз.).

Жыны алыспай қалу — жыны ұстау, жыны келу. *Қылышпаймен жыным алыспай қалып, тамаққа қарамай кеттім* (Түрікм., Көнеүр.).

Зәттә болу — ығыр болу. *Ол кеше әбден зәттә болды* (Шығ. Қаз., Больш.).

Зор өту — күш түсу, зорығу. *Оның ауруын доғдырлар миына зор өткен деп тауыпты ғой* (Алм., Ұзын.).

Керегін кесу — жазалау. *Керегін кесуге таяп қалды деп жүр* (Монғ. қаз.).

Көзір ойнау — карта ойнау. *О, сендер көзір ойнап жатыр екенсіңдер ғой* (Қоша.). Бұл тіркес осы мағынада Батыс диалектісінің кейбір говорларында да айтылады.

Күліп болмау — күлкісін тыя алмау. *Ол әңгімені естігенде сен күліп болмайсың* (Сем.; Аб., Шүб.).

Күн алу — демалыс (отпуск.). *Сен жұмысыңа неге бармайсың, әлде күн алғансың ба?* (Қоша.).

Күн баю — күн бату. *Мен күн байырда келдім* (Орал, Чап.).

Күндес таластыру — күндес болу, бақ таласу. *Ол екеуі өзара күндес таластырыпты* (Бұл да).

Күсіп жіберу — құйып жіберу. *Ұнды ауызға күсіп жібергені қалай* (Шығ. Қаз., Больш.).

Күшәләсін жеу — таяқ жеу, қындық көру, көресісін көру (Шығ. Қаз., Больш.).

Қабағат ауыру — қатты ауыру. *Қолым қабағат ауырып тұр.* (Сем., Аб., Шүб.).

Қайыртпақтап сұрау — қайталап сұрау. *Бални қайыртпақтап сұрап отырды* (Қоша.).

Қақтық сөйлеу — қате сөйлеу, артық сөйлеу. *Қақтық сөйлеудің қажеті жоқ* (Жамб., Шу).

Қалақ-құлақ ішу — аз ішу. *Тамақты қалақ-құлақ ішетұғын адам* (Монғ. қаз.).

Қалпы айту — өтірік айту. *Жігіттің жақсысы қалпы айтпайды* (Жамб., Шу).

Қамыры ашу — жаны ашу. *Адамның қамыры ашитын жағдайлар көп кездеседі* (Жамб., Шу).

Қаптал білу — жақсы, терең, жан-жақты білу. *Ботабай ақын қазақ тарихын, рулар тарихын қаптал білетін кісі* (Сем.; Аб., Шүб.).

Қаралтымдап қалу — қарайып қалу. *Мен көптен бері газет-журналды қарай алмай, қаралтымдап қалдым* (Қоша.).

Қасынысып жүру — тату жүру. *Біз айтыс-тартысты қойып қасынысып жүрейік* (Сем.; Аб., Шұб.).

Қиын түсу — қиын болу. *Осы іс маған қиын түсіп тұр* (Түрікм., Көнеұр.).

Құлдай жүру — жағалай, қуалай жүру. *Сен өзенді құлдай жүр* (Сем.; Аб., Шұб.).

Қылпы көрініп кетіп тұру — көрініп кетіп, көрініп кетіп тұру. *Ағаш арасынан аттар қылпы көрініп кетіп тұр* (Шығ. Қаз., Больш.).

Ләйлаға келмеу — тілге көнбеу, тіл алмау. *Ләйлаға келмейтін бір қырыс шал* (Монғ. қаз.).

Мал тоқтату — мал сатып алып, сауда жасау. *Молла Барат деген өзбек Құлжа тағы басқа чәһріге барып, мал тоқтатып сауда жасайды екен* (Жамб., Шу).

Мая иіру — мая салу. *Колхозшылар қазір мая иіріп жатыр* (Сем.; Аб., Шұб.).

Мият тұту — арқа сүйеу. *...кіші баланы мият тұтады* (Алм., Ұзын.).

Мұқыл іс болу — көну, мақұлдау. *Мен бір шалдың айтқанына мұқыл іс болдым* (Жамб., Шу).

Нәзілі түсу — назары төмен болу, еңссесі түсу. *Неге екені белгісіз, оның нәзілі түскен* (Шығ. Қаз., Больш.).

Ояға жеткізу — дегеніне жеткізу, мақсатына жеткізу. *Ит өз иесін аман сақтап, ояға жеткізіпті* (Жамб., Шу).

Пенсияға жату — пенсияға шығу. *Қали ақсақал бұрын қызмет істеуші еді, қазір пенсияға жатты* (Сем.; Аб., Шұб.).

Саңы ауу — көңілдену, көңілі ауу. *Саңым ауып, саған келіп едім* (Жамб., Шу).

Сәукілдеп жүру — бостан-босқа, еңбексіз сандалып жүру. *Мына жігіттер неге сәукілдеп жүр* (Сем., Көкп.).

Селбегі тию — жәрдемі, пайдасы тию. *Ешқандай селбегі тимеді* (Монғ. қаз.).

Сиға бару — қонаққа бару, қонақ болу. *Біз өткен демалыста жекжатымызға сиға бардық* (Алм., Ұзын.).

Симай қалу — жетпей қалу. *Олардың біреуіне таңба симай қалыпты* (Қоша.).

Суы құру — мысы құру. *Сол менің қолыма тимей суым құрды ғой* (Қоша.).

Тақа піту — мүлде біту. *Отын тақа пітті* (Сем.; Аб., Шүб.).

Тақталып тұру — әзірленіп, дайын тұру. *Қазір машина келеді, балам, тақталып тұр* (Қ.-орда, Жал.).

Таптадай ету — сапалы ету, тыңғылықты ету. *Колхозға биыл таптадай етіп, қора салып бердік* (Сем.; Аб., Шүб.).

Таспаран ғылу — тас қылу. *Есікті таспаран ғып жауып тастады* (Жамб., Шу).

Татып алмау — білмеу, сезбеу. *Бұл қыз түрікмен тілін татып алмайды* (Түрікм., Ашх.). Бұл тіркес батыс диалектісінің басқа говорларында да ұшырасады (Гур., Маң.).

Тексі білу — жақсы білу, терең білу. *Ол ел тарихын тексі біледі* (Шығ. Қаз., Больш.).

Түпсел тұру — түпкілікті, орнықты, біржола тұру (Шығ. Қаз., Больш.).

Түс қию — түс ауу. *Түс қиды ма, балам?* (Алм., Ұзын.).

Ұстағандап беру — етті қонаққа кесек түрінде беру. *Мейманға ұстағандап ет беріп қой* (Жамб., Шу).

Ұятқа шалдығу — ұятқа қалу. *Біз сен үшін ұятқа шалдықпайтын болайық* (Шығ. Қаз., Больш.).

Үлпетке бару — қонаққа бару. *Ол үлпетке барып келді* (Шымк., Арыс).

Үй жию — үй салу. *Баймұқыш құрылыстың басында үй жиіп жүр* (Сем., Көкп.).

Үйтіп қою — жеп қою, талан-таражға салу. *Басы кірсе болды, колхоз мүлкін үйтіп қояды* (Түрікм., Тедж).

Һәз болу — мәз болу, рақаттану, айызы қану. *Оқудағы балам келіп, һәз болып қалғаным* (Қарақ. қаз.).

Чыбық кесісу — уәделесу, серттесу. *Сені босатайық деп чыбық кесіседі Бірімқұлдар* (Жамб., Шу).

Чырыштай болу — көп болу, жиі болу. *Жұрт чырыштай болып отыр екен* (Жамб., Шу).

Шаба жауу — күннің қатты желдете жаууы. *Күн кеше күн бойы шаба жауды* (Шығ. Қаз., Больш.).

Шала пұшық айту — шала-шарпы, шет жағасын ғана айту (Шығ., Қаз., Больш.).

Шара көру — шара қолдану. *Мәстатына жүрген шо-*

ферларға шара көру керек емес пе (Түрікм., Красновод.). Бұл фактілерге Сартастың директор школі де, ешқандайша шара көрген жоқ («Қараб. Жұм.», 1937, 8. III.). Сөз тіркесінің бұл түрі бүкіл батыс диалектісіне тән.

Ықтияр ету — рұқсат ету. *Былыр оқуға баруға ықтияр етпеді* (Түрікм., Бекд.). *Уай, қайда барасыңдар, кім ықтияр етті, қайықты, — деп айқайлады («Жұмысшы», 1940, 22. XI.)*.

Ынтығын қағу — ынтық болу. *Ол жігіт Күмісайға ынтығын қағып жүр* (Шымк., Арыс).

Ізіне қайту — кейін қайту. *Қорықты да, ізіне қайтты* (Түрікм., Ашх.).

Ізі тіктелу — орны толу. *Егер қауыпсыздандырылса, малдың қандай қазадан болсын өлгенмен, оның ізі тіктеледі* («Соц. ауыл», № 95, 1941).

Ірге көму — орнығу, қоныстану. *Жұрт 1928 жылдан бастап Баршатасқа ірге көме бастады* (Сем.; Аб., Шұб.).

Қазақ тілінің диалектілері мен говорларында да әдеби тілдегідей сөз тіркестеріндегі байланыстың барлық түрлері кездесетіндігі көрініп отыр. Солардың ішінде біздің атамай кеткеніміз — қыса байланысқан есімді, етістікті сөз тіркестері ғана. Шынына келсек, бұл тіркестер құрылысы бастауыш пен баяндауыштардан жасалған жай сөйлемдер құрылысымен бірдей екендігін еске алып, дербес әңгіме студі мақсат тұтадық. Өйткені жергілікті тіл ерекшеліктерінде әдеби тілден айырықша боларлық жай сөйлем құрылысы байқалмайды. Демек, қазақ тілі диалектілері мен говорларында жай сөйлем мен құрмалас сөйлем синтаксисінде әдеби тілден оқшау тұрарлық өзгешелік табу қиын. Ал сөздер тіркесі синтаксисіндегі ерекшеліктердің бар түрлері қысқаша баяндалды.

Шығыс диалектісінің Аягөз говорында жай сөйлемдердің бірі — атаулы сөйлем өзгеше құрамда көрінеді. Мысалы, әдеби тілдегі атаулы сөйлемді сөйлем мүшелеріне талдауға болмаса, мына аталған говорда күрделі баяндауыш деп ұғынарлық етістік тіркестерін кездестіреміз: *1943 жылы болып тұр. Қызылтас аудан болып тұр*. Осы екі сөйлемдегі «болып тұр» тіркестері артық. Мағынасы жағынан атау сөйлемдер. Әдеби тілде бұлар «1943 жыл», «Қызылтас аудан» түрінде ғана айтылмақ.

ІІ т а р а у

ҚАЗАҚ ДИАЛЕКТИЛЕРІНДЕГІ ГРАММАТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРДІҢ ІШТЕЙ БӨЛІНУІ

ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТ

Қазақ тіліндегі жергілікті ерекшеліктерден деректер жинайтын экспедициялар ұйымдастырылып, олардың іске кірісуі, шын мәнінде, 1937 жылдан басталғаны белгілі. Сонан бері өткен 10—15 жыл ішінде тілдік ерекшеліктерден жиналған материалдарға сүйеніп, қазақ тіл білімінде диалектология саласының негізін қалаушылар — С. Аманжолов, Ж. Досқараев және А. Сауранбаев — қазақ тілі диалектілерінің іштей бөлінуі жөнінде өз топшылауларын айтты. Ең бірінші пікір несі — С. Аманжолов қазақтағы үш жүздің қалыптасуына байланысты үш диалекті пайда болды¹ деген тұжырымға келеді. Олар: 1. Оңтүстік диалектісі. Қамтитын жер көлемі — Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстары және Талдықорған мен Қызылорда облыстарының оңтүстіктегі кейбір аудандары; 2. Батыс диалектісі — Батыс Қазақстан, Гурьев, Ақтөбе облыстары мен Қызылорданың солтүстік, Қостанай облысының кейбір батыс аудандарын қамтиды; 3. Солтүстік-шығыс диалектісі — Ақмола, Павлодар, Семей, Шығыс Қазақстан, Көкшетау, Қарағанды, Солтүстік Қазақстан және Қостанай мен Талдықорған облыстарының аудандарындағы тұратын қазақтар тіліндегі жергілікті ерекшеліктер.

С. Аманжолов өзінің бұл пікірін ұсынған кездерде қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктерінен деректер жинау әлі де жан-жақты өріс ала, кемелдене қоймаған кез еді. Сондықтан да бұл пікірде бөлжау мен топшылау

¹ Аманжолов С. Об основных проблемах казахской диалектологии. — Вестник АН КазССР. Сер. филол., 1948, № 7.

жағы басым, Әсіресе, қазақ тіліндегі диалектілерді ислам діні өкілдерінің ойдан шығарған жүзге бөліну дәстүрімен байланыстыру қазақ тіл мамандарының ешқайсысынан қолдау таппады. Алайда, сол кездегі қолда бар тілдік деректердің тапшы да сығырдандығына қарамастан, қазақ тіліндегі диалектілерді үшке бөліп, әрқайсысының фонетикалық, лексикалық, грамматикалық белгілерін көрсетіп беру, бұдан былайғы зерттеу жұмыстарына көп көмегін тигізгенін баса айту лазым. Оның диалектілерді іштей бөлуі кейінгі кездердегі деректі зерттеулерден туған пікірлерден ашақ кетпейтіндігін байқауға болады.

С. Аманжоловтан кейін, сол кездегі қолда бар материалдар бойынша талдау жасай отырып, қазақ тіліндегі диалектілік ерекшеліктерді топтастыруда пікір айтушы Ж. Досқараев. Ол қазіргі қазақ тіліндегі сөйлеушілердің (говорлардың) негізгі екі тобына тоқталады: 1. Қазақстанның оңтүстік-шығысын қамтитын «ч»-мен сөйлейтін диалект (Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Алматы облыстары мен Талдықорған облысының Талдықорған, Киров, Қаратал т. б. аудандары және Қызылорданың оңтүстік-шығыс аудандары); 2. Қазақстанның солтүстік-батысын қамтитын «ш»-мен сөйлейтін диалект (Батыс Қазақстан, Гурьев, Ақтөбе, Қостанай, Қарағанды, Ақмола, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстары мен Қызылорда облысының батысындағы Қазалы, Арал т. б. сияқты аудандар). Бұдан кейін ол кейінгі, солтүстік-батыс диалектісін — батыс тобы және солтүстік-шығыс тобы деп — екіге бөледі².

Бұл таптастыру негізінен дыбыстық принципке сүйеніп, соған тән ерекшеліктердің жиі кездесетін сипатты түрлерін еске алған. Сырт қарағанда, жергілікті ерекшеліктерді екі диалектіге топтап көрсеткенімен солтүстік-батысты одан әрі екіге бөліп — батыс және солтүстік-шығыс — қарастыруы С. Аманжоловтың үш диалектіге бөлуімен сарындас. Ж. Досқараевтың пікірі де қазақ тілінен жергілікті ерекшеліктер туралы мәліметтердің толық жиналып болмаған шағында айтылғандықтан, болжам, шамалау деңгейінде көрінеді.

² Досқараев Ж. К характеристике диалектов казахского языка. — Вестник АН КазССР, 1950, № 4, с. 77—78; *Соныкі*. Некоторые вопросы диалектологии и истории казахского языка. — Вопросы языкознания, 1954, № 2, с. 83—92.

Н. Сауранбаев та қазақ тіліндегі диалектілерді фонетикалық өзгешелік негізінде топтап, мынадай диалектілер барын көрсетеді: 1. Қазақстанның солтүстігі мен батыс облыстарындағы «ш», «д» диалектілер тобы; 2. Қазақстанның оңтүстік және оңтүстік-шығыс облыстарындағы «ч», «л» диалектілер тобы³. Түсініктірек айтқанда, бірінші топ өкілдері — шал, шапан, шекпен, маңдай, таңдай, түндік қалпында айтса, екінші топ өкілдері бұл сөздерді — чал, чапан, чекпен, маңлай, таңлай, түнлік тұлғасында қолданады. Бұл көзқарас Ж. Досқараевтың жоғарыда көрсеткен пікірінен онша алшақ емес және мерзімінен бұрын айтылған топшылау деуге болады.

Қазақ тіліндегі говорларды топтастыру 1960 жылға дейін осы сияқты болжам, долбарлар төңірегінде жүргізілді. Бұдан кейінгі уақыттар — қазақ тіліндегі жергілікті ерекшеліктерді жинастырып, зерттеудегі аса бір жемісті жылдар болды. Соңғы 10—15 жылда қазақ тілі жергілікті ерекшеліктері жөнінде ондаған монографиялық еңбектер мен көптеген мақалалар жарық көрді. Қазақ тіл білімінің диалектология саласының дамуына Қазақ ССР Ғылым академиясы Президиумының қаулысы⁴ мен СССР Ғылым академиясы Тіл білімі институты Түркі тілдері секторының қортындысы⁵ зор ықпал етті. Осындай дер кезінде қолданылған шаралар негізінде ғана Қазақстан және одан тысқары республикаларда тұратын қазақтар тілінен көптеген деректер жиналып, Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл білімі институтының жергілікті тіл ерекшеліктері жөніндегі қорын молайту мүмкіндігі туды. Қазақ тіліндегі говорларды таптастырудағы, осы кездердегі бір пікір иесі — Ш. Сарыбаев. Кезінде С. Аманжолов қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктерін таптастыруда тек дыбыстық құбылыстарды ғана негіз тұтынбай, сонымен бірге лексика және грамматикалық өзгешеліктерді де есепке алған болатынды. Ш. Сарыбаев та осы қарғиданы құптайтындығын білдіре отырып, С. Аманжолов топтауына сәл өзгеріс енгізіп, қа-

³ Сауранбаев Н. Т. Диалекты в современном казахском языке. — Вопросы языкознания, 1955, № 5, с. 49.

⁴ Постановление Президиума Академии наук Казахской ССР об итогах дискуссии по некоторым спорным вопросам казахского языкознания. — Вестник АН КазССР, 1952, № 6, с. 22.

⁵ Заключение сектора тюркских языков Института языкознания АН СССР о научных трудах по казахскому языкознанию. — Вопросы языкознания, 1953, № 2, с. 120.

зақ тіліндегі говорлар тобын оңтүстік, батыс, орталық-солтүстік және шығыс говорлар тобы⁶ деп төртке бөледі. Кейінгі жылдардағы зерттеулер осы топшылаудың жобаға соғатындығын аңғартады.

Қазақ тіліндегі диалектілік ерекшеліктер көп реттерде говор қалпында сипат алатындығы шешімін тапқан мәселе. Оның айғағы — қазақ тілі жергілікті ерекшеліктеріне арналып жазылған монографиялық еңбектер.

1970 жылға дейін қазақ тіліндегі диалектілік ерекшеліктер көбіне сөйленіс шеңберінде ғана қаралып, шашыраңқы түрде көрініп келді. Қазақ диалектологтары осы олқылықты еске алып, бұдан былайғы жылдарда, кейбір сөйленістерді өзіне тән ерекшеліктері бола тұрса да, олардың басын біріктіретіндей ортақ, жалпы белгілерін еске алып, бір топқа сныстыру төңірегінде зерттеулер жүргізе бастады. Осындай бастаманың алғашқы куәгері Ж. Болатовтың «Қазақ тілі говорларының шығыс тобы және оның әдеби тілге қатысы»⁷ деген зерттеуі. Топтастыра зерттеу нәтижесінен туған екінші еңбек — Ә. Нұрмағамбетовтың «Қазақ тілі говорларының батыс тобы»⁸. Осы екі топтың әр қайсысы өзіндік белгілерімен қатар, өзара сәйкестіктері бар 5 говорды қамтиды. Тіл біліміндегі: «Жалпы ұқсастығы бар топ, бірақ іштей өзара жекелеген ерекшеліктері бар говорлар наречие құрасырады»⁹ (бұл жерде «наречие» термині «диалектпен» мағыналас екенін еске алған жөн. — Ә. Н.), немесе «Өздерінің жалпы белгілер бірлігіне байланысты бірнеше говорлар бір диалектіге біріктіріледі»¹⁰ деген сияқты қағидаларға сүйенсек, «говорлар тобы» деп отырғанымыз «диалект». «Диалект» терминінен қашқалақтау, бір кездерде, қазақ тіл мамандарына әдетке айналды да, одан бірте-бірте айығу емі есебінде «говорлар тобын» ұнатқан болатын.

⁶ Сарыбаев Ш. Ш. К вопросу о диалектном членении казахского языка. — В кн.: Вопросы диалектологии тюркских языков. Баку, 1963, вып. 3, с. 48—51.

⁷ Болатов Ж. Восточная группа говоров казахского языка и ее отношение к литературному языку. Автореф. дис. ... докт. филол. наук. Алма-Ата, 1970.

⁸ Нурмагамбетов А. Западная группа говоров казахского языка. Автореф. дис. ... докт. филол. наук. Алма-Ата, 1975.

⁹ Аванесов Р. И. Очерки русской диалектологии. М., 1949, с. 11.

¹⁰ Атлас русских народных говоров центральных областей к востоку от Москвы. М., 1957, с. 9.

Сондай-ақ, тағы да бірнеше говорлардың басын қосып, диалект қалпында көріне алатын тіл ерекшеліктері «Қазақ тілінің оңтүстік диалектісі». Аяқталуға жақып қалған бұл зерттеудің пәсі — О. Нақысбеков.

Әлі де болса терең және жап-жақты зерттеуді талап ететін объект — Қазақстанның орталық және солтүстік облыстарындағы қазақтар тіліндегі жергілікті ерекшеліктер. Олар жөнінде қазақ диалектологтарының бірлі-жарым жазған мақалалары бары рас. Әрине, ондағы мәліметтер тұтас та кең аймақтағы тұрғындар тілінің ерекшеліктерінен толық мәлімет бере алмайды. Оны зерттеу қазақ диалектологтарының кезектегі үлкен міндеті.

Сөйтіп, қазіргі таңда қазақ тілінде басы ашық, айқындалған төрт диалект бар. Олар: 1. Қазақ тілінің шығыс диалектісі. 2. Қазақ тілінің батыс диалектісі. 3. Қазақ тілінің оңтүстік диалектісі. 4. Қазақ тілінің орталық-солтүстік диалектісі.

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ШЫҒЫС ДИАЛЕКТІСІ

Көп жылдар бойы бұл өңірде тұратын қазақтар арасында болып, жергілікті ерекшеліктерден тілдік дерек жинап, зерттеу жұмысын жүргізіп, соның нәтижесінде монографиялық еңбек жазған Ж. Болатовтың көрсетуінше, қазақ тілінің шығыс диалектісі 5 говорды қамтиды:

1. Аягөз говоры немесе Ертіс өзенінің батысына, сол жағалауына орналасқан қазақтар тілі. Оның қамтитын жерлері — Семей облысының Аягөз, Абай, Шұбартау, Ақсуат, Көкпекті аудандары мен Шығыс Қазақстан облысының Зайсан ауданы;

2. Өскемен говоры немесе Ертіс өзенінің шығысына, оң жағалауына орналасқан қазақтар тілі. Өскемен сөйленісі Шығыс Қазақстан облысының Зайсан ауданынан басқа Большенарым, Марқакөл, Қатонқарағай, Күршім т. б. аудандарына жайылған;

3. Қошағаш говоры. Бұған негізінен РСФСР-дегі Таулы Алтай автономиялық облысына қарайтын Қошағаш ауданында және Усть-Қаи ауданының Тұраты және Шарғы селоларында тұратын қазақтар тілі жатады;

4. Баян-Өлгий говоры. Оған Монғол Халық республикасының Баян-Өлгий, Ховда аймақтарында тұратын

және Налайх көмір өндірісінде істейтін қазақтар тіліндегі жергілікті ерекшеліктер кіреді.

5. Синьцзян говоруы. Ж. Болатов бұған 1950 жылдардың орта шенінде Қытай Халық республикасынан Қазақстанға өткен қазақтар тіліндегі ерекшеліктерді жатқызады да, оларды қазақ тілі Синьцзян сөйленісінің өкілдері есебінде таниды¹¹.

Бұл жерде қазақ тілінің Шығыс диалектісіне жататын әр сөйленістің өзіне тән фонетикалық, лексикалық, грамматикалық ерекшеліктерін алдын ала баяндап, содан соң солардың басын біріктіретін, ортақ құбылыстарды әңгімелеген жөн.

1. Аяғөз говоруы

Қазақ тілі шығыс диалектісінің Аяғөз говоруына ғана меншікті азды-көпті грамматикалық ерекшеліктер ретінде мыналарды көрсетуге болады:

-*түкін* жұрнағы әдеби тілдегі есімшенің *-тын, -тін* қосымшаларының орнына қолданылады және үндестік заңына бағынбайды. Мысалы: *Ол өзі бір қартаймай түкін кісідей болып жүр. Өзі ешнәрсе алмай түкіндей ғой;*

-*ар, -ер, -р* жұрнақты есімше орнына *-тын, -тін* қосымшалы есімше қолданылады: *Біз шығатынның алдында келді;*

Кейде тіркес құрамында кездесетін «бол» етістігінің орнына «тұр» жұмсалады, немесе басқа бір етістік «тұр» етістігінің баламасы ретінде қолданылады. Мысалы: *Өзім... өкіл тұрсам (болсам орнына), оны-мұнысына көнем бе? Жамбыл деген қала ыстық тұрса (болғанда), осындай бола ма? Қазір ол үйде сельсоветтің конторы жатыр.*

«Тіпті» үстеуінің орнына «ізнәр» сөзі қолданылады: *Ол ізнәр үйтпейді, ізнәр бүйтпейді деп бізге Жұмаділ істің мән-жайын түсіндіріп берді.*

«Сондай-ақ», «сол сияқты» тіркестерінің орнына «соқсамақтайын» сөзі қолданылады.

«Не», «немесе» жалғаулығының қызметін «қалжа»

¹¹ Болатов Ж. Восточная группа говоров казахского языка и ее отношение к литературному языку. Автореф. дис. ... докт. филол. наук. Алма-Ата, 1970, с. 54.

сөзі атқарады: *Ол мектепке қ а л ж а бүгін, қ а л ж а ертең баруы тиіс.*

Сан есімдерге жалғанатын шығыс жалғауы түсіріліп айтылады: *Осы совхозда мың аса жылқы бар.*

Көмектес жалғауы көбіне *-ман, -бан, -нан* болып тұлғаланады: *Мен Ж ұ п а р м а н асықпай отырып сөйлестім. Ол Ақсуатқа а т п а н келді. Майра ...заттарын қ а ғ а з б а н орады. Бұл жұрнақтың -манан, -банан, -нанан болып ұзара айтылуы да жиі ұшырайды.*

Әдеби тілде атаулы сөйлемдер етістік баяндауышсыз қолданылса, ал Аягөз сөйленісінде атаулы сөйлемнің баяндауышы ретінде «болып тұр» күрделі баяндауышы жиі қолданылады: *1943 жылы б о л ы п т ұ р. Қызылтас аудан б о л ы п т ұ р.*

«Бірнеше», «әлденеше» сөздері «бірқанша», «әлдеқанша» болып айтылады: *Ол қаладан бірқанша кітап әкелді.*

«Көптігі» орнына «көптілігі», «қалайша» орнына «қалайшаң» сияқты кейбір сөздерге дыбыс не буын қосылып айтылуды да Аягөз говорына тән грамматикалық ерекшеліктерге жатқызуға болады.

2. Өскемен говоры

Ескерте кететін бір нәрсе — осы диалектіні зерттеуші — Ж. Болатов «қарай» демеулігінің «жарай» болып қолданылуын грамматикалық ерекшелікке жатқызған екен. Шын мәнісінде, бұл фонетикалық құбылыс бола тұрса да, бұл жолы, автордың ықтиярын бұзбай, қалпында көрсетілді. Сөйтіп, бұл өзгешеліктің мысалы мына түрде көрінеді: *сабаңа ж а р а й* (қарай орнына) *піс-пегің, сақалыңа ж а р а й* іскегің (мақал).

«Кейін» демеулігіне «қарата» сөзі тіркесіп отырады: *өзім ол жерден кеткеннен кейін қ а р а т а ешкімді көргем жоқ.*

Кейбір есім сөздерден *-ла, -ле* жұрнақтары арқылы етістіктер жасалады. Мысалы: *шайлату* (шай ішу орнына), *қымыздау* (қымыз ішу), *айтшылау* (айттап жүру), *моншалап* (моншаға түсіп) *келеміз.*

Болжалдық мәнді «кетуі мүмкін», «болуы мүмкін», тәрізді тіркестер «кетуі бар», «болуы бар» болып айтылады. *Кәдірбек Зұрғамбаевтың бүгін қайтып к е т у і б а р. Сараның қайтып о р а л у ы б а р.*

Әдеби тілдегі «дейін» шылауы «декті» тұлғасында айтылады: *ол әрбір жүз саулықтан алған қозының санын 150-ге декті жеткізді.*

Кейде осы диалектінің басқа сөйленістеріне де тән «шекті» шылауы «дейін»-мен қоса қолданылады: *Шүй суына шекті дейін қазақ орналасқан.*

«Біріншіден», «екіншіден» сияқты қыстырма сөздердің орнына «бірінші ойдан», «екінші ойдан» және т. б. осы іспеттес тіркестер қолданылады.

Реттік сан есім, көбіне есептік тұлғада айтылып, келесі тіркесуге тиісті «жылы» сөзіндегі тәуелдік жалғауы түсіріліп жатыс септігінің жалғауы қосылады. Бұл, әсіресе, жыл санауға тән құбылыс. Мысалы: *Елғажы мың тоғыз жүз жиырма жылда туған.* Ал басқа жағдайда тек реттік сан есім орнына есептік қолданылумен тынады. *Биыл ол сегіз класта оқиды.*

Шығыс септігінің орнына көбіне көмектес қолданылады: *Мен аттың мықтылығыменен құтылдым.*

Ілік септігі *-ның, -нің* (дыбыстық варианттарымен) қалпында айтылмай, соңғы «ң» «н»-ға айналады.

Тіліміздегі «он үш минутсыз екі», «бес минутсыз төрт» сияқты уақыт мөлшерін білдіретін сөз тіркестері «он үш минут жоқтан екі», «бес минут жоқтан төрт». Демек, *-сыз* болымсыз жұрнағын «жоқ» сөзінің шығыс септігіндегі тұлғасы ауыстырады.

«Сондықтан» жалғаулығы «сондықпенен» болып айтылады. Мысалы: *мынау жердің шөбі малға жағымды, сондықпенен малды көбінекей осында ұстаймыз.*

Сұрау мәніндегі «қайттың ба?», «алдың ба?» тәрізді тіркестер өткен шақ есімше тұлғасында көрінеді: *е, бүгін келген* (келдің бе орнына?). *Паспорт алған* (алдың ба?). *Қиналмай жеткен* (жеттің бе?).

Сөйлем ішінде келетін «дейін» етістігі «дегей» тұлғасында көрінеді: *бала дегей* (дейін) *десең, бала емес, біраз жасқа келген кісі.*

«Үнемі» сөзі «үнемге» болып дыбысталады: *бұл кісі үнемге терлейді де жүреді.*

«Көбіне» қыстырма сөзі «көбінекей», «көбінде» қалпында көп ұшырайды: *жаз кезінде біз көбінекей жұмыс басында боламыз.*

3. Қошағаш говоры

«Жөнінде», «туралы» шылауларының орнына «керегінде» сөзі қолданылады: *Менің сіздерде жұмысым бар, мен сол керегінде келдім.*

-ша, -ше жұрнақтары -дап, -деп, -лап, -леп, -тап, -теп қосымшаларымен ауысады: *Мен мұңғылдап* (монғолша) *білмеймін. Мен олармен қазақтап* (қазақша) *сөйлестім.*

Көсемше жұрнақтарының өзара ауысып, бірінің орнына бірі жұмсала береді. Мысалы, -й көсемшесі -ып, -іп, -п жұрнақты көсемшемен айтылады: *Мен алтайша сөйлеп* (сөйлей) *білмеймін. Сен қазақша оқып* (оқи) *білмейсің бе?*

Бұған керісінше мынадай құбылыстар байқалады: *Ол өлеңді айта* (айтып) *қоя берді. Фашист солдаты қолға түскенін білген соң, еңірейі* (еңірен) *қоя берді.*

«Қалды» көмекші етістігі айтылатын орындарда «қойды» сөзі қолданылады: *Олар күтпеген кезде келіп қойды. Сағат жеті болып қойды.*

«Атаулы» көмекші сөзінің орнына «турасы» сөзі жұмсалады. *Ауылда жылқы турасы қалмайды.*

«Ішінде», «арасында» сөздерін «басында» сөзі алмастырады: *екі сағаттың басында талай әңгіме айтылды. Екі-үш жылдың басында ол орта мектепті бітіріп алды.*

«Білуің керек», «жүруің керек» сияқты сөз тіркестері «білесің керек», «жүресің керек» болып айтылады: *сенің мұны білесің керек. Сенің осында жүресің керек.*

Тіліміздегі «бере» көсемшесінің орнына «бола» жиі көрінеді: *ол орыстап айтып бола алмайды. Ол түсінгенін жеткізіп айтып бола алмайды.*

«Жоқ болса да», «болмаса да» тіркестерінің қызметін «жоғынан-ақ», «болмағанынан-ақ» сияқты тұлғалар атқарады: *ендігі жылы Кенжалы жоғынан-ақ Тошантыға бара бересіз. Ол жерге көлік болмағанынан-ақ, жету қиын емес.*

4. Баян-Өлгий говоры

-лау, -леу (дыбыстық варианттарымен) тұлғалы сын есім жұрнақтарының орнына кейда -сымал қосымшасы

жалғанады: барансымал (барандау орнына), көкшілсымал (көкшілдеу).

«Жана» жалғаулығының орнына «әмбесінде» сөзі қолданылады: *Ауылда адам жоқ, балам шөпке бара алмайды, ә м б е с і н д е қ о й ж а я т ы н а д а м ж о қ.*

Әдеби тілдегі «түгіл» шылауының баламасы ретінде «түғұр» сөзі жұмсалады: *С е н т ү ғ ұ р м а ғ а н д а б е р м е д і.*

Қалау райын жасайтын «оқығым келеді», «барғым келеді» сияқты тіркестер «ой» сөзінің қосылуы арқылы күрделене түседі. Мысалы: *М е н і ң о қ ы ғ ы о й ы м б а р. С е н і ң о қ ы ғ ы о й ы ң б а р.* Мұндағы тағы бір ерекшелік — «келеді» көмекші етістігі орнына «бар» модаль сөзі жүріп тұр.

«Сонан соң», «онан соң» сияқты шылаулы тіркестер «соно соң», «оно соң» қалпында айтылады.

Шығыс септігіндегі өткен шақ есімше (-ғаннан, -геннен іспеттес) «соң» шылауымен тіркескенде шығыс септігіндегі есімше қысқара түседі (-ғана, -гене болып): *Б і р б е р г е н е с о ң, а л а р ж о қ. Б а р ғ а н а с о ң,* көп кешікпейді.

«Тиіс», «керек» модаль сөздері орнына «тығыз» сөздері қолданылады: *Б ұ л о л қ ы л ы қ т а р д ы а л д а ғ ы с е м и н а р л а р д а қ а й т а л а м а у т ы ғ ы з.*

«Үшін» демеулігінің «үшінгі» тұлғасында жұмсалуы да осы сөйленіске тән құбылыс.

5. Синьцзян говоруы

Бұл сөйленіске, қазақ тілінің шығыс диалектісін зерттеуші Ж. Болатовтың, 1950 жылдардың орта кезінде Қытай Халық республикасынан Қазақстанға өткен қазақтар тілінің ерекшеліктерін жатқызатындығы жоғарыда көрсетілді. Демек, зерттеуші Шығыс Түркістандағы тұрғын қазақтар ортасында болмағандықтан тілдік деректерді толық жинай алмағандығы аңғарылады. Сондықтан да болар тілдік ерекшеліктер арасынан фонетика мен грамматикаға байланысты құбылыстарды өте сирек кездестіреміз. Ал лексикада қытай тілінен енген сөздер ұшырасып отырады. Автор еңбегінің қолжазбасы мен авторефератына¹² сүйене отырып, мына ерекшелік-

¹² *Болатов Ж.* Қазақ тілі говорларының шығыс тобы және оның әдеби тілге қатысы: Қолжазба. Алматы, 1970, 1-т., 392—400, 401—450, 450—458-б.; *Соныкі.* Восточная группа говоров казахского языка и ее отношение к литературному языку. Автореф. дис. ... докт. филол. наук Алма-Ата, 1970, с. 54—68.

терді осы аталған говорға меншікті деп айтуға болады.

Көсемше жұрнағы арқылы жасалатын ежелгі өткен шақтың бірінші жағына жалғанатын қосымша тіпті өзгеше тұлғада көрінеді. Мысалы «мен барыппын» орнына «мен барыптым» немесе «мен келіппін» — «мен келіптім» болып айтылады.

Қайталама қос сөздің бірінші сыңарына *-ма, -бе* тұлғалы қосымшалар жалғанады: *тезбе-тез* (тез-тез орнына), *дереуме-дереу* (дереу).

Басқа грамматикалық ерекшеліктер шығыс диалектісінің өзге говорларымен ортақтас болып келеді.

ШЫҒЫС ДИАЛЕКТІСІНІҢ ЕКІ-ҮШ ГОВОРЫНА ОРТАҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Бір диалект қамтитын әлде неше сөйленістердегі тілдік құбылыстардың бір-бірімен сәйкес, ұқсас келіп жатуы заңды нәрсе. Алайда, мұндай құбылыстар сол диалектіге енетін барлық сөйленістерге ортақ бола бермей, екі кейде үшеуін шарптитын реттері де кездеседі. Мұндай жағдайды әңгіме болып отырған диалектіден де кездестіруге болады.

Қошағаш және Өскемен говорларында күрделі етістіктің алғашқы сыңарындағы тұйық рай жұрнағы *-у* орнына есімшенің *-тын, -тін* қосымшалары айтылады: *Уәде берген соң б а р а т ы н* (бару орнына) *керек. Оған арасында жүре тұ р а т ы н* (тұру) *керек.*

Осы екі сөйленісте тұйық рай жұрнағы (*-у*) және көсемшенің *-а, -е, -й* жұрнақтары орнына есімшенің *-ар, -ер* кейде *-ған* (варианттарымен) қосымшалары қолданылады. Мысалы: *Айтылған нәрселерді ұғар* (ұғу) *жоқ. Мен қол қо я р* (қоя) *білмеймін. Имаштар кір жу ғ а н ғ а* (жууға орнына) *кетті.*

Аталған сөйленістерде кейбір септік жалғауларының үндестік заңына бағынбайтындығы байқалады: *Сен хатты өз қ о л ы ң б е н е н* (қолыңменен) *жаз. Ү ш і н д е* (үшіне) *таман келемін. Еш қ а й ғ а* (қайда) *бармайды. О л кі сі н е н сұрағанымда...*

Әдеби тілде *-лық, -лік* (дыбыстық варианттарымен) жұрнақтары жалғанатын сөздерге *-шы, -ші* қосымшалары жұмсалады: *С е м е й ш і л е р д і ң* (Семейліктердің орнына) *тілінде ерекшелік бар ма? А р а с а н ш ы* (Арасандық) *адам.*

Аягөз, Өскемен, Қошағаш говорларына ортақ мынадай грамматикалық ерекшеліктерді көрсетуге болады. Құрамында «е» көмекші етістігі бар сұрау мәнді күрделі баяндауыш тұлғалық жағынан біршама өзгешелікке ұшырайды. Әдеби тілде: «көрген жоқ па едің? «алған жоқ па едің?» немесе «көрдің ғой», «алдың ғой» сияқты тіркестер «көрдің емес пе?», «алдың емес пе?» қалпында көрінеді.

«Бер» көмекші етістігі арқылы жасалған күрделі етістіктерде, бұл сөз (бер) түсіріліп, оның орнына «бар» көмекші етістігі айтылады: *ол жүре барсын* (берсін).

Аягөз және Өскемен говорларында болжалдық сан есімдермен де байланысты ерекшеліктер кездеседі. Әдеби тілдегі жас мөлшерін білдіретін «слудің үстінде», «қырықтың үстінде» іспеттес тіркестер «елу қаншада», «қырық қаншада» болып айтылады. Мысалы: *Зәмзәмнің әкесі қырық қаншада. Ол қазір егде тартқан, елу нешеге келген кісі.*

Аягөз, Өскемен, Қошағаш говорларында *-мыз, -міз* тұлғалы жіктік жалғау *-мыс, -міс* болып өзгеріп қолданылады. *Біз бұл кітапты алғанымыс жоқ. Біз ертең үйде боламыс.*

Өскемен, Қошағаш, Баян-Өлгий говорларында көсемшенің *-ғалы//гелі, -қалы//келі* жұрнақтары дыбыстық өзгерістерге ұшырай отырып, *-ғайы//гейі, -қайы//кейі* қалпында айтылады: *барғайы* (барғалы орнына), *жүргейі* (жүргелі), *айтқайы* (айтқалы), *кеткейі* (кеткелі). Мысалы: *Жөнмен бітім берсеңіз. Табысқайы келгенмін. Жөнмен бітім бермесең, Шабисқайы келгенмін.*

ШЫҒЫС ДИАЛЕКТІСІНДЕГІ ГОВОРЛАРДЫҢ БӘРІНЕ ОРТАҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Қазақ тілінің Шығыс диалектіндегі говорларға ортақ морфологиялық, дәлірек айтқанда, фонеморфологиялық ерекшеліктен айырықша назар аударарлық құбылыс-қосымшаларда «л» дыбысының орнына үнемі «д»ның қолданылуы деуге болады. Осының салдарынан әдеби тіліміздегі көптік жалғауының *-лар, -лер* дыбыстық варианттары қолданылмайды десе де болады. Сөйтіп, *-лар, -лер, -дар, -дер* көптік жалғауларының соңғы *-дар, -дер* тұлғалары ғана қосылады: атадар (аталар орнына), үйдер (үйлер), ағадар (ағалар), інідер (інілер),

бауырдар (бауырлар), недер (нелер), одар (олар), қойчыдар (қойшылар) т. б.

Сондай-ақ бұл құбылыс «л» қосымшасымен басталатын есім және етістік тудыратын жұрнақтарға да жайылып, «д» дыбысымен айтылады. *-лық, -лік* жұрнақтары түбірге тек *-дық, -дік* формасында жалғанады: қордық (қорлық орнына), зордық (зорлық), ауырдық (ауырлық), туырдық (туырлық), батырдық (батырлық), пәлен дердік (пәлен дерлік) т. б. көптеген сөздерді қамтиды.

Етістіктің *-ла, -ле* жұрнақтары да тек *-да, -де* тұлғасында ғана жалғанады: өрде (өрле орнына), терде (терле), сөйде (сөйле), мөлшерде (мөлшерле), айғайда (айғайла), үйдену (үйлену), жасауды (жасаулы), ойда (ойла), тойда (тойла) және басқа сөздер.

Күрделі етістік құрамында келген *-ып, -іп, -п* жұрнақты көсемшенің соңғы дыбысы (п) түсіп қалып айтылады: *Олар таңертең кеті қалды. Асан үйге келі қалды.*

«Әрі» шылауының орнына «әмбі» немесе «әмбесінде» сөздері қолданылады: *Мен ә м б і оқыдым, ә м б і жаздым.*

«Шейін» шылауы «шекейін», «шекті», «шегім», «шекім» тұлғаларында жиі ұшырайды: *Біз Ақталға ш е к е й і н жаяу бардық. Біз істің мәніне соған ш е г і м түсінбеппіз. Оның бес жасар баласына ш е к т і тәртіпті екен. Тоғызға ш е к і м келмес пе екен.*

«Қарай» жалғаулығының орнына «қарата» қолданылады: *Мен үйге келгеннен кейін қ а р а т а, шаршамайтын болдым.*

Әдеби тілдегі «түгіл», «тұрмақ» шылауларының баламасы ретінде «тұрғай», «тұрғой» сөздері жұмсалады: *Байтал тұ р ғ о й бас қайғының өзі болды.*

Етістіктің II жақ сыпайы түрі *-сыңыз, -сіңіз* қосымшалары арқылы беріледі: *Сіз кісінің айтуымен б а р м а й с ы ң ы з ғ о й.*

«Сонан соң», «онан соң» сияқты шылаулық тіркестер «сосон», «осон» болып қысқарып айтылады. *Көп сұрады, с о с о н бере салдым. О с о н мен баратын болдым.*

Қазақ тілінің басқа диалектілеріндегідей, бір септік жалғауы орнына екіншісі қолданылу сияқты ерекшеліктер де шығыс диалектінде жиі кездеседі. Мысалы, жатыс орнына барыс, барыс орнына шығыс, табыс орнына барыс және т. б. *Ол көп ж е р г е* (жерде орнына) *жүр-*

ген кісі. Маған домбыраға (домбыраны) үйреткен сол кісі. Біз ол үйге сағат жетіде (жетіге) таман бардық.

Кейде барыс жалғауы орынсыз қолданылады: Ердің құны, нардың бұлы дегендей, бітімге (бітім) жасап жатады.

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ БАТЫС ДИАЛЕКТИСІ

Қазақ тілі батыс диалектісі өзіндік ерекшеліктері мен сипатына қарай, іштей бес сөйленіске бөлінеді.

1. Орталық говор. Қамтитын территориясы Гурьев, Орал облысы түгел, Ақтөбе облысының Шалқар, Ырғыздан басқа аудандары, Қостанай облысының Жетіғара ауданы мен РСФСР-дегі Орынбор облысының қазақ аудандары. Бұл сөйленістің бір бөлегі ретінде, қосалқы сөйленіс болып саналатын объект — Еділ бойындағы қазақтардың тіліндегі ерекшеліктер. Бұлар — РСФСР-дің Қалмақ АССР, Астрахан, Волгоград, Саратов облыстарын мекендеген қазақтар¹³.

2. Маңғыстау говоруы — Маңғышлақ облысы территориясына жайылған.

3. Арал-Сыр говоруы — Ақтөбе облысының Шалқар, Ырғыз аудандары мен Қызылорда облысының Арал, Қазалы, Қармақшы, Жалағаш, Терезөзек аудандарындағы қазақтар тіліне тән.

4. Қарақалпақ АССР-індегі қазақ тілі говоруы.

5. Түрікмен ССР-індегі қазақ тілі говоруы.

1. Орталық говор

Негізінен Батыс диалектісінің бұл говорын тірек говор десе де болады. Осы диалектідегі қалған төрт говордың, шын мәнісінде, Орталық говор — ұйтқысы, арқауы ретінде қаралған жөн. Өйткені бүкіл Батыс диалектісіне ортақ ерекшеліктердің көбін сөз болып отырған говордан табуға болады.

Күрделі етістіктің дербес мәнді сыңары *-а, -е* тұлғалы көсемшеге аяқталып, көмекші етістік жедел өткен шақ жұрнағын қабылдайды. Мысалы: «*Той да аяқта-ла келді*» (аяқталып келеді орнына). Сөйленістегі

¹³ Тасымов А. Языковые особенности казахов Поволжья. Автореф. дис. ... канд. филол. наук. Алма-Ата, 1975, с. 1.

мұндай күрделі етістіктің соңғы, көмекші сыңары «кел» етістігіне аяқталады.

Орталық сөйленістің тек өзіне тән екінші бір грамматикалық ерекшелік *-майынша, -мейінше* жұрнақтары арқылы жасалған жалаң үстеулердің қолданылуынан туады. *Бұл бала ауылға бармайынша, әлі осында жүр.* Осы сөйлем әдеби тілде «бұл бала ауылға бармай, әлі осында жүр» болып құралған болар еді, Демек, *-ынша* қосымшасы артық.

-арға, -ерге қосымшаларының жиі қолданылуы да ерекшелікке жол береді: *Сол жерді көргенде, қорыққаныңнан не қыларға* (не қыларыңды орнына) *білмейсің.*

-у тұлғалы қимыл есімдері барыс септігінің жалғауын (*-ға, -ге*) қабылдау арқылы да ерекшелік пайда болады. *Оны ақылмен тоқтатуға* (тоқтату) *керек. Қазір мал басына кетуге* (кеткелі) *отырмын.* Соңғы сөйлемде көсемше жұрнағы орнына жүріп тұр.

Әдеби тілде ауыспалы келер жақтың үшінші жағында сұраулық демеуліктер *-а, -е* аффиксті көсемшелермен тіркесе, бұл сөйленісте көсемше жұрнақтарынан кейін *-ды* қосымшасы қосарланады да, сонан кейін «ма», «ме» сұраулық демеуліктері тіркеседі. *Кемерші жағынан мал келеді* (келе) *ме екен?*

«Жарымы», «жартысы» сөздері «жары» түрінде айтылады: *Осы қойдың жары қошқар.*

-ушылық, -ушілік сияқты жұрнақтарымен айтылатын кейбір етістік сөздер *-тындық, -тіндік* іспеттес күрделі қосымшалармен ұшырасады: *Бос жүретіндікті* (жүрушілікті) *қою керек.*

Орталық сөйленіске септік жалғауларының ауысып келуінің мына түрлері тән. Атау септігі барыс септігінде көрінеді: *Мен жұмыс жасағалы отыз жылға* (жыл орнына) *болды.*

Атау септігі орнына шығыс жұмсалады: *Үйде не бәрі екі-ақ сағаттан* (сағат) *болдым.*

Көмектес септігі үнемі жатыс септігі арқылы беріледі. *Арам шөппен бойлай күресуде* (күресумен орнына) *келеміз.*

Тағы басқа да септіктердің өзара ауысулары кездеседі.

Еділ бойы қазақтары тіліндегі ерекшеліктер

Мұны, жоғарыда, Батыс диалектісінің орталық говорына жататын қосалқы говор ретінде қарауға болатындығы айтылады. Шын мәнісінде, Еділ бойындағы қазақтар тіліндегі ерекшеліктердің басым көбі Орталық говорда жиі айтылады.

Дегенмен өзіне тән дерлік тілдік құбылыстар, шағын болса да, кездесіп отыратындығын көрсеткен жөн.

-ып, -іп, -п тұлғалы көсемше арқылы жасалатын ежелгі өткен шақтың көрінісінде ерекшелік бар. -ып+-ты орнына -ып+-тыр күрделі қосымшасы қолданылады. Және ол үндестік заңына бағынбайды: *1815 жылы өліп-тыр* (өліпті орнына) *ғой Жәңгір хан. Ол бала Оралдан оқыптыр* (оқыпты):

-ып+-тыр қосымшасын -улы, -улі жұрнақтарының баламасы деуге болады.

Қалау райы I жақ көпше түрінің өтініш, тілек қалпына ауысуы, әдетте, -шы, -ші шылаулары арқылы жүзеге асатыны белгілі. Еділ бойы қазақтары тілінде бұл жағдай өзгеше көрінеді. -ық, -ік қосымшасы мен -шы, -ші демеулік шылаулары арасына «шай», «шей» тұлғалары қыстырылып айтылады. Мысалы, *барайықшайшы, келейікшейші*. Көрсетілген сөздер әдеби тілде «барайықшы», «келейікші» қалпында айтылған болар еді.

2. Маңғыстау говоры

-мақ, -мек жұрнақтары етістіктен есім сөздер жасауға көмектеседі: ашымақ (ашы айран немесе ашы құрт), отырмақ (сауық кеші), айырмақ (айырмашылық). Мысалы: *Жігіттер мен қыздар отырмаққа кетті. Шөл-десең ашымақ жұта ғой.*

-тын, -тін жұрнақты есімше анықтауыш қызметін атқарғанда барыс септігінде қолданылады: *Осы үйде жұмсайтынға бала жоқ.*

«Барады білем», «жасайды білем» сияқты сөз тіркестеріндегі алғашқы сыңары келер шақ есімше тұлғасында көрінеді. *Мынаның бұл келісі жаман екен, сірә, анаған бірдеме жасар* (жасайды орнына) *білем.*

3. Арал-Сыр говору

-у жұрнағы етістік түбіріне тура жалғанбайтын екі жағдай байқалады: бірінші, -у жұрнағы алдына -ыр қосымшасы қыстырылады: бықыру (бықу орнына), жатыру (жату); екінші, -у жұрнағынан бұрын -а қосымшасы келеді: оқауға (оқу орнына), тартауға (тартуға), қосау (қосу), дағдарау (дағдару).

Түбірден кейінгі -ған//-ген, -қан//-кен есімше жұрнақтарына «керек» модаль сөзі тіркесу арқылы да ерекшелік пайда болады: алған керек (алса керек орнына), келген керек (келсе керек). Мысалы, *ол үйіне келген* (келсе) *керек*.

Әдеби тілдегі «бері» септеулік шылауымен тіркеске түсетін шығыс септігіндегі -қан//-ған жұрнақты есімшенің орнына көсемшенің -ғалы//-гелі қосымшалары айтылады. Мысалы, *осында келгелі бері қол тимеді*.

-шы жұрнағы мынадай сөздерді туғызады; қазбашы — укол салушы дәрігер; атушы — кен қазушы; шыбықшы — жер өлшеуші; жидашы — салық жинаушы; жаяушы — жаяу адам.

Күрделі сан есімдер арасына ынғайлас мәнді «да»//«де», «та»//«те» жалғаулықтары килігеді: *етке тапсырылған қой төрт жүз де қырық бес*.

Көмектес септігі жалғауы орнына барыс септігі қолданылады: *Мен осыдан барысына* (барысымен орнына), *шай ішіп, жылқыға барам*.

Табыс септігі орнына шығыс септік жалғауы жиі естіледі: *Әнеугі кітаптан* (кітапты орнына) *оқып бітірдің бе?*

4. Қарақалпақ АССР-індегі қазақ тілі говору

Қазақ әдеби тілінде бұрынғы өткен шақ мағынасын беретін -ып, -іп, -п тұлғалы көсемшелердің жіктелген түрі бұл сөйленісте нақ осы шақ мәнінде қолданылады: *Не істерімді білмей... отырыптын* (отырмын орнына).

-ғайлы жұрнағы — әдеби тілдегі етістікке тән-у жұрнағы мен «керек», «тиіс» модаль сөздерінің тіркесіп келіп, предикаттанғанда беретін мағына орнына жүреді. Мысалы: *Енді картаны алмағайлы, әйтпесе ұтыласыңыз*.

Бұйырық рай *-қыл, -кіл* жұрнақтары арқылы жасалады: *Сен осыны оған айт қыл* (айт орнына).

Жіктік жалғауының бірінші жақтағы (жекеше) толық түрі *-ман//-мен, -пан//-пен* қосымшаларымен аяқталады: *бараман* (барамын орнына), *жатырман* (жатырмын), *барыппан* (барыппын) т. б.

Бұл говорда көптік жалғау варианттарының тек *-лар, -лер* тұлғалары айтылады: *ауыллар* (ауылдар орнына), *жүзімлер* (жүзімдер), *атлар* (аттар), *дослар* (достар).

-лар, -лер көптік жалғаулары тек зат есімге жалғанып қана қоймай, етістіктің жедел өткен шағына қосылады: *кеттілер* (кетті орнына), *бардылар* (барды орнына).

-пай//-пайлы жұрнақтары арқылы жаңа мағыналы сөздер жасалады: *тоспай*—балық аулайтын құрал; *өліп-пай* — өлі ауруы; *шанышпайлы* — шаншу және т. б.

Көмектес септігі *-мынан, -пынан* тұлғаларында қолданылады. *Мен ұлы м м ы н а н, қызы м м ы н а н се-руенге шығып қайтыппын.*

5. Түрікмен ССР-індегі қазақ тілі говоры

Түрікменстандағы қазақтар тілінде грамматикалық ерекшеліктер сөз табының қайсысында болмасын байқалады.

-малы//-мелі, -палы//-пелі жұрнақтары мына сияқты мағыналарды береді: бұл тұлғалы баяндауыш *-у* қосымшалы етістік пен «керек», «тиіс» модаль сөздерінің тіркесіп, предикаттанғанда беретін мағына орнына жұмсалады. Мысалы, *ол сол ауданнан товар а л м а л ы* (алу керек орнына);

Кейде бұл тұлғалы етістік әдеби тілдегі мақсатты келер шақ орнына жұмсалады: *Мен киноға б а р м а л ы* (бармақшы) *едім.*

-ып, -іп, -п қосымшалары «баста», «біл» сияқты ауыспалы көмекші етістіктерге жалғанғанда, *-а, -е, -й* қосымшалары беретін мағынаға ие болады: *ел ең алдымен Сырға көшіп* (көше орнына) *б а с т а д ы. 5-клас-ты оқысаң да, кітапты дұрыстап о қ ы п* (оқи) *білмейсің екен.*

-ымтыл, -імтіл жұрнақтары әдеби тілдегі сын есім шырайларын жасайтын *-ғылтым* жұрнағының орнына жүреді. Мысалы: *тона с а р ғ ы м т ы л* (сарғылтым ор-

нына) көрінгендер түйе болмасын. Көзің алды көгім-тіл (көгілтім) ғой.

Әдеби тілде мал туралы әңгіме болса, есептік саннап соң «бас», ал басқа жансыз заттар есебінен кейін «дана» сөздері тіркесе, бұл сөйленісте олардың орнына «түйір», «саны» сөздері жиі айтылады: *Құндыз, екі сан қасық әкелің!*

Есептік сандардан кейін келетін «жуық», «тарта», сөздерінің орнына «қолай» сөзі қолданылады: *Шағадам-да* (Красноводскінің бұрынғы аты) *70 мыңға қолай* (жуық орнына) *халық тұрады.*

Матаса байланысқан сөз тіркестерінің құрамындағы ілік және тәуелдік жалғаулары түсіріліп, сырт қарағанда, қабыса байланысқан сөз тіркестеріне сәйкес келетін жағдай да бар. Мысалы: *мына жердегі Тельманко-хозға барып едім.*

БАТЫС ДИАЛЕКТИСІНІҢ ЕКІ-ҮШ ГОВОРЫНА ОРТАҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

-лы, -лі қосымшалары Маңғыстау, Қарақалпақ АССР-ы мен Түрікмен ССР-ындағы говорларда көсемшенің -а -е жұрнақтарынан соң жалғанып әдеби тілдегі бірінші жақтың көпше түріндегі қалау, бұйырық мағынасын беретін -йық, -йік қосымшаларының орнына жүреді: *Ертең тағы сөйлеселі* (сөйлесейік орнына). *Оған жақсылап айталы* (айтайық).

-ң, -ың, -ің қосымшалары негізгі не туынды етістіктерге жалғана отырып, осы үш сөйленісте әдеби тілдегі бұйырық райдың II жағының жекешесін білдіретін қосымшасыз түрінің, сондай-ақ анайы көпше түрінің жұрнағы -ыңдар, -іңдер немесе сол жақтағы сыпайы көптік мәнді қосымша -ңыз және оның дыбыстық варианттарының қызметін атқарады. Мысалы: *Орындарыңнан тұрың* (тұрындар орнына), *балалар! Өзің барып көрің* (көр).—*Оқуға жіберің* (жіберіңіз) — *деп районға арза беріп едім.*

Орталық және Арал-Сыр говорларына ортақ мынадай грамматикалық ерекшеліктер бар:

Сөйлемдегі күрделі етістік баяндауышының соңғы сыңары модаль сөз «шығар», алғашқысы -тын жұрнақты есімше болып келгенде, әдетте, жіктік жалғауы соңғы, модаль, сөзге жалғанса, аталған сөйленістерде

алғашқы сыңардағы *-тын* есімше жұрнағы түсіріледі де, түбірден кейінгі көсемше жұрнағына (*-а, -е, -й*) жіктік жалғауының қысқарған түрі (I жақ болса) *-м* қосақта-лып, модаль сөз «шығар» қосымшасыз қалады. *10-ауылға ертең жүрем шығар* («жүретін шығармын» орнына).

Әдеби тіліміздегі құрмалас сөйлемнің алғашқысының баяндауышы *-ған* жұрнақты есімшеден кейін «соң» шылауы немесе оның дыбыстық өзгеріске ұшырап, *-сын* жұрнағына айналған түрімен келетін болса, бұл екі сөйленісте, көрсетілген шылау сөз немесе жұрнақтан кейін «жерде» сөзі міндетті түрде тіркесіп келеді: *Елге келгесін жерде, сіздердің қонақтықтарың бізге де ортақ қой*.

Орталық, Арал-Сыр говорларында: *Жастар бойлай қолдап жұмыс жасап келеді*. Осы сөйлемдегі «қолдап» сөзі бұл өңірде өте жиі қолданылады да әдеби тілдегі «қолмен» сөзінің орнына өте жиі айтылатындығын көреміз.

Түрікмен ССР-ындағы және Орталық говорларында *-дайма* күрделі жұрнағы өзіндік ерекшелік тудырады: *Біздің бұл жігіт қандай ма қиыныңды да төңкеріп тастайды. Мұндай ма олқылыққа ұшырамауға мүмкіндік бар еді*. Сұрау, сілтеу есімдіктерінен пайда болған бұл үстеулер (мысалдарда көрінген), көбіне әдеби тілдегі «қандай», «мұндай» т. б. үстеулердің, кейде сөйлем мағынасына қарай «соншама», «мұншама» іспеттес үстеулердің де орнына жұмсалады.

Арал-Сыр және Түрікменстандағы қазақ говорларында «кейбіреуі» сияқты белгісіздік есімдігі орнына «кімі», «кімісі» тәрізді сөздер қолданылады. *Кімісі шай ішіп, кімісі жай отыр*.

Түрікмен және қарақалпақ тілдерінің әсерінен жергілікті қазақтар тілінде араб, иран тілінің *на||нә* префикстер арқылы пайда болған *нәтура* (тура емес орнына), *нәдұрыс* (дұрыс емес), *нәқолай* (қолайсыз) және т. б. сөздерді де осы сөйленістерге тән деп қарау керек.

бей||би префикстері арқылы пайда болған ерекшеліктер соңғы аталған сөйленістермен бірге Арал-Сыр сөйленісін де қамтиды. *бейәден* (әдепсіз орнына), *бижауаплық* (жауапсыздық), *беймұра* (мұрасыз), *бихат* (есепсіз) т. б. сөздер.

Орталық және Арал-Сыр говорларында көмектес

септік орнына барыс жалғауы қолданыла береді: *...бұндай іске* (іспен) *қатты күресу керек*.

Түрікменстандағы қазақ тілі говоры мен Орталық, Арал-Сыр говорларына тән «е» көмекші етістігімен байланысты мынадай ерекшелік түрі кездеседі: *Онда мен ұтам екен* (ұтады екенмін). *Кім не айтса, соған жетектеген тайлақтай ере бересің екен* (ере бересі екенсің орнына). Мұндағы ерекшелік мәні мынада—әдеби тілдегідей, жіктік жалғауды «е» көмекші етістігі қабылдамайды, керісінше, ол міндетті ауыспалы келер шактың *-ды* жұрнағынан айырылған негізгі етістіктер аткарады.

Орталық, Маңғыстау, Қарақалпақстандағы говорларда «түгел», «тегіс», «орасан», «толық» сияқты бейне үстеулеріне үнемі *-дай, -дей* (дыбыстық варианттарымен) қосымшалары жалғанады: *Жұрт жиналысқа толықтай* (толық орнына) *келді. Адам күші тұтастай* (тұтас) *қамтылмады. Мал орасандай* (орасан) *көбейді*.

Орталық, Арал-Сыр, Түрікменстандағы говорларда жатыс септігінің орнына шығыс септік жалғауы қолданылады. *Біреуі МТС-тан, біреуі колхоздан істеді. Тұқым үшін орындар бірінші ағустан салынып бітсін*.

Орталық, Арал-Сыр, Маңғыстау говорларында табыс септігі орнына барыс қолдануы жиі ұшырайды: *Айтұға* (айтуды орнына) *білетін жігіт. Біреуге* (біреуді) *жазым етер*.

БАТЫС ДИАЛЕКТИСІНДЕГІ ГОВОРЛАРДЫҢ БӘРІНЕ ОРТАҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

-улы, -улі тұлғалы етістік, батыс диалектісіндегі говорларда, әдеби тілдегі өткен шак көсемше тұлғалары *-ған, -ген* және үнемді көсемше (*-п, -ып, -іп*) мен тиісті жіктік жалғауы арқылы жасалатын ашық райдың ежелгі өткен шағы орнына жұмсалады. Мысалы: *Менің кім екенімді білулі. Ол кезде мен де қалада болулымын. Бірақ доктор оған ауруың жоқ деулі*.

-ажақ, -ежақ қосымшалы етістік әдеби тілде мақсатты келер шак жасауға қатысатын *-мақ// -мек* және оның дыбыстық варианттарының орнына жүреді: *Біз кешкісін ауданға бар ажақпыз. Үш қой қорасы жаңадан салына жақ. Бізге көп ақша тие жақ*.

-сыңыз, -сіңіз қосымшалары есімше, көсемше, етіс тұлғаларының соңынан келіп, әдеби тілдегі екінші жақтың сыпайы түрін білдіретін -сыз, -сіз жалғауларының қызметін атқарады: *Жолдан алыс емес еді, бұрыла кетуге е р і н г е н с і ң і з*. — *Немене құрбым, а м а н с ы ң ы з ба?* — *деді*.

-сыңыз, -сіңіз жалғауы есім сөздерге де жалғана береді. Мысалы: *Өзіңіз қ а з а қ с ы ң ы з ба?*

-ын// -ін// -н және -ыл// -іл// -л сияқты әдеби тілде өзіндік етіс пен ырықсыз етіс жұрнақтарының қолданылуы да бұл диалектіде бірқатар ерекшеліктер тудырады. Мысалы: *Қырдан соңғы 30—35 жылдықта к е л і н д і к*. *Сайлау... октябрьдің 10-на дейін ө т і л і п болуға тиіс*. Бұл сөйлемдердегі етістік тұлғалар әдеби тілде «келдік», «өтіп» түрінде көріну керек.

-ын// -ін жұрнақтары етістіктерге ғана артық қосылып қоймай, кейбір есім сөздерге де жиі жалғанады: *Ж а й ы н* (жай орынына) *отырған адам*. *Қ а н д а й ы н* (қандай) *болмасын істің түйінін кадр шешетіндігін білеміз*. Бұлардан басқа да «күндей», «сондай», «тіпті», «тағы» іспеттес сөздер -ін, -ын жұрнағын қосып алып «күндейін», «сондайын», «тіптің», «тағын» болып дыбысталады.

-ай, -ей аффикстері сын есімнен етістік жасайтын -ла -ле қосымшаларының орнын алмастырады: жеңілею (жеңілдеу орнына), ауыраю (ауырлау), қалыңаю (қалыңдау), тынышаю (тынышталу), т. б. Мысалы: *Күбір салған соң егістік жер қ а л ы ң а й а д ы ғ ой*. *Көптеген жұмыстар Төленнің қолы тигенде нандай иленіп ж е ң і л е й і п кете береді*.

Жіктеу есімдіктері (I және II жақ көпше түрі) ілік септік жалғауын қабылдағанда әдеби тілдегідей «біздің», «сіздің» тұлғаларында емес, «бізің», «сізің» болып айтылады. Мысалы: *бізің бала, сізің бала, шекті бала, епті бала (мақал)*. *Бұл ...сізің міндетіңіз. Бізің Шыңғырлау аудан болғанына 14 жыл толып отыр*.

-лық, -лік және оның дыбыстық түрлері, әдеби тілде оларсыз да, мағынасы түсінікті сөздерге артық жалғанады. Мысалы: *Біреуі ж а с т ы ғ ы н д а* (жасында) *қайтты*. *Кеше басқарма қ о н а қ т ы қ т а* (қонақта орнына) *болыпты*. *Бізің жақта қ ы р л ы қ* (қыр) *көп*.

Бұл жұрнақ енді бір сөздерге жалғанғанда әдеби тілдегі мағынасы сөз тіркестерімен немесе басқа бір

жұрнақтармен анықталатын сөздің орнына жұмсалады: *Менде саттық* (сататын) *кітап бар. Алдоңғар жолдас оған күлістік етті* (күлді). *Қысқылықта да, жазғылықта да* (қыста да, жазда да) *мал сойылмай тұрмайды*.

-шылық, -шілік қосымшалары әдеби тілдегі -лық, -лік (дыбыстық түрлерімен) жұрнақтарының орнына қолданылып — *батыршылық* (батырлық орнына), *тентекшілік* (тентектік), *ақыншылық* (ақындық), *баяушылық* (баяулық), *зұлымшылық* (зұлымдық) және басқа көптеген сөздерге қосылып, батыс диалектісіндегі ерекшеліктердің бірін тудырады. Мысалы: *Бұқал тершіліктен мұғалімшілікті жақсы көрдім. Міне баяушылық. Жұмыс уақытында ішімшілікке салынады*.

«Зорға», «тез», «рас», «шынында» сияқты үстеу сөздер *-нан, -нен* (дыбыстық түрлерімен) қосымшаларымен айтылады. Мысалы: *Олай демедім, өтіріктен* (өтірік орнына) *айтна. Аулалар салуды тезінен* (тез) *аяқтау керек*.

-ық, -ік қосымшалары да ерекшелік жасайды: *азық* (азу орнына), *өсік* (өскен), *шашық* (шашыраңқы) т. б.

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ОҢТҮСТІК ДИАЛЕКТИСІ

Қазақстанның оңтүстігі мен Ташкент төңірегі, Тәжік ССР-інде тұратын қазақтар тілінен деректер жинап, зерттеу жүргізу нәтижесінде кітап шығарған О. Нақысбековтың байқауынша, қазақ тілінің оңтүстік диалектісі алты говордан тұрады:

1) Жетісу говоры. Оның қамтитыны — Алматы, Талдықорған облыстарының аудандарында тұратын қазақтар тілі;

2) Шу говоры. Бұл, негізінен, Жамбыл облысындағы қазақтар тілін қамтиды;

3) Шымкент говоры. Шымкент облысын мекендегем қазақтар тілі;

4) Қызылорда говоры. Осы облыстың күншығысынан Түркістан қаласына дейінгі Сыр бойын тұрақ еткен қазақтар тіліндегі жергілікті ерекшеліктер;

5) Ташкент говоры. Өзбек ССР-інің оңтүстігіндегі Ташкент, Бұхара облыстарында тұратын қазақтар тілі;

6) Тәжік говоры. Бұған Тәжік ССР-індегі қазақтар тілі жатады.

1. Жетісу говоры

Қазақ тілі оңтүстік диалектісінің Жетісу говорына тән грамматикалық ерекшелік — қалау, тілек мағынасын білдіретін *-лы* қосымшасының қолданылуымен ғана байланысты. Мысалы: *Жүр баралы, оны тауып алып жолықтырмасақ болмас. Барсақ баралы! — дедім.*

2. Шу говоры

Шу говорына меншікті грамматикалық ерекшеліктерге мыналарды жатқызуға болады.

Ашық райдың ауыспалы келер шағының үшінші жағындағы *-ды* қосымшасының ықшамдалып, *барат, келет* қалпында қолданылуы жиі. Мысалы: *Чыпан чал екі баласын мергендікпен асырап жүрет.*

Ол, сол, бұл есімдіктеріне көптік жалғауының *-дар* дыбыстық варианты қосылып айтылады: *одар, сөдар* т. б.

Есім және етістік тұлғаларына *-дүр* қосымшасының жалғануы да Шу говорына тән грамматикалық ерекшеліктердің бірі. Мысалы: *Бұл жақсы ат боладүр. Анау жүрген түйедүр.*

3. Шымкент говоры

Оңтүстік диалектісінің Шымкент говорына ғана меншікті грамматикалық ерекшеліктер ретінде мыналарды көрсете аламыз.

Мен, сен есімдіктері барыс септікте *маға, саға* болып ықшамдалып айтылады. Мысалы: *Ол қалтасындағы чақасын маға берді.*

Екінші жақ жіктік жалғауы *-сың, -сің* тұлғасында айтылмай *-сын, -сін* қалпында қолданылады: *Сен барасын.*

Бей префиксі мен *-хана* қосымшасы көбірек қолданылады: *беймалал* — жайбарақат, *бәйәбір* — абиырсыз, *бейауыз* — бейпіл, *құшхана* — мал соятын жер т. б.

Өткен шақтың ауыспалы түрі *басатынтұғын* (басатын), *бартұғын* (бар болатын) формаларында айтылады.

Бұйырық райдың *-қыл, -ғыл, -кіл, -гіл* қосымшаларының қолданылуы жиі кездеседі. Мысалы, *айтпағыл*

(айтпа орнына), *байлап қойғыл* (байлап қой), *шақырғыл* (шақыр).

Әдеби тілдегі «болады да», «келеді де» тұлғаларының орнына *болаттағыны*, *келеттағыны* түрлері жиі ұшырайды.

Осы шақтың нақтылы түрі *барайатырыппыз* (бара жатырмыз орнына), *келейатырыппыз* (келе жатырмыз) түрінде қолданылады.

4. Қызылорда говоры

Бұл говорда бұйырық райдың екінші жақ жекеше түрінде *-сай*, *-сей* қосымшалары да қолданыла береді: *барсай* (барсаңшы, бар орнына), *жүрсей* (жүрсеңші, жүр).

Есімшенің *-қан*, *-ған*, *-тын*, *-тін* тұлғаларының орнына *-р*, *-ар*, *-ер* жұрнақтары жиірек айтылады. Мысалы: *уәйімдей б а с т а р еді*.

«Жатыр» етістігі есімшенің *-ған* қосымшасын қабылдап, «жатырған» калпында қолданылады.

Қызылорда говорында жіктік жалғауының екінші жағы *-сыңыз*, *сіңіз* (*барасыңыз*) қосымшалары арқылы жасалады, сондай-ақ, *-жақ* формасы да кездеседі (*бережақ* — бермек орнына).

Біз, *сіз* есімдігінің I, II жақ сыпайы түріне ілік септігі қосылғанда *бізің*, *сізің* болып ықшамдалып айтылады.

Соңғы көрсетілген ерекшелік түрлері (*жатырған*, *барасыңыз*, *бережақ*, *бізің*) қазақ тілінің батыс диалектісіндегі говорларда да кездесетінін ескерте кетпекпіз.

Қалау райының келер шағын жасауда *-қай*, *-ғай* қосымшасы қолданылады: *барғай*, *айтқай*, *келгей* т. б.

5. Ташкент говоры

Әдеби тілімізде қолданылатын көптік жалғау варианттары «а», «е» дыбысымен емес, өзбек тілі әсерінен туған «ә» арқылы қолданылады: Мысалы: *мәктәптәр* (мектептер), *мәмләкәттәр* (мемлекеттер) т. б.

Тағы бір ерекшелік — иран-тәжік тілдеріндегі жеке етістіктердің бұл жердегі тұрғындар тілінде жеке қолданылмай, жұрнаққа айналуы. Мысалы: *-бын*, *-бін* (*тамашабін* — жағымпаз, *палбын* — бал ашушы), *-баз* (*қартабаз* — қарташы, *ішкілікбаз* — ішкіш).

Әдеби тілімізде де кездесіп отыратын *-кеш, -қор, -паз* сияқты жұрнақтар бұл говорда жиірек қолданылып, өздеріне тән жаңа сөздер тудырады: *әзілкеш, пәскеш* — ұсақ мағынасында; *тегінқор* — паразит, *қанқор* — қан ішкіш; *кәуәппаз* — шашылық жасаушы, *мәнтпаз* — мәнтгі жасаушы. Сондай-ақ, *-дар, -тар, -хан//қан* жұрнақтары арқылы да сөз жасалады: *айыптар* — айыпты, *шару-дар* — шаруа, *тұлдар* — бай; *кітапқан* — оқырман, *гәзіт-хан* — газет оқушы т. б.

Бұл говордың өзіндік ерекшеліктерінің бірі — иран-тәжік тілдерінің жұрнақтары жиі қолданылады: *-ана, -ене* (*маяна* — еңбек ақы, *айыбана* — айып ақы); *-анда, -енде* (*пезенде* — шебер аспазшы, *гәзенде* — бұзық, *күшанда* — құрт-құмырысқа өлтіруші; *-дан* (*білімдан* — білімді); *-мен, -ман* (*кәсәлман* — аурулы); *-зар* (*алмазар* — алма бақ, *гүлзар* — гүл өсетін жер) т. б.

Иран-тәжік префиксі арқылы да сөз жасалу жиі: сер: *сермазмұн* — мазмұнды, *серсақол* — сақалды; пеш: *пешқадам* — алдыңғы қатарлы; бәді: *бәдбәшәрә* — сұрықсыз, *бәджәһіл* — ашуланшақ; ным, нім: *нымжан* — әлсіз, *німірең* — реңсіз (сүп-сүр).

Әдеби тілдегі *-ғыз, -гіз, -қыз, -ғыз* сияқты өзгелік етіс жұрнақтары фонетикалық өзгеріске ұшырап, *-ғаз, -гез, -қаз, -кез* тұлғаларында қолданылады. Мысалы: *тұрғазу* — тұрғызу орнына, *көргезу* — көргізу, *өткезу* — өткізу.

Келер шақ есімше тудыратын *-мақ* жұрнағына *-та* қосымшасы жалғанып қолданылады: *Біз Ташкентте о қ ы м а қ т а м ы з. Заман жақсы б о л м а қ т а.* Бұл да, әрине, өзбек тілінің әсері.

6. Тәжік говору

Мұнда ерекше көзге түсетін грамматикалық ерекшелік есебінде *-ң, -ың, -ің* формалы етістік тұлғасының жиі қолданылуын ғана атауға болады. Бұл қосымша етістікке жалғанғанда бұйрық мәнін берумен қатар тілек, қалау, сыпайылық рендерді де білдіреді. Мысалы: *барың* — бар орнына, *келің* — кел, *тұрың* — тұр. *Сендер ұйықтай берің. Сіз табыс етің.* Соңғы екі мысалда сыпайылық, қалау мағыналарды білдіріп тұр.

Бұл ерекшелік қазақ тілінің батыс диалектісіне кіретін Маңғыстау, Қарақалпақ АССР-і мен Түрікмен ССР-індегі қазақ говорларында да жиі кездеседі.

Оңтүстік диалектісінің екі-үш говорына ортақ ерекшеліктер

Оңтүстік диалектісінің Ташкент, Қызылорда, Шымкент, Шу говорларында әдеби тілде «келгеннен бері» сияқты тіркескен есімше орнына, көсемше тұлғалы сөзбен тіркесу басымрақ. Мысалы: *келгелі бері, оқығалы бері* (келгеннен бері, оқығаннан бері орнына).

Осы диалектінің Шымкент, Қызылорда, Шу говорларына ортақ саналатын грамматикалық ерекшелік — «тұғын» қосымшасының жұмсалуды. Мысалы: *Жабағым қазір мінуге келетұғын болды. Олардың баратұғын түрі бар.*

Шымкент, Шу говорларында әдеби тілімізде жатыс септік жалғауын қабылдап қолданылатын «уақыт» сөзі «уақтылы» деп *-лы* қосымшасымен айтылады. Мысалы: *Балалардың кірі уақтылы жуылып, таза киімдерін уақтылы ауыстырып тұрады* («Социалистік еңбек», 1941, 25 июнь).

Шымкент, Шу, Жетісу говорларында жатыс септікте қолданылатын сөздердің барыс септікте айтылуы жиі ұшырасады. Мысалы: *Бригадир күніге* (күнде орнына) *жұмыс басында болады.*

Шымкент, Шу говорларында, сондай-ақ Жетісу говоры қамтитын Алматы облысының Жамбыл ауданында жалғаулық шылау «мен» мен көмектес септік жалғауы *-мен* (толық және қысқарған дыбыстық варианттарымен) дыбыстық өзгерістерге ұшырап, *-бан (-пан, -ман, -банан, -бынан, -манан, -мынан, -панан, -пынан* тұлғаларында айтылады. Мысалы: *Ілгеріде... қос атпан, түйеман жер жыртатынбыз. Түйе үлкен болғанымынан чөпті аз жейді. Сыртын қайыспынан қаптан. Ұлман қыз; малман бас,* т. б.

Ташкент, Шымкент, Шу говорларында өздік етіс формасында қолданылуға тиісті сөздер ырықсыз етіс тұлғасында көрінеді. Мысалы: *Фабрик-завод құрылынып жатыр. Бетінен қаны тамылған.* Сондай-ақ осы төңіректерде өткен шақ есімше қалпында қолданылуға тиісті «туған» сөзі «туылды» тұлғасына дейін өзгертіліп айтылады. Мысалы: *Ол менен бұрын туылды.*

Оңтүстік диалектісіндегі говорлардың бәріне ортақ ерекшеліктер

Бұл диалектінің барлық говорларында бұйрық рай формасының *-қын, -ғын, -кін, -гін* қосымшаларымен айтылуы жиі кұбылыс. Мысалы: *Ата-аналарды разы қыл келгін. Балаларды сұрастырып бір-бірімен таныстырғын.*

Тәуелдік жалғауының үшінші жағына *-сы, -сі* қосымшасы қабаттаса айтылады: *бәрісі* (бәрі орнына), *көбісі* (көбі), *уақытысы* (уақыты), *ақырысы* (ақыры).

Ертең, таңертең, кешке сияқты мезгіл үстеулері етістік сөздермен тіркескенде *-гі, -кі* қосымшаларымен айтылады. Мысалы: *Ол кешкісін келді.*

Шығыс септікте қолданылатын кейбір сөздердің барыс септігінде айтылуы да осы диалект говорларына ортақ. Мысалы: *Ол мұғалімге оқыды.*

Әдеби тілімізде «ауданға қарайтын», «қалаға қарайтын» деген тіркестердегі «қарайтын» сөзінің орнына «қарасты» сөзі жиі қолданылады. Мысалы: *Бұл совхоз осы ауданға қарасты. Біз тұрған аудан бұрын Қазақстанға қарасты.*

Қазақ тілінің орталық-солтүстік диалектісінің грамматикалық ерекшеліктері

Бүгінгі күнге дейін, дәлірек айтқанда, 1979—1980 жылдар қарсаңында қазақ тілі жергілікті ерекшеліктерінен тыңғылықты әрі түгелдей дерлік деректер жиналған аймақтар деп — республиканың батыс, оңтүстік, шығыс облыстары және солармен көршілес, қанаттас туысқан республикалардағы қазақтар орналасқан аудандарды атауға болады. Аталған өңірлерден жиналған дәйекті деректердің нәтижесі, қазіргі таңда, қазақ тілінің үш диалектісінің бар екендігін анықтап, бетін ашып берді. Бұл диалектілердің бұлтартпас айғағы — фонетикалық, лексикалық, грамматикалық ерекшеліктер өте ықшам түрде (бәрін тізіп беру мүмкін емес) жоғарыда, бұдан бұрынғы жолдарда жазылды.

Алайда, қазақ тілі мамандары, әсіресе, диалектологтарының төртінші диалект болуға тиісті деп жорамалдап жүрген республикамыздың орталық және солтүстік облыстарында және олармен іргелес басқа республика-

ларда тұратын қазақтар тіліндегі ерекшеліктерден жиналған деректер, өкінішке орай, орасан олқы, тым тапшы, жоқтың қасы. Көрсетілген аймақтарда тұратын қазақтар тілінің ерекшеліктері жөнінде бір монографиялық зерттеу мен 7—8 мақаланың бар екендігі рас. Бірақ бұл сияқты шағын деректер арқылы осынша ұланғайыр өлкені мекендеген қазақтар тіліндегі ерекшеліктерді анықтап, сипатын тани қою өте қиын. Алдағы уақытта бұл өңірден тілдік ерекшеліктер жөнінде деректерді түгел және молынан жинау — қазақ тілі үшін ділгер дүние, ал қазақ диалектологтары үшін игілікті іс.

Дегенмен, әзірге там-тұм, тапшы деректерден қысқаша мәлімет ұсынған жөн.

Қазақстанның солтүстік облыстарының бірі — Қостанайдың Обаған, Торғай аудандарында тұратын қазақтар тіліндегі ерекшеліктер жөнінде дерек жинап, мәлімет беруші Ж. Досқараев болды. Бұл солтүстік, орталық облыстардан жиналған материалдарға сүйеніп жазылған тұңғыш мақала еді. Ж. Досқараев мақала соңындағы қорытындыда — бұл аудандарда халықтың тіл өзгешеліктері аса елеулі емес, кейбір тіл өзгешеліктері оңтүстіктен гөрі өзінің солтүстік-шығысындағы халықтың тіліне жақын, оңтүстіктегі халық тіліндегі «ч», «дж», «п» (*ш, ж, б*, — дыбыстарының орнына) дыбыстары және *-ғын*, (*барғын*), *-ман*, *-мынан* (соңымынан), «барсай», «барғым бар» тәрізді сөз тұлғалары т. б. Обаған, Затабол, Торғай, Аманкелді аудандарындағы халықтың тілінде байқалмайтындығын, кейбір тіл өзгешеліктері батысқа жақын (*о—ү, ш—ж* дыбыс сәйкестіктері сияқты) екендігін айтады¹⁴.

Ж. Досқараевтың бұл пікірлерінен туатын түсінік — бұл өңірдегі қазақтар тілінде (әдеби тілмен салыстырғанда) фонетикалық не грамматикалық ерекшеліктерде елеулі ауытқушылық жоқтың қасы. Ал лексикалық ерекшеліктерден мысал ретінде, 22—23 сөз берілген. Ол сөздердің кейбіреулерін сәл кейінірек көрсетеміз.

Осы өңір қазақтарының тілін толығырақ зерттеп, монография жазған — А. Байжолов. Оның мәлімет жинап, зерттеу жүргізген жерлері — Қостанай облысының То-

¹⁴ Досқараев Ж., Мұсабаев Ф. Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері. Алматы, 1951, 101—102-б.

был, Ұзынкөл, Қостанай және Пресногорьков аудандары. Автордың сөзі бойынша, салыстыру үшін Торғай, Аманкелді аудандарынан жиналған деректер де еске алынған. Шын мәніне келгенде, оның ой-пікірі де Ж. Досқарасевтың айтқан пікірлерімен үйлесім жатады.

«Зерттеліп отырған говордағы жергілікті ерекшеліктердің басым көпшілігі лексика мен фонетикаға қатысты да, ал грамматикалық ерекшеліктер бұлармен салыстырғанда аз көрінеді», дей келіп, одан әрі «Жергілікті тілде диалектілік жүйе, шамамен алғанда, өте әлсіз әрі қалыптасқан тілімізден ерекшеленерлік ауытқулар байқалмайды»¹⁵.

Автордың осы келтірген сөздерін еске алсақ, оның зерттеуіне сын көзбен қарау қажеттігі байқалады. Мұны автор еңбегінен келтірген бірер мысалдар арқылы да анықтау қиынға түспейді (жазып отырған дүние — сын мақаласы емес, сондықтан да екі-үш мысал жеткілікті).

Әдеби тілдегі «е» дыбысының орнына «а» қолданылады дей келіп, мысал сөздердің біріне: ауалану (әуейілену орнына) келтірілген (орысша: наслаждаться, упиваться)¹⁶. Шамасы, автор әдеби тілде «ауаланудың» да, «әуейіленудің» де бар екендігін және әр қайсысының меншікті мағыналарының барлығын аңғармай, дыбыс сәйкестігінен туған сөздер деп ұғынған сияқты. Әр сөздің мағынасы түсіндірме сөздікте айқын көрінеді¹⁷. Кейде автор орфография мен орфоэпия арасындағы сәйкессіздіктен туған сөз дыбысталуын да жергілікті ерекшелік есебінде қабылдаған. Мысалы: жәрәйді (жарайды орнына), ләуәзім (лауазым) және т. б.¹⁸. А. Байжоловтың енді бір мақаласында ж~д дыбыс сәйкестігіне, қазіргі кезде диалектологтар арасында жергілікті тіл ерекшеліктері деуге күмән тудырып жүрген, *жүз — дүз, жүзу — дүзу, жүзік — дүзік* сөздері мысал ретінде алынған.

Қостанай облысының Федоровка, Семнозер аудандарында тұратын қазақтар тіліндегі ерекшеліктерден дерек жинап, мақала жазушының бірі — С. Қызылбаев. Ма-

¹⁵ Байжолов А. Языковые особенности казахов Кустанайской обл. Автореф. дис. . . канд. филол. наук. Алма-Ата, 1964, с. 22, 24.

¹⁶ Сонда, 5-б.

¹⁷ Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы, 1974, 1-т., 455, 646-б.

¹⁸ Байжолов А. Аталған еңбек, 5-б.

қаласының бір жерінде: «Тұрғындардың тіліндегі жергілікті ерекшеліктерді фонетика, лексика, грамматика салаларына байланысты төмендегіше топтап беруге болады»¹⁹,—дейді де, фонетика мен лексикалық ерекшеліктерге тоқталады, ал грамматикалық ерекшеліктен бір де дерек келтірілмеген. Мұның өзі грамматикалық ерекшеліктің кездеспегендігін аңғартады. Фонетикалық ерекшеліктерден берілген мысалдар: ж~д сәйкестіктері (дүз — жүз, дүзу — жүзу) мен ж—й (бара йатыр, келе йатыр). Кейде, *баратыр, келатыр* сияқты мысалдар келтіріліп, «ж» дыбысының түсірілуін де ерекшелікке қосады. Шын мәнісінде, бұларды сөйлеу тілінде қалыптасқан құбылыстар деп қарау لازم. Бұлардан басқа 2—3 сөз көлемінде л~д (бір-бірдеп, бірді-жарым, бір жода) сәйкестіктері келтірілген. Ал лексикалық ерекшеліктер жағы баршылық. Олардың көбі жоғарыда келтірілген Торғай, Тобыл, Обаған аудандарындағы лексикалық ерекшеліктермен сәйкес келетіндіктен, арнайы жолдар берілмеді.

Қарағанды облысының кейбір аудандарынан жиналған азын-аулақ деректерге сүйене жазылған мақалалардың бірі Ж. Досқараевқа меншікті болса, екіншісі О. Нақысбековке тиісті. Ж. Досқараев Ұлытау ауданы тұрғындарының тілі туралы жаза келіп, мұндағы сөйлеу тілінің ерекшеліктері әр түрлі, олардың көпшілігі лексикалық құбылыстарға жататындығына тоқталып, одан әрі «Ұлытау қазақтарының тілі оңтүстіктегі халық тілінің әсеріне ұшыраса да, өзінің солтүстік-шығысындағы жерлес, көршілес халықтың сөйлеу тілімен тікелей байланысты»²⁰,—дейді. Мұндағы фонетикалық ерекшеліктерде Қостанай облысындағы кейбір аудандарда кездесетін д~ж (дүз — жүз), ж~й (о йақ, бұ йақ) ш~ж (мұржа — мұрша)²¹ сияқты екі-үш сөз көлемінде ұшырасатын дыбыс сәйкестіктерімен байланысты. Ал грамматикадан айтарлықтай ерекшелік тапшы. Тек қана

¹⁹ Қызылбаев С. Қостанай облысы Федоровка, Семнозер ауданында тұратын қазақтардың тіліндегі ерекшеліктер туралы. — Жиһақ: Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері. Алматы, 1963, 5-шығы, 258—271-б.

²⁰ Досқараев Ж. Ұлытау, Жезқазған экспедиция отрядының жұмысы туралы. — Жиһақ: Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері. Алматы, 1960, 3-шығы, 162, 168-б.

²¹ Сонда, 163—165-б.

-тын жұрнағы «тұғын», «шейін» сөзі «шекейін»²² болып айтылатындығы ескертілген.

О. Нақысбеков мақаласына Қарағанды облысындағы Шет ауданында тұратын қазақтар тілінен жиналған деректерді арқау еткен. Оның мақаласынан мынадай жолдарды оқуға болады: «Жергілікті тұрғындар тілінде ұшырайтын ерекшеліктердің дені лексика саласында. Ал фонетикалық, грамматикалық ерекшеліктер жоқтың қасында. Бірлі-жарым жеке сөздерде кездесетін дыбыстық өзгешеліктер ғана болмаса, жүйелі түрде кездесетін фонетикалық құбылыстар байқалмайды»²³. Шынында да, автор мақалада дыбыстық өзгешеліктермен байланысты екі-үш мысал береді де, грамматикалық құбылыстар жөнінде бұдан әрі сөз қозғамайды.

Ең соңында, орталық және солтүстік облыстары ішінен қазақ тілі жергілікті ерекшеліктерінен деректер жинауда объект болған аймақ — Көкшетау облысының кейбір аудандары. Дәлірек айтқанда, Көкшетау облысының Қызылту, Щучинск, Еңбекшілдер аудандарындағы қазақтар тіліндегі ерекшеліктер. Алғашқы ауданнан жиналған деректер негізінде мақала жазған О. Нақысбеков, соңғы екі аудандағы тілдік ерекшеліктер жөнінде мақала жариялаушы — Ш. Сарыбаев.

О. Нақысбеков Қызылту ауданы тұрғындарының тілдік ерекшеліктерінің ішінде дені — лексикалық ерекшеліктер, біраз фонетикалық ерекшеліктер де бар дей келіп, соңғы өзгешеліктерден мына іспеттес мысалдар келтіреді. Орыс тілінен енген кейбір сөздердің соңындағы «а» дыбысы кейде түсіріліп айтылады: машин (машина), карт (карта); «ұ» дыбысы кей сөздерде «о» болып айтылады: шорайлы (шұрайлы орнына); кей сөздерде қ, ғ, г дауыссыздары сақталады; кигіз (киіз орнына); суғару (суару), шылғи (шыли) және екі-үш сөз. Бұлардан басқа бірлі-екілі сөздерде с ~ ш, ш ~ с сәйкестіктері келтірілген.

Осы көрсетілгендердің ішінде орталық-солтүстік облыстардағы қазақтар тіліне тән фонетикалық ерекшеліктер деп қ, ғ, г дыбыстарының сақталуын ғана айтуға болады. Ал басқа құбылыстар бірлі-жарым сөздер көле-

²² Сонда, 165-б.

²³ Нақысбеков О. Көкшетау экспедициясының материалдарынан. — Жинақ: Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері. Алматы, 1960, 2-шығуы, 92-б.

мінде Қазақстанның қай түкпірінде де ұшырасады және сондықтан да оларды автордың өзі де жүйелі тіл ерекшелігіне жататын құбылыс есебіне қоса бермейді.

Автор грамматикалық ерекшеліктердің қатарына екі-үш қосымшаны қосады. Олардың ішінде мынапы ғана атауға болады: «Кейбір етістіктің бұйырық райында «кір» жұрнағы қосылып айтылады. Сабыр еткір — сабыр ет; *«Кішкене сен сабыр еткір, қазір мен жазып берейін»*²⁴. Осыдан басқа, автор келтірген, бір-скі тұлғаны грамматикалық ерекшелік деп қарау қиын.

Осы облыстың Щучинск, Еңбекшілдер ауданынан тілдік мәлімет жинаған Ш. Сарыбаев өзінің мақаласында мынадай пікірге келеді (автор сөзін толығырақ беру жөн көрінеді): «Жергілікті халық тілінде, негізінде, лексикалық ерекшеліктер көп кездеседі. Ал, фонетикалық, грамматикалық ерекшеліктер жоқтың қасы. Бұл жағынан алып қарағанда, говордың фонетикалық, грамматикалық нормалары әдеби тілдегі нормаға жақын. Жергілікті халық тілінде азын-аулақ фонетикалық ерекшеліктер кездеседі. Бірақ олар жүйелі түрде кездесіп отырмайды. Кейде әдеби тілдегі сөздердің құрамындағы дыбыстар басқа ұқсас дыбыстармен алмасып отырады... Мысалы, келемеш (келемеж), іждене (ештеңе) нәжік (нәзік)...

Бірақ бұл мысалдарда көрсетілген алмасулар жергілікті халық тілінде дәйекті системалы түрде кездесетін құбылыс деген ұғым тұмау керек. Олар бес-алты сөздің шеңберіндегі ғана құбылыс»²⁵. Демек, әзірге, бұл облыс аудандарындағы тұрғындар тілінде даралап көрсетерлік фонетикалық, грамматикалық ерекшеліктер жоққа тән. Көкшетау облысының кейбір аудандық газеттерінің тіліне шолу жүргізу нәтижесінде туған Ғ. Қалиевтің мақаласын да еске салған орынды. Алайда, бұл мақалада да ауыз тұшырлық фонетикалық не грамматикалық ерекшеліктер жөнді кездеспейді. Тіпті грамматикалық ерекшеліктер жайлы сөз де болмайды.

Қазіргі кезде республикамызда 19 облыс болса, соның сегізі (Жезқазған, Көкшетау, Қарағанды, Қоста-

²⁴ Сонда, 92-б.

²⁵ Сарыбаев Ш. Көкшетау облысы, Щучинск, Еңбекшілдер аудандарында тұратын қазақтардың тіліндегі кейбір лексикалық ерекшеліктер. — Жинақ: Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері. Алматы, 1960, 3-шығыуы, 55-б.

най, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Торғай, Целиноград облыстары) Қазақстанның орталығы мен солтүстігінде орналасқан. Көлемі жағынан республика территориясының үштен бірінен артығын — 999,6 мың км² жерді — қамтиды да, аталған облыстардың 89 ауданында 1 031 634 қазақтар тұрады. Міне осынша мол өңірден жиналған тілдік ерекшеліктердің бары жоғарыда жазылған жолдарға сыйып тұр. Демек, бар болғаны, 4 облыстың 13 ауданындағы тіл өзгешеліктерінен деректер жиналған және оның өзі де шала-шарпы, там-тұмдап жүргізілген. Бұлай деудің себебі — диалектологиялық экспедиция әр облыс аудандарына бір рет қана шығып, мәлімет жинаумен жұмысын аяқтап отырған.

Қазақстанның шығысындағы облыстарда тұратын қазақтардың тіл ерекшеліктерін зерттегенде олармен көршілес туысқан республика—РСФСР-дің Таулы Алтай автономиялы облысындағы, тіпті Монғолияда тұратын қазақтардың; батыс облыстарымызға іргелес жатқан РСФСР-дің Астрахан, Волгоград, Саратов облыстары мен Қалмақ АССР-і, Түрікмен ССР-і, Қарақалпақ АССР-і тұрғын қазақтарының; оңтүстік облыстарға жапсарлас Өзбек ССР-ы, Тәжік ССР-ларында мекендеген қазақтар тіліндегі ерекшеліктер еске алынып, қоса зерттеліп, тиісті талдаулар нәтижесінде өздеріне меншікті сипатқа не болды.

Ал дәл осындай қанаттас, қоян-қолтық отырған көрші — Қазақстанның орталық, солтүстік облыстарында да жоқ емес. Орталық, солтүстік облыстармен іргелес РСФСР-дің Қорған (12 581 қазақ), Новосибирск (12 184), Омбы (52 703), Тюмен (8 868), Челябинск (27 559) облыстарында 113 895²⁶ қазақ Отанымыздың туыстас басқа ұлттарымен ынтымақтасып еңбек етіп тату-тәтті өмір сүруде. Әрине, Қазақстанның орталығы мен солтүстігіндегі және оған жақын орналасқан басқа туыстас республика облыстарында тұратын қазақтар тіліндегі жергілікті ерекшеліктерді толық, жете жинап алмай тұрып, тиісті ғылыми талдау, зерттеулер жасамайынша, ол өзгешеліктердің өзіндік қасиеті, сипаты туралы алдын ала кесіп-пішіп пікір айта салу тіл мамандары үшін, жауапсыздық болар еді.

²⁶ Халық саны туралы мына кітапты қараңыз: Итоги Всесоюзной переписи населения 1970 года. М., 1973, т. 4, с. 96—126, 223—249.

Қолдағы аз-кем деректерді желі тұтып мақала жазған — Ж. Досқараев, Ш. Сарыбаев, О. Нақысбеков сияқты диалектологтардың жоғарыда келтірілген пікірлері бойынша, бұл өлкедегі қазақтар тілінде әдеби тіл қалпынан ауытқып, алшақ тұрарлық фонетикалық, грамматикалық ерекшеліктердің жоққа тән, тапшы, ал лексика жағының барлығы байқалады.

Алайда, бұл пікірлерден орталық және солтүстік Қазақстандағы қазақ тілінде говорлар диалект боларлық жергілікті ерекшеліктер жоқ деген ой тумаса керек. Жалпы халықтық тілді жергілікті тіл ерекшеліктері құрастыратындығы бесенеден белгілі болса, орталық және солтүстік облыстардағы тұрғындар сол тұтас халықтың бір бөлігі. Демек, олардың тіліндегі ерекшеліктер де белгілі дәрежеде сөйленіс, сөйленістер тобын немесе диалект тудыруы заңды құбылыс деп қарау орынды. Толық зерттеліп болмаса да, қазақ тілінде төртінші диалект — Орталық-Солтүстік диалектісі — бар деудің өзі осы заңдылықпен байланысты. «Қазақ әдеби тіліне негіз болған тірек диалекті қайсы болмақ» сияқты даулы мәселенің шешіміне де соңғы диалектінің толық зерттелуі жауап бермек.

Қазақ тіл білімі мамандары арасында «қазақ әдеби тіліне негіз болған тірек диалекті қайсы болмақ» төңірегінде әңгіме қозғалса, соңғы кездерде екі түрлі пікір жарыса түсіп, жеңісе алмай келеді.

Олардың бірі: «Қазақ әдеби тілінің негізі — жалпы-халықтық тіл» дегенге бой ұрады да, бірақ соны тілдік деректермен дәлелдер тірек таппайды. Ондай арқа тұтар, табан тірер таяныш болуы да мүмкін емес. Қай халық болмасын, ұлы ма, кіші ме (сан жағынан), ру, тайпалардың біріккен жныны екендігі бүкіл адам баласы тарихынан айқын. Ал олардың тілі де тайпа тілдерінің қосындысы.

Екіншісі: «қазақ әдеби тіліне негіз болған тірек диалекті бар. Ол — «Орталық-солтүстік диалектісі» дегенді айтады. Бұл пікірді айтушылар негізінен ертедегі жазба, ауызша, сондай-ақ қазіргі кездегі халық арасы-

нан жиналған тілдік деректерге сүйенеді, соны арқа тұтады ²⁷.

Осы кітапты оқып, ондағыны зердесіне орналастыра отырып ойлаған жан несіне де, қай диалектіде тіл ерекшеліктері мол, қайсысында мұндай деректер аз дегенді салыстыра қарағанда да әдеби тілге ұйтқы, негіз боларлық сиятын тану қиынға түсе қоймас деген пікірдеміз.

Жоғарыда көрсеткеніміздей, бұл мәселенің шешім табар мезгілі де онша ұзаққа кетпес. Белгілі бір халықтың әдеби тіліне қай диалектінің үлесі мол, басым болды дегенді анықтау, білу, шындап келгенде, диалектологтардың, анығырақ айтқанда, тіл ерекшеліктерін зерттеуші ғалымдардың жұмысы екенін ²⁸ біліп, соны анықтан, ашып беруге міндетті екенімізді ұмытпаған лазым.

²⁷ *Нұрмағамбетов Ә.* Әдеби тілдің дамуында диалектілердің алатын орны. — Жинақ: Қазақ әдеби тілінің қалыптасу тарихы мен даму жолдары. Алматы, 1981, 86—96-б.; *Нұрмағамбетов Ә., Жанпейісов Е.* Қазақ әдеби тілінің негізі туралы. — Қазақстан мұғалімі, 1985, 18 август.

²⁸ *Убрятова Е. И.* Выступление по докладу. — В кн.: Вопросы диалектологии тюркских языков. Баку, 1958, т. 7, стр. 138.

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН СӨЗДЕР

1. Көркем әдебиет және газеттер

- «Ж. Жол» — «Жана жол», Батыс Қазақстан облысы Орда аудандық газеті, 1932, 1937.
- «Жұмысшы» — Түрікмен ССР-індегі Красноводск қаласында шығатын қазақ газеті, 1940, 1941.
- «Қараб. жұм». — «Жұмысшы» газетінің алғашқы кездегі аты, 1937 ж. («Қарабұғаз көл жұмысшысы»).
- «К-з жолы» — «Қолхоз жолы», Батыс Қазақстан облысы Талөкпе аудандық газеті, 1937, 1938, 1941.
- «К-зшылар үні» — «Қолхозшылар үні». Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе аудандық газеті, 1937, 1938, 1942.
- «Ойыл» — Ақтөбе облысы Ойыл аудандық газеті, 1969, 1970, 1971.
- Ораз. К. — К. Оразалин. Жексен.
- Рад. В. В. Образцы... — В. В. Радлов. Образцы народной литературы тюркских племен, живущих в Южной Сибири и Джунгарской степи, СПб., 1870, ч. 3.
- «Соц. ен». — «Социалды енбек», Батыс Қазақстан облысы Жаңа қала аудандық газеті, 1936, 1938.
- «Үл. кең. ау». — «Үлгілі кеңес ауылы», Орал аудандық газеті, 1930, 1931.

2. Республика, облыс, аудандар және басқа сөздер

а) республикалар

- Еділ бой. — Еділ бойындағы (Қалмақ АССР-і, Волгоград, Саратов, обл.) қазақтар тілі.
- Қарақ. қаз. — Қарақалпақ АССР-індегі қазақтар тілі.
- Монғ. қаз. — Монғол Халық Республикасындағы қазақтар тілі.
- РСФСР — Орын. — Орынбор облысы; Ад. — Адамов; Бөр. — Бөрте. Қоша. — Қошағаш (Таулы-Алтай автоном. обл.).
- Түрікм. — Түрікмен ССР-і: Ашх. — Ашхабад; Бекд. — Бекдаш; Гяу — Гяурс; Көнеүр. — Көнеүргеніш; Красновод. — Красноводск; Небид. — Небидаг; Тедж. — Теджен; Таш. — Ташауыз; Тах. — Тахта.

б) облыстар мен аудандар

- Ақт. — Ақтөбе облысы: Қараб. — Қарабұтақ; Шалқ. — Шалқар;
Бірг. — Бірғыз; Ключ. — Ключевой.
- Алм. — Алматы облысы: Жамб. — Жамбыл ауданы; Кег. — Кеген;
Шел. — Шелек; Ұзын. — Ұзынағаш.
- Батыс Қазақстан облысы: Жән. — Жәнібек; Жым. — Жымпиты;
Қазт. — Қазталөкпе; Талөк. — Талөкпе; Чап. — Чапас; Шың. —
Шыңғырлау.
- Гур. — Гурьев облысы: Ес. — Еспол; Ман. — Манғыстау; Мах. —
Жамб. — Жамбыл облысы.
- Көкш. — Көкшетау облысы; Еңб. — Еңбекшілдер; Щуч. — Щучинск.
- Қарағ. — Қарағанды облысы.
- Қ.-орда — Қызылорда облысы; Жал. — Жалағаш; Терен. — Терен-
өзек.
- Сем. — Семей облысы: Аб. — Абай; Аяг. — Аягөз; Мақ. — Мақаншы;
Шұб. — Шұбартау; Үрж. — Үржар.
- Талд. — Талдықорған облысы.
- Торғай облысы: Жанк. — Жанкелді.
- Шығ.-Қаз. — Шығыс Қазақстан облысы; Больш. — Большенарым;
Марка. — Марқакөл; Күрш. — Күршім.
- Шымк. — Шымкент облысы: Түлкі. — Түлкібас; Сар. — Сарыағаш.
- Экс. — экспедиция материалдарынан.

М А З М Ұ Н Ы

Алғы сөз	3
--------------------	---

І т а р а у

Қазақ тілі говорларындағы грамматикалық ерекшеліктердің жалпы сипаты	5
Морфология	
1. Күрделі сөздер	6
2. Қос сөздер	13
3. Сөз таптары	
Зат есім	18
Сын есім	25
Сын есім шырайлары	29
Сан есім	30
Есімдік	33
Етістік	35
Үстеу	43
Шылау	47
Одағай	51
4. Модаль сөздер	—
Синтаксис	52
1. Меңгеріле байланысқан сөз тіркестері	53
2. Матаса байланысқан сөз тіркестері	59
3. Қабыса байланысқан сөз тіркестері	61

І І т а р а у

Қазақ диалектілеріндегі грамматикалық ерекшеліктердің іштей бөлінуі	72
Жалпы мәлімет	76
Қазақ тілінің шығыс диалектісі	77
1. Аягөз говоры	78
2. Өскемен говоры	—
3. Қошағаш говоры	80
4. Баян-Өлгий говоры	81
5. Синьцзян говоры	81
Шығыс диалектісінің екі-үш говорына ортақ ерекшеліктер	82

Шығыс диалектіндегі говорлардың бәріне ортақ ерекшеліктер	83
Қазақ тілінің батыс диалектісі	—
Орталық говор	85
Еділ бойы қазақтары тіліндегі ерекшеліктер	—
Маңғыстау говору	87
Арал-Сыр говору	—
Қарақалпақ АССР-індегі қазақ тілі говоруы	88
Түрікмен ССР-індегі қазақ тілі говоруы	89
Батыс диалектісінің екі-үш говоруына ортақ ерекшеліктер	90
Батыс диалектіндегі говорлардың бәріне ортақ ерекшеліктер	92
Қазақ тілінің оңтүстік диалектісі	94
Жетісу говоруы	—
Шу говоруы	—
Шымкент говоруы	95
Қызылорда говоруы	—
Ташкент говоруы	96
Тәжік говоруы	97
Оңтүстік диалектісінің екі-үш говоруына ортақ ерекшеліктер	98
Оңтүстік диалектіндегі говорлардың бәріне ортақ ерекшеліктер	—
Қазақ тілінің орталық-солтүстік диалектісінің грамматикалық ерекшеліктері	99
Қысқартылған сөздер	108
Мазмұны	110

Абильбек Нурмагамбетов

ГРАММАТИКА КАЗАХСКИХ ГОВОРОВ
(на казахском языке)

*Утверждено к печати Ученым советом
Института языкознания Академии наук Казахской ССР*

Рецензенты: кандидаты филологических наук
Г. Калиев, Е. Жанпейсов

Редакция менгерушісі *М. А. Рашев*
Редакторы *З. Егеубаева*
Көркемдеуші редакторы *Н. Ф. Чурсин*
Техникалық редакторы *В. К. Горячкина*
Корректоры *С. Қаймолдина*

ИБ № 2315

Теруге 10.03.86 тапсырылды. Басылуға 11.06.86 қол қойылды.
УГ10073. Форматы 84×108^{1/32}. Тип. қағ. № 1.

Гарнитурасы әдебиеттік. Басылымы күрделі. Шарт. б. т. 5,9.
Шарт. бояу көлемі 5,9. Есепке алынатын баспа табак 6.
Тираж 1000. Заказ 78. Бағасы 95 т.

Издательство «Наука» Казахской ССР
480100, Алма-Ата, Пушкина, 111/113
Типография издательства «Наука» Казахской ССР
480021, Алма-Ата, Шевченко, 28

